



ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ

2014 ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

Қазақстанды біріктіріп Әлемді жалғаған





СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

Директорлар кеңесі Төрағасының алғы сөзі.....	4
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Президентінің алғы сөзі	6
Компания туралы	8
«Қазақстан темір жолы» туралы қысқаша сөз	8
Меншіктің құрылымы	12
2014 жыл қорытындылары	16
Жыл уақиғалары	20
Операциялық қызмет	24

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Жалғыз акционер	32
Директорлар кеңесі	34
Басқарма	48

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Әлеуметтік жобалар	62
Демеушілік және қайырымдылық көмек	66
Кадр саясаты	68
Еңбек және қоршаған ортаны қорғау	72
Компанияның 2015 жылғы даму келешегі	74

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Басшылықтың жауапкершілігі туралы кепілдемесі	76
Тәуелсіз аудиторлардың есебі	77
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	78
Кіріс пен шығын және өзге де жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есеп	80
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	81
Капитал өзгерісі туралы шоғырландырылған есеп	83
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер	84

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, СЕРІКТЕСТЕР, КЛИЕНТТЕР!



2014 жыл «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның ауқымды жобаларды жүзеге асырудағы, жаңа мультимодальды құзіретін дамытудағы және қызмет тиімділігін арттырудағы стратегиясының дұрыстығын растады.

Қазіргі уақытта көлік-логистикалық орталық желісі мен пайда болып жатқан және біріккен жүк ағымдары терминалдарының қалыптасуы, олардың бүкіл Қазақстан арқылы өтетін транзиттік маршруттарға қайта бағдарлануы жүріп жатыр.

Ляньюньган, Гонконг, Чунцин, Ухань, Бендер-Аббас порты, Балтық аймағындағы порттар, «Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА және Қазақстанның бірқатар көлік-логистикалық орталықтары стратегиялық тораптар болып отыр.

Басқаша айтқанда, «ҚТЖ» ҰК» АҚ бар қызметі Мемлекет басшысының «Нұрлы жол» Жолдауында белгіленген көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту, Компанияны еуропа мен азия континентіндегі тасымал жүйесінде негізгі рөл атқаратын көлік-логистикалық холдинг ретінде дамыту туралы негізгі тапсырмаларды жүзеге асыруға бағытталған.

Мемлекет басшысы жариялаған жаңа экономикалық саясаттың өзегі Инфрақұрылымдық даму жоспары болып отыр. Аталған жоспарды жүзеге асырудағы негізгі рөл көлік саласына, «ҚТЖ» ҰК» АҚ жүзеге асырып жатқан ауқымды инфрақұрылымдық жобаларға тиесілі.

Компания 2014 жылы Мемлекеттің Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының алғашқы бес жылдығын аяқтауға үлкен үлес қосты. Яғни - теміржол машина құрылысының жаңа саласы пайда болды, жоғары технологиялық тепловоздар, электровоздар, жүк және жолаушы вагондары, сілтемелік аударым, ірі вагон құймасын шығару жолға қойылды. 2014 жылы Қазақстан темір жолдарының Қазақстанның солтүстікбатыс шекарасынан Қазалы бекетіне дейін пойыздардың тұрақты жүріп-тұруының 1904 жылғы ашылуының 110 жылдығын атап өткенін де айта кету ләзім. Бүгінгі күні «Қазақстан темір жолы» жүк айналымы бойынша әлемнің ең ірі темір жолдарының ондығына кіреді және аталған көрсеткіш бойынша ТМД-да екінші орынға ие. Қазіргі уақытта «Қазақстан темір жолы» көлік-логистикалық холдингі теміржол және теңіз арқылы тасымалдарды жүзеге асырады, автокөлік

жолдарын, теңіз порттық және әуежай инфрақұрылымын, көлік-логистикалық орталықтарды басқарады.

2014 жыл нәтижелері біздің Компаниямыз мемлекетіміздің экономикасының инфрақұрылымдық дамуын қамтамасыз ететін мультимодальдық көлік-логистикалық холдинг ретінде әрі қарай дамыту негізі болатынына сенемін.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ жұмысының 2014 жылдағы толық нәтижелерімен осы ұсынылып отырған Жылдық Есептен білуге болады. Құжатта барлық қажетті сандар мен фактілер көрсетілген.

Құрметпен,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің
Төрағасы Н.Байдәулетов

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ АЛҒЫ СӨЗІ

ҚҰРМЕТТІ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП ОҚЫРМАНДАРЫ, ӘРІПТЕСТЕР, СЕРІКТЕСТЕР!



2014 жылы жағымсыз сыртқы факторлар Қазақстан экономикасының дамуына айтарлықтай ықпал етті. Қазақстан экспортының негізгі номенклатурасына деген сұраныстың азаюына себеп негізгі халықаралық нарықтарда тасымал көлемі қысқарды. Аталған көлемнің азаюына геосаяси тұрақсыздық және Қазақстан мен Қазақстан аумағы арқылы тауар ағымдарының транзитін жүзеге асыратын Орталық Азия елдерінің негізгі сауда серіктесі Ресейге қатысты санкциялық саясат та ықпал етті.

Осыған қарамастан, «ҚТЖ» ҰК» АҚ акционер мен өзге де мүдделі тараптар алдындағы барлық міндеттерін атқарып шықты.

Шығындарды оңтайландыру мен қосымша транзиттік жүк ағымы көлемін тартуға

қатысты уақытымен қабылдаған шаралар 2014 жылдың қорытындысы бойынша жоспарлық көрсеткіштен 56%-ға асып түсетін таза табысты қамтамасыз етті.

Соңғы жылдары Компания Жаңа мульти-модальды құзірет ұсыну арқылы елдің транзиттік әлеуетін дамыту бойынша қарқынды жұмыс жүргізіп келе жатыр. Қосымша контейнерлік жүк ағымын тарту және тасымалданатын номенклатураның коммерциялық құрылымын жақсарту есебінен 2014 жылы транзит тасымалдарынан түсетін табыс 2013 жыл деңгейімен салыстырғанда 14%-ға артты. Мұның нәтижесінде Компанияның тасымалдан түсетін табысының 25%-ы жалпы жүк айналымы көлемінің 13%-на ие транзиттен түсті.

Тиімділікті арттыру бағдарламасының экономикалық әсері 2014 жылы 41 млрд теңгені құрады. Эксплуатациялық жұмыс тиімділігінің артуы отынның үлесті шығының қысқартты, бұл 2014 жылы 2,3 млрд теңге көлемінде үнем жасауға мүмкіндік берді.

Негізгі қызметтік көрсеткіштер бойынша біз ТМД елдеріндегі темір жолдарының арасында үздік болып келеміз алайда алдымызға ғаламдық көшбасшы деңгейіне жету мақсатын алдымызға қойып отырмыз.

Ең үздік халықаралық тәжірибеге және алдыңғы қатарлы технологияларға бағыт ала отырып, стратегияны дәйекті түрде жүзеге асыру аясында біз бизнес трансформациясын және клиентке бағытталған әдістерді енгізу, қызмет тиімділігі мен сапасын арттыру, нарыққа сай келетін корпоративті мәдениет қалыптастыру мақсатында негізгі операциялық сегменттердегі процестерді қайта қарастыруды бастадық.

2014 жылы тасымал үдерісін, клиенттерге, инфрақұрылым нысандары мен жылжымалы құрамды ұстап тұру мен қызмет көрсету үдерістеріне сервистік қызмет көрсетуді ұйымдастыруға заманауи IT-технологияларды

енгізу бойынша жұмыс жалғасын тапты.

Біз ұзақ уақыттан бері және табысты түрде әлемдік көшбасшылармен олардың тәжірибесі мен білімін пайдалана отырып, серіктес болып келе жатырмыз. Технологияларды өзімізде пайдалануға мүмкіндік беретін іс әрекеттерді жүзеге асыра отырып Компания 2014 жылы өнім шығарылым көлемі 200 млрд теңге болатын теміржол машина құрылыс жаңа кластерін дүниеге әкелу арқылы ҮИИДМБ-ның алғашқы бесжылдығын орындауға үлкен үлес қосты.

Жағымсыз сыртқы экономикалық тенденцияларға қарамастан Компания мемлекет мемлекетпен белгіленген аса ауқымды инфрақұрылымдық интеграция бойынша тапсырмаларды орындау табысты түрде жалғастырды.

Жезқазған-БейнеужәнеАрқалық-Шұбаркөлжелілері, Өзен – Берекет – Гөрган трансқұрлықтық магистралі пайдалануға еңгізілді. Аталған желілер Қытай мен Азия-Тынық мұхит аймағындағы елдерден шығып, Қазақстан арқылы Парсы шығанағы мен Еуропаға апаратын жолды айтарлықтай қысқартты.

2014 жылдың қазан айында жаңа Құрық теңіз портының салынып жатқан паром кешені аймағында индустриалды жобаларды жүзеге асыруға инфрақұрылымдық негіз болатын Боржақты-Ерсай теміржол желісінің құрылысы басталды.

Ляньюньган теңіз портында Қазақстандық-Қытай логистика терминалы жұмыс істеп, жүктерді жөнелту жүргізіледі. 2014 жылы Қазақстан арқылы өтетін Қытай – Еуропа бағытындағы контейнерлік тасымал көлемі 2013 жылмен салыстырғанда 3 есе өсті: барлығы 226 пойыз құрамында 21 192 контейнер (ЖФЭ-де) жіберілді.

Ақтау порты мен әуежай инфрақұрылымының модернизациясы, «Қорғас-Шығыс қақпасы» АЭА-ның, көлік-логистикалық орталықтардың

ішкі және сыртқы жүйелерінің дамуы бәсекеге қабілетті көлік-логистикалық өнім қалыптастыруда түрлі көліктің тиімді әрекеттестігінің қамтамасыз етеді.

Жолаушылар тасымалы бағытында Алматы-Ақтөбе, Алматы-Өскемен, Астана-Өскемен, Астана-Қызылорда бағыттары бойынша жаңа жүрдек пойыздар іске қосылды, «Тальго» жүрдек пойыздарына арналған ыңғайлы баға белгілеу жүйесі енгізілді, аймақтық маршруттар жаңартылды, сапалы қызмет пен жаңа заманға сай қызмет түрлері енгізілуде.

Корпоративтік идеология мен бизнес философиясына сәйкес әлеуметтік мақсатқа жету мәселесіне үлкен назар аударылып отыр. 2014 жылы әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға 11 млрд теңгеден астам қаржы жұмсалды.

Клиенттер мен әріптестерге бірлескен қызмет үшін алғысымды білдіремін. Және осындай қызметіміз келешекте де нәтижелі әрі пайдалы болатынына үміттенемін.

Пайданы ұлғайтуға арналған жоба 2014 жылы қаражатты 41 миллиард теңге көлемінде үнемдеуге мүмкіндік берді.

Қызметтің басты көрсеткіштері бойынша біз ТМД елдеріндегі темір жол мекемелері арасында үздік болып келеміз, бірақ ғаламдық көшбасшыларының қатарына тұру мақсатымыз туралы ұмытпаймыз.

Ізгі құрметпен,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Президенті А.Мамин

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША СӨЗ

МИССИЯ:

«Жүйе құрушы инфрақұрылым болып, біз экономиканың тұрақты дамуының оңтайлы көліктік негізін қамтамасыз етеміз және жүк, жолаушылар тасымалы бойынша сапалы және бәсекеге қабілетті көлік-логистикалық қызметтерді және тораптық теміржол желілерін ұсыну арқылы Жалғыз акционер, тұтынушылар және жалпы қоғам үшін құндылықтар құрамыз».

ҮМІТ

Бизнес жүргізудің үздік әлемдік тәжірибесіне сәйкес келетін және Жалғыз акционердің талаптарына орындайтын Қазақстанның жоғары тиімді ұлттық көлік корпорациясы.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2010 жылғы 7 мамырдағы шешімімен 2020 жылға дейінгі «ҚТЖ» ҰК» АҚ Даму стратегиясы бекітілді.

Басты мақсат ретінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Акционердің талаптарын қанағаттандыратын және «ҚТЖ» ҰК» АҚ менеджмент қызметінің тиімділігін бағалайтын көрсеткіш ретінде жиынтық акционерлік капиталдың барынша ұлғайтылуын қарастырады.

Стратегиялық және орташа мерзімді кезеңдердегі «ҚТЖ» ҰК» АҚ барлық әрекеттері рентабельділік (таза табыс) өсімінің есебінен жиынтық акционерлік капиталдың барынша ұлғайтуға бағытталған.

ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ

«Қазақстан темір жолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны 1997 жылдың 31 қаңтарындағы №129 «Қазақстан Республикасының теміржол кәсіпорындарын қайта құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен келесі республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды біріктіру арқылы құрылды: Алматы теміржол басқармасы, Целинный теміржол басқармасы және Батыс Қазақстан теміржол басқармасы.

2002 жылдың 15 наурызындағы «Қазақстан темір жолы» Ұлттық Компаниясы» жабық акционерлік қоғамын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің №310-шы қаулысымен

«Қазақстан темір жолы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен оның еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын біріктіру арқылы «Қазақстан темір жолы» Ұлттық Компаниясы» жабық акционерлік қоғамы құрылды.

2004 жылдың 2 сәуірінде 2003 жылдың 13 мамырындағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» жабық акционерлік қоғамын «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамына (ары қарай – «ҚТЖ» ҰК» АҚ, Компания) қайта тіркеу жүргізілді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (ары қарай – «Самұрық-Қазына» АҚ) болып табылады. Ол корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру, стратегиялық және орта-мерзімді жоспарлау процестерінің айқындығын арттыру мәселелерін шешеді және оперативтік жұмысқа араласпай, Директорлар кеңесі арқылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметін басқарады.

Сонымен қатар, «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметі Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігімен бақыланады. Министрлік 2001 жылдың 8 желтоқсанындағы

№ 266-II «Теміржол көлігі туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес өкілетті орган ретінде темір жол саласындағы мемлекеттік саясаттың орындалуын, үйлестірілуін, Қазақстан Республикасында көлік кешенінің қызметінің реттелуі мен бақылауын жүзеге асырады.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР

«ҚТЖ» ҰК» АҚ өндірістік-экономикалық қызметінің тиімділігін жоғарылату



«ҚТЖ» ҰК» АҚ жиынтық акционерлік капиталының өсуін қамтамасыз ету үшін шығынға негізделген корпоративтік мәдениеттен тартылған ресурстар мен үрдістердің тиімділігін барынша жоғарылатуға бағытталған мәдениетке ауысуын жүзеге асырады.

Сондай-ақ ағымдағы операциялық орнықтылықты қамтамасыз ету үшін, және көрсетілетін қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да өндірістік және әкімшілік ұсталымдарды төмендету жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылады.

Жүк тасымалы нарығындағы көшбасшы орындарды сақтау



Жүк тасымалы нарығында табыстылықтың жоспарланған өсімін қамтамасыз ету үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ тасымал қызметтерін көрсету

кезінде клиенттік-бағдарлық тәсілдерді енгізуі тиіс.

Қоржындық және өндірістік активтердің тиімді құрылымын құру



Теміржол саласын ырықтандыру жөніндегі Мемлекеттік мақсаттар және осымен байланысты институционалды өзгерістер экономиканың сала құрушы субъектісі «ҚТЖ» ҰК» АҚ құрылымына әсер етеді. Осыған байланысты «ҚТЖ» ҰК» АҚ қоржындық активтердің масштабтық қайта құрамдастырылуын жоспарлады, бұл корпоративтік және салалық мүдделерді ескеріп, оңтайлы құрылымды құруға мүмкіндік береді (ресурстарды негізгі қызмет түрлерінде

шоғырландыру және салалық машина жасауды және жөндеу базасын дамыту).

Қаржылық активтер құрылымын трансформациялаумен қатар өндірістік активтер де оңтайландыру өзгерістеріне ұшырайды. Жалпы салалық инвестициялық бағдарламаның бір бөлігі болып табылатын «ҚТЖ» ҰК» АҚ негізгі құралдарын түпкілікті жаңарту және жетілдіру орын алады.

Қызметтің басқарылуын жоғарылату



«ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарылуды жоғарылату жөніндегі іс-шаралар қызметтің басқару аспектілерін қамтиды. Басқарудың жоғары деңгейдегі айқындығын қамтамасыз ету үшін, жауапкершілік, біліктілік, есеп берушілік және тиімділік деңгейін жоғарылату мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да басқаруға қатысты үдерістік тәсілді енгізу жөніндегі жұмыстар жүргізіледі.

Стратегияны сәтті жүзеге асыру «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ны мөлшері төмен шығын талап ететін жоғары сапалы көлік қызметтерін ұсынатын жоғары тиімді коммерциялық ұйымға айналдыруға мүмкіндік береді.

МЕНШІК ҚҰРЫЛЫМЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ активтер қоржынының құрылымы бейінді және бейінді емес қызмет түрлерін жүзеге асыратын және Қазақстанның барлық аумағы бойынша географиялық орналасуға ие еншілес, тәуелді және ортақ бақыланатын ұйымдары бар, басқару құрылымының атқарымдық тұрпаты бойынша ұйымдастырылған тік-интеграцияланған компания құрылымы болып табылады.



«ҚТЖ» ҰК» АҚ-НЫҢ МЕНШІГІ:

«АЛМАТЫ ВАГОН ЖӨНДЕУ ЗАУЫТЫ» АҚ ҚАРАПАЙЫМ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ 100% ТОПТАМАСЫ.

«Алматы вагон жөндеу зауыты» АҚ-ның негізгі қызмет түрлері келесі: ДЖ (депо жөндеу), КЖ-1 (бірінші көлемдегі күрделі жөндеу), КЖ-2 (екінші көлемдегі күрделі жөндеу), КЖМ (қызмет мерзімін ұзартумен күрделі жөндеу) көлеміндегі жолаушылар вагондарын барлық жөндеу жұмыстары түрлері бойынша қызмет көрсету.

«ӘСКЕРИ ТЕМІР ЖОЛ КҮЗЕТІ» АҚ ҚАРАПАЙЫМ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ 100% ТОПТАМАСЫ.

«Әскери темір жол күзеті» АҚ-ның негізгі қызмет түрлері келесі: заңды және жеке тұлғалардың мүлігін қорғау, соның ішінде тасымалдау барысында, құқыққа қайшы араласушылықтар бойынша күзет әдістері мен құқықтық қорғаныс бойынша кеңес беру, заңды тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қорғау.

«ВОКЗАЛ-СЕРВИС» АҚ ҚАРАПАЙЫМ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ 100% ТОПТАМАСЫ.

«Вокзал-сервис» АҚ-ның негізгі қызмет түрлері:

вокзалдардың тиісті жұмысын ұйымдастыру, теміржол вокзалдарында жолаушыларға сервистік қызмет көрсетуді қамтамасыз ету, қызметтік-техникалық және сауда орындарын жалға беру.

«ҚАЗТРАНССЕРВИС» АҚ ҚАРАПАЙЫМ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ 100% ТОПТАМАСЫ.

«Қазтранссервис» АҚ-ның негізгі қызмет түрлері: контейнерлік тасымал қызметтерін ұсыну (жөнелтушілердің тапсырыстарын рәсімдеуден қабылдаушыларға жүктерді жеткізуге дейін, жүк вагондары мен контейнерлерін тіркеу және пайдалану жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру), заңды және жеке тұлғаларға барлық ілеспе қызметтерді көрсету (барлық байланыс түрлерінде).

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ ҚАРАПАЙЫМ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ 100% ТОПТАМАСЫ.

«Қазтеміртранс» АҚ-ның негізгі қызмет түрлері: жүктерді тасымалдау, соның ішінде шағын, арнайы, әскери және қауіпті жүктерді тасымалдау, вагон паркін басқару, Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде орналасатын Қоғамға тиісті вагондардың тіркеуін жүргізу.

«KTZ EXPRESS» АҚ ҚАРАПАЙЫМ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ 100% ТОПТАМАСЫ.

«KTZ Express» АҚ-ның негізгі қызмет түрлері: көлік-экспедиторлық қызмет түрлерін көрсету, логистикалық қызмет, жүкті автокөлік, теміржол, теңіз, өзен, әуетранспорты арқылы тасымалдау қызметтерін көрсету, жүк вагондарын, контейнер паркін және жылжымалы құрамды үйлестіру, жүк өңдеу мен сақтау.

«ЛОКОМОТИВ» АҚ ҚАРАПАЙЫМ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ 100% ТОПТАМАСЫ.

«Локомотив» АҚ-ның негізгі қызмет түрлері: магистралды маневр қозғалысындағы жетекті жылжымалы құрамның қызметтерін ұсынудағы тасымалдаушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру және маневр қозғалысындағы жетекті жылжымалы құрамның қызметтерін ұсынудағы магистралды теміржол желісі операторының қажеттіліктерін қанағаттандыру.

«ЛОКОМОТИВ СЕРВИС ОРТАЛЫҒЫ» АҚ ҚАРАПАЙЫМ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ 100% ТОПТАМАСЫ.

«Локомотив сервис орталығы» АҚ-ның негізгі қызмет түрлері: қолданыстағы локомотивтердің

техникалық жарамды жағдайын және тұрақты жұмысын қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету, локомотив бригадаларының демалысын ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету, локомотивтерді маймен, сумен, құммен жабдықтау, теміржол жылжымалы құрамын жөндеу және техникалық қызмет көрсету.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ ҚАРАПАЙЫМ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ 100% ТОПТАМАСЫ.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның негізгі қызмет түрлері: халықаралық, облысаралық, ауданаралық және ішкі байланыстарда теміржол жолаушылар тасымалын, жүк, жолжүк, және пошталық жөнелтілімдер тасымалын ұйымдастыру және қамтамасыз ету, жолаушылар вагондары паркінің қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану жұмыстарын ұйымдастыру, жолаушыларға қызмет көрсетудің сапасы мен мәдениетін қамтамасыз ету, жолаушылар поездары қозғалысының, жолаушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін және тасымалданатын жүктердің, жолжүктердің, және пошталық жөнелтілімдердің сақталуын қамтамасыз ету. ►

«РЕМЛОКОМОТИВ» АҚ ҚАРАПАЙЫМ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ 100% ТОПТАМАСЫ.

«Ремлокомотив» АҚ-ның негізгі қызмет түрлері: жылжымалы құрамның өндіру, модернизациялау, күрделі жөндеу, техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарын ұйымдастыру және орындау; қосымша бөлшектер, құралдар, түйіндер, детальдар және агрегаттарды қалпына келтіру, жөндеу және әзірлеу.

«ТЕМІРЖОЛСУ» АҚ ҚАРАПАЙЫМ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ 100% ТОПТАМАСЫ.

«Теміржолсу» АҚ-ның негізгі қызмет түрлері: теміржол көлігін және халықты ауыз және техникалық сумен жабдықтау қажеттіліктерін уақытылы және сапалы қамтамасыздандыру, ағын суларды қабылдау, тазарту және шығару, сумен жабдықтау жүйелеріне және санитарлық-техникалық құрылғыларға техникалық қызмет көрсету.

«ТРАНСТЕЛЕКОМ» АҚ ҚАРАПАЙЫМ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ 100% ТОПТАМАСЫ.

«Транстелеком» АҚ-ның негізгі қызмет түрлері: жергілікті, қалааралық және халықаралық байланыс, аудиомәжілісбайланыс және/немесе видеомәжілісбайланыс қызметтерін, Интернет желісіне қолжетімділікті, байланыс арналарын жалдауды, желілердің қосылуын және трафиктің өткізілуін, жылжымалы радиотелефондық байланысты, ұялы байланысты, жылжымалы радиобайланысты ұсыну, магистралды желі операторының келісімімен теміржол көлігінің тармақталу бөлігінде, сондай-ақ кез келген басқа рұқсат етілген жерлерде талшықты-оптикалық және мыс шоғырсымдық байланыс желілерін, серіктік және радиорелелік телекоммуникация жүйелерін құру және пайдалану.

«КӨЛІКТІК СЕРВИС ОРТАЛЫҒЫ» АҚ ҚАРАПАЙЫМ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ 100% ТОПТАМАСЫ.

«Көліктік сервис орталығы» АҚ-ның негізгі қызмет түрлері: заңды және жеке тұлғаларға теміржол қатынас жолдары қызметтерін көрсету. Ұйым өндірістік қызмет көрсетпейді және қазір таратылу сатысында тұр.

«ҚОРҒАС» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШЕКАРА БОЙЫНДАҒЫ ҢНТЫМАҚТАСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ ҚАРАПАЙЫМ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ 100% ТОПТАМАСЫН СЕ-НІМГЕРЛІКПЕН БАСҚАРУ.

«Қорғас» халықаралық шекара бойындағы ынтымақтастық орталығы» АҚ-ның негізгі қызмет түрлері: «Қорғас» халықаралық шекара бойындағы ынтымақтастық орталығының Қазақстандық бөлігінде инфрақұрылымды құру, дамыту және әрекет етуін қамтамасыз ету; құру мақсаттарына қол жеткізу үшін Орталықтың Қазақстандық бөлігінде қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдармен және шаруашылық субъектілерімен әрекеттесу; Орталық дамуының ағымды, ұзақ мерзімді бағдарламаларын дайындауда және жүзеге асыруда қатысу.

«АҚТАУ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕҢІЗ САУДА ПОРТЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ҚАРАПАЙЫМ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ 100% ТОПТАМАСЫН СЕ-НІМГЕРЛІКПЕН БАСҚАРУ.

«Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның негізгі қызмет түрлері: ТМД елдері және өзге де шет мемлекеттер кемелерінен жүк түсіру, тиеу, қызмет көрсету, жүкпен көлік-экспедиторлық және қойма операцияларын жүргізу, теңіз көліктеріне өзге көлік түрлерінен жүк тиеу және керісінше жүк түсіру, каботаж және шетелдік жүзде порт кемелеріне жүк тиеу және жүк пен жолаушыларға қызмет көрсету, бункер операциялары, порт акваториясындағы теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кемелер мен өзге теңіз көлік құрылғылары мен құралдарына қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын жүргізу.

«АҚЖАЙЫҚ-БАТЫС 2006» ЖШС ҚАТЫСУЫНЫҢ 100% ҮЛЕСІ.

Қазіргі уақытта «Ақжайық-Батыс 2006» ЖШС өндірістік қызметті жүзеге асырмайды және таратылу сатысында тұр.

«ОРМАНҚОРҒАУ» ЖШС ҚАТЫСУЫНЫҢ 100% ҮЛЕСІ.

«Орманқорғау» ЖШС-ның негізгі қызмет

түрлері: теміржол көлік объектілерін жағымсыз табиғи құбылыстардан ағаш өсіру және оны күтіп-баптау арқылы қорғау, жасанды және табиғи орман көшеттеріне қызмет көрсету, магистралды теміржол желілері өтетін тармақтарда жаңа қарға, желге, құмға қарсы қорғаныс және жасылдандыру көшеттерін құру.

«ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ КӨЛІК ИНСТИТУТЫ» ЖШС ҚАТЫСУЫНЫҢ 100% ҮЛЕСІ.

«Ғылыми-зерттеу көлік институты» ЖШС-нің негізгі қызмет түрлері: ғылыми-зерттеу қызметі; тәжірибелік-конструкторлық қызмет, жобалау-іздістелу қызметі.

«ҚАМҚОР» ЖӨНДЕУ КОРПОРАЦИЯСЫ» ЖШС ҚАТЫСУЫНЫҢ 100% ҮЛЕСІ.

«Қамқор» жөндеу корпорациясы» ЖШС-нің негізгі қызмет түрлері: қатысу үлестері Серіктестікке меншік құқығы бойынша тиесілі болатын еншілес ұйымдарды басқару, теміржол салу және жөндеу, теміржол жылжымалы құрамын жөндеу, жетілдіру және дайындау, теміржол жылжымалы құрамына қызмет көрсету, радио мен байланыстың дабылдама, орталықтандыру және тосқауыл (ДСТ) құрылғыларын жобалау, салу, құрастыру, сервистік қызмет көрсету.

«ҚАЗАҚ КӨЛІК ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛАР АКАДЕМИЯСЫ» АҚ ҚАРАПАЙЫМ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ 65% ТОПТАМАСЫ.

«Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы» АҚ-ның негізгі қызмет түрлері: теміржол саласы, сонымен қатар қалалық электр көлігі, метрополитен мен автокөлік салалары үшін кадр даярлау, сондай-ақ ақпараттық технологиялар мен телекоммуникациялар бойынша мамандар әзірлеу.

«ЛОКОМОТИВ ҚҰРАСТЫРУ ЗАУЫТЫ» АҚ ҚАРАПАЙЫМ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ 50% ТОПТАМАСЫ.

«Локомотив құрастыру зауыты» АҚ-ның негізгі қызмет түрлері: локомотив шығару, локомотивтерге арналған қосымша бөлшектер даярлау.

LOGISTIC SYSTEM MANAGEMENT B.V. (LSM B.V.) АКЦИЯЛАРЫНЫҢ 50% ТОПТАМАСЫ. Logistic System Management B.V. (LSM B.V.) холдингтік қызмет көрсетеді.

«ДОСЖАН ТЕМІР ЖОЛЫ» АҚ ҚАРАПАЙЫМ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ 46,016% ТОПТАМАСЫ.

«Досжан темір жолы» АҚ-ның негізгі қызмет түрлері: жаңа «Шар бекеті – Өскемен» теміржол желісінің құрылысы мен пайдаланылуы үшін концессиялық келісімнің орындалуы қамтамасыз ету, «Шар бекеті – Өскемен» теміржол желісін және басқа теміржол инфрақұрылымдарының объектілерін пайдалану, концессиялық келісімге сәйкес пайдалану мерзімі аяқталған соң теміржол жолдарың мемлекет меншігіне өткізу.

«ТЕМІРЖОЛ ЖӨНДЕУ» АҚ ҚАРАПАЙЫМ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ 23,43% ТОПТАМАСЫ.

«Теміржол жөндеу» АҚ-ның негізгі қызмет түрлері: жолдарды қайта құру, күрделі және орташа жөндеу бойынша жұмыстарды және жол шаруашылығындағы, жаңа теміржол желілерінің құрылысындағы басқа жұмыс түрлерін ұйымдастыру және орындау, ауыр жол машиналарының, механизмдердің және жабдықтардың паркін пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу, рельс-шпал торын бекіту, сілтемелік аударымдарды жинау және төсеу, жүктер тасымалы, меншікті жылжымалы құраммен жоғарғы жол құрылысының материалдарын және сусымалы жүктерді тасымалдау.

«КАСКОР ТРАНССЕРВИС» АҚ ҚАРАПАЙЫМ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ 13,403% ТОПТАМАСЫ.

«Каскор Транссервис» АҚ-ның негізгі қызмет түрлері: жүк пен жолаушылар тасымалы, көліктік-экспедициялық қызмет көрсету, байланыс қызметін көрсету, теміржол жолдарын жөндеу мен құрылысын жүргізу. ■

2014 ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ НЕГІЗГІ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР*


2014 жылдың қорытындысы бойынша
компанияның табысы

30 397
млн теңгеге тең

Кіріс, барлығы Шығын, барлығы Қорытынды табыс

КІРІС

«ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының табысы 897 562 млн теңгені құрады, бұл 2013 жыл деңгейімен салыстырғанда 2%-ға жоғары болып келеді. Өнімдер сатып, қызмет түрлерін көрсетуден түскен кіріс 881 247 млн теңгеге тең, бұл 2013 жылдың кірісімен (881 247 млн теңге) салыстырғанда 1,3%-ға жоғары. Кіріс өсімі 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап жүк қозғалысы мен жолаушылар қозғалысындағы тарифтың 7%-ға артуымен, сондай-ақ қосалқы-көмекші қызметтен түсетін табыстың ұсынылатын қызмет түрлері көлемінің көбеюіне байланысты 13,7%-ға артуымен, бөлінген субсидиялардың 3,2%-ға артуымен, салынған айыппұлдардан түсетін табыстың 2 есе артуымен байланысты болды.



ШЫҒЫН

«ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының шығыны 867 165 млн теңгені құрады, бұл 2013 жылғы балама кезеңмен салыстырғанда 13,5%-ға жоғары. Сатылған өнім мен көрсетілген қызмет түрлерінің өз бағасы 634 173 млн теңгеге тең. 2013 жылғы балама кезеңмен салыстырғанда (575 433 млн теңге) аталған көрсеткіш 10,2%-ға көбейген. Өткен жыл деңгейіне қатысты алғанда шығын көлемінің артуы негізінен 2013 жылдың 1 желтоқсанынан бастап компаниялар тобы жұмысшыларының еңбек жалақысына арналған қаржының көбеюімен («ҚТЖ» ҰК» АҚ мен оның ұжымы арасындағы 2012-2014 жылдарға арналған Ұжымдық келісім шарттарының орындалуы),

сондай-ақ 2014 жылдың 1 сәуірінен бастап өндірістік қызметкерлер құрамы жұмысшылары жалақысының 10%-ға көтерілуімен; пойыздарды жетекке алуға арналған электр энергиясы көлемінің артуы, сонымен қатар бағаның 10,8%-ға қымбаттауымен; дизель отыны құнының 10,2%-ға қымбаттауына байланысты отырға кететін шығын көлемінің артуымен; негізгі құрал-жабдықтың жаңа объектілерін пайдалануға беру, оның жұмысы мен қызмет ақысын төленуге кететін шығынның артуымен, сондай-ақ қаржыландыруға арналған шығынның қосымша қарыз тарту арқылы артуымен байланысты болды.

* - шоғырландырылған көрсеткіштер

НЕГІЗГІ ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР

Тарифтік жүк айналымы



ҚАТЫНАС ТҮРЛЕРІ
ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ЖҮК
АЙНАЛЫМЫ:

- ішкіреспубликалық қатынаста тасымал көлемінің 1,4%-ға азаюына байланысты 0,6%-ға төмендеуді;
- шығару бойынша тасымал көлемінің 12,8%-ға азаюына байланысты 11,0%-ға төмендеуді;
- кіргізу бойынша тасымал көлемінің 16,3%-ға төмендеуіне байланысты 18,9%-ға төмендеуді;
- транзит бойынша орта қашықтықтағы тасымал көлемінің 1,2%-ға өскеніне байланысты 1,3% -ға артуды құрады.

2014 жыл тарифтік жүк айналымы құрады

216 524
МЛН Т-ШҚ

2013 - 231 248 млн. т-км
ауытқу -6,4%

2013 жылдың балама кезеңімен салыстырғанда аталған көрсеткіш 6,4%-ға азайған, бұл астық пен құрылыстан басқа барлық жүк түрлері бойынша тасымал көлемінің азаюымен байланысты.

Жүк тиеу

2013 жылдың балама кезеңімен салыстырғанда аталған көрсеткіш 3,2%-ға азайған, бұл қара металл мен құрылыстан басқа барлық жүк түрлері бойынша жүк тиеу көлемінің азаюымен байланысты.

2014 жыл жүк тиеу құрады

247 161
МЫҢ ТОННА

2013 - 255 232 мың тонна
ауытқу -3,2%

Тасымалданған жүк

2013 жылдың балама кезеңімен салыстырғанда аталған көрсеткіш 6,2%-ға азайған, бұл негізінен көмір, мұнай және мұнай өнімдері, темір және түрлі-түсті металл бойынша тасымал көлемінің азаюымен байланысты.

2014 жыл тасымалданған жүк

275 261
МЫҢ ТОННА

2013 - 293 602 мың тонна
ауытқу -6,2%

Жолаушы айналымы

2014 жыл жолаушы айналымы (жеке тасымалдаушыларды қоса есептегенде) құрады

18 317
МЛН ЖОЛ.-ШҚ

2013 - 19 125 млн жол.-шқ
ауытқу -4,2%

ТӨМЕНДЕУ ҚР АУМАҒЫ АРҚЫЛЫ ӨТЕТІН «БӨТЕН» ТЕМІРЖОЛ ӘКІМШІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ПОЙЫЗДАРЫ БОЙЫНША БАЙҚАЛАДЫ, БҰҒАН КЕЛЕСІЛЕР СЕБЕПШІ БОЛЫП ОТЫР:

поездардың жою:

«Мәскеу-Бішкек» бағытындағы №27/28 пойызының 15 маусымнан бастап; «Душанбе-Мәскеу» бағытындағы №329/330 пойызының жыл басынан бастап жолаушылар пойыздарының жаңа қозғалыс кестесі енгізілгенге дейін (2014 жылдың 3 маусымына дейін);

«Худжанд-Саратов» бағытындағы №335/336 пойызының жыл басынан бастап; «Душанбе-Бішкек» бағытындағы №397/398 пойызының жыл басынан бастап алынып тасталуы.

пойыздардың қатынасу мерзімділігінің өзгеруі:

«Бішкек-Мәскеу» бағытындағы №27/28; «Новосибирск-Алматы-1» бағытындағы №325/326; «Новокузнецк-Қарағанды» бағытындағы №371/372; «Барнаул-Лениногорск» бағытындағы №391/392; «Душанбе-Мәскеу» бағытындағы №319/320.

теміржол көлігі арқылы қатынасуға деген жолаушылар тарапынан туындайтын сұраныстың азаюына байланысты транзит пойыздар жолаушыларының кемуі.

2014 ЖЫЛ ОҚИҒАЛАРЫ



21 ҚАҢТАР

2013 жыл бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ жұмысының қорытындысы және 2014 жылдағы басым бағытты міндеттер бойынша жиналыс.

24 АҚПАН

Алматыда Халықаралық спортшы-теміржолшылар Одағының (USIC) XIX халықаралық Тау шаңғысы бойынша чемпионаты өтті.

26 АҚПАН

«Қазақстан машинақұрастырушылар одағы» ЗТБ Басқармасының отырысы өтті.

26 АҚПАН

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Президенті А.Мамин Ляньюньган қ. қалалық комитетінің ҚКП Хатшысы Ли Цяньмен және Ляньюньган портының президенті Бай Лицуньмен кездесті.

3 НАУРЫЗ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ корпоративті жастар лагерінің бесінші мерейтойлы сессиясы «Сен болмасаң кім?» деген атаумен өтті.

12 МАМЫР

«Электровоз құрастыру зауыты» ЖШС құрастырған 50 электровозды Әзірбайжан темір жолына жеткізу туралы келісімге қол қойылды.

6-7 МАМЫР

Астанада ТМД елдері, Иран, Финляндия және Болгария құрамына кіретін Теміржол көлігі бойынша кеңестің 60-шы отырысы өтті.

17 СӘУІР

Темір жол саласындағы Кедендік одақ Техникалық регламенттерінің күшіне енуіне байланысты техникалық реттестіру мәселелері бойынша семинар ұйымдастырылды.

31 НАУРЫЗ

«Локомотив құрастыру зауыты» АҚ-ның ТЭЗ3А тепловоздары екінші партиясын «Кыргыз темир жолу» МБМ-на жеткізу туралы келісімге қол қойылды.

12 НАУРЫЗ

Астана вокзалында Электронды билеттерді сату орталығы ашылды.

5 НАУРЫЗ

Қазақстанның «KAZLOGISTICS» көлік одағының жалпы отырысы өтті.

20 МАМЫР

ҚР Президенті Н. Назарбаевтың қатысуымен Ляньюньган портында Қазақстандық-Қытайлық көлік-логистикалық терминалдың алғашқы іске қосу кешенінің ашылуы өтті.

30 МАМЫР

Қазақстанның «KAZLOGISTICS» көлік одағы мен «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қазақстан-Британ университетінде Көлікшілердің 1-ші жастар форумы ұйымдастырылды.

20 МАУСЫМ

Астана қаласындағы «Саранда» мөлтеу ауданының 2-кезегінің кілттері тапсырылды.

25 МАУСЫМ

Гонконга «ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес компаниясы «KTZ Express» АҚ-ның коммерциялық кеңсесі ашылды.

2 ШІЛДЕ

ҚР Президенті Н. Назарбаевтың қатысуымен өткен Жалпыұлттық телекөпір барысында «Қорғас-Шығыс қақпа» АЭА аумағындағы Құрғақ порт құрылысына бастау берілді.

2 ШІЛДЕ

«KTZ Express» АҚ мен Ухань қаласындағы (ҚХР) «Wuhan Han Ou» халықаралық логистикалық компаниясы арасында Ухань – Қазақстан – Еуропа маршруттық контейнер пойызы бойынша серіктестік туралы Меморандумға қол қойылды. ►



ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

ПОЙЫЗДАР ҚОЗҒАЛЫСЫ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

АҚ «ҚТЖ» ҰК «2014 жылдың 12 айы ішінде жұмысына ақау саны азайды

13%

10 жағдайға, яғни 2013 жылғы 75-тен 65-ке (1 күйреуге, 1 апатқа жол берілді).

2014 жылы жасалған іс-шаралар қозғалыс қауіпсіздігін бұзудың жалпы санын азайтуға мүмкіндік берді.

Пойыздар қозғалысы қауіпсіздігі	2013 (саны)	2014 (саны)
күйреуінің	1	1
апатының	0	1
ақауға қарсы жұмыс	75	65

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ инвестициялық қызметі темір-жол көлігінің тұрақты қызметін қамтамасыз ету, тасымалдау қызметтерінің сапасы мен қауіпсіздігін жоғарлату бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асыруға бағытталған.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының 2014 жылға арналған Дамуға бағытталған шығын жоспары «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2014 жылдың 14 қыркүйегіндегі №9 хаттама) 471 103 млн теңге көлемінде бекітілді. Бұған 451 720 млн теңге көлеміндегі капитал салым да кіреді.

2014жылғы Дамуға бағытталған шығындардың іс жүзіндегі орындалуы жоспарланған 471 103 млн теңгенің 419 276 млн теңгесін құрады (жоспарланған соманың 89%-ы), оның ішінде:

Жасалған күрделі салымдар жоспарын нақты іске асыру

404 972

млн теңге

жоспар 451 720 млн., 2013 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда теңге (жоспардың 90%), немесе 86%.

ЕСЕП КЕЗЕҢІ ІШІНДЕ КЕЛЕСІ ІРІ ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ:

1. Келесі теміржол желілеріндегі жұмыс жалғастырылды:

▲ «Жезқазған-Бейнеу», игерілген инвестициялар көлемі жоспарланған 29 096 млн теңгенің 23 341 млн теңгесін құрады (жоспарланған соманың 80%-ы);

▲ Арқалық-Шұбаркөл, игерілген инвестициялар көлемі жоспарланған 120 780 млн теңгенің 120 977 млн теңгесін құрады (жоспарланған соманың 100%-ы);

Айырмашылықтың пайда болуына жобаның ЖСҚ-сының топырақ құнарлығын биологиялық тұрғыда қалпына келтіру бойынша жұмыстардың бір бөлігін алып тастау бөліміне өзгерістер енгізу қажеттілігі (тек жер төсемі бетін тегістеу және жоспарлау жүргізу арқылы бұзылған жерлерді техникалық тұрғыда қалпына келтіру бойынша жұмыстар жүргізуде жобалық шешімдерді жүзеге асыру туралы шешім қабылданды), қардан қорғайтын қалқандар даярлау, 2013-2014 жж. қыс мерзіміндегі қар басып қалған аумақтардың көп болуына байланысты қалқандарды қоятын жерлерді анықтау бойынша конструктивті шешімдердің өзгеруі және салынып жатқан теміржол желісі трассасының күрделі рельефі себепші болды;

2. «Энергиядиспетчерлік жетек» автоматтандырылған басқару жүйесі» жобасының жүзеге асырылуы жалғастырылды, игерілген инвестициялар көлемі жоспарланған 8 393 млн теңгеге қатысты алғанда 9 466 млн теңгені құрады (жоспарланған соманың 113%-ы). Асыра игеру сметалық құн шеңберінде;

3. «Вокзал кешені құрылысын қоса алғанда Астана бекеті теміржол түйінінің дамуы», игерілген инвестициялар көлемі жоспарланған 11 721 млн теңгеге қатысты алғанда 12 340 млн теңгені құрады (жоспарланған соманың 105%-ы). Асыра игеру сметалық құн шеңберінде;

4. «Көп фунуционалды мұз сарайының құрылысы» жобасын жүзеге асыру жалғастырылды, игерілген инвестициялар көлемі жоспарланған 12 142 млн теңгеге

қатысты алғанда 11 723 млн теңгені құрады (жоспарланған соманың 97%-ы);

5. «Локомотив паркін жаңарту»: игерілген инвестициялар көлемі жоспарланған 34 790 млн теңгеге (42 бірлік) қатысты алғанда 37 846 млн теңгені (46 бірлік) құрады (жоспарланған соманың 109%-ы). Оның ішінде 33 локомотив бірлігі («Эволшн» сериясының 17 бірлігі) алынды және 13 локомотив бірлігі күрделі жөндеуден өткізілді;

6. «Жүк вагондары паркін жаңарту»: орындау көлемі жоспарланған 27 644 млн теңгеге (2 454 бірлік) қатысты алғанда 11 920 млн теңгені (1 365 бірлік) құрады (жоспарланған соманың 43%-ы). Оның ішінде жүк вагондарының 742 бірлігі алынды және жүк вагондарының 623 бірлігі күрделі жөндеуден өткізілді.

Айырмашылық мердігер ұйымның (ҚВК) келісім-шарт міндеттерін дұрыс орындамағанына байланысты туындады;

7. «Жолаушылар вагоны паркін жаңарту»: орындау көлемі жоспарланған 47 399 млн теңгеге (354 бірлік) қатысты алғанда 28 656 млн теңгені (216 бірлік) құрады (жоспарланған соманың 60%-ы). Оның ішінде 136 бірлік жолаушылар вагоны алынды және жолаушылар вагондарының 53 бірлігі күрделі жөндеуден өткізілді.

Айырмашылық мердігер ұйымның (Тұлпар-Тальго) келісім-шарт міндеттерін дұрыс орындамағанына байланысты туындады;

8. «Жолдың жоғарғы құрылысына күрделі жөндеу жүргізу»: орындау көлемі жоспарланған 43 367 млн теңгеге қатысты алғанда 45 425 млн теңгені құрады (жоспарланған соманың 105%-ы); атқарылған жұмыс актілері бойынша жолдың 644 шақырымы қабылданған;

9. «Инфрақұрылымды жаңарту және қалпына келтіру»: орындау көлемі жоспарланған 111 218 млн теңгеге қатысты алғанда 99 193 млн теңгені құрады (жоспарланған соманың 89%-ы).

Айырмашылыққа жекелеген инвестициялық жобалар, жекелеп алғанда, «Қорғас-Шығыс қақпа» АЭА құру мен кешенді дамыту (АЭА құрғақ порты)», «Рефрижераторлық контейнерлер», «2 құрғақ жүк кемесін алу» бойынша жұмыс атқару кестесінен кешігуі себеп болды.

10. «Жұмысшылардың әкімшілік және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту»: орындау көлемі жоспарланған 5 170 млн теңгеге қатысты алғанда 4 085 млн теңгені құрады (жоспарланған соманың 79%-ы).

Айырмашылыққа «Астана қаласындағы тұрғын-үй кешені құрылысын толық аяқтау» жобасының 2014 жылға арналған «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының Шығындарды қысқарту бойынша шаралар жоспары аясында оңтайландырылуы себеп болды. Сонымен қатар, «Қатысу үлесін алу» дәрежесі бойынша орындау көлемі жоспарланған 19 383 млн теңгеге қатысты алғанда 14 304 млн теңгені

құрады (жоспарланған соманың 74%-ы). Айырмашылыққа келесі себептер негіз болды:

- зауытты іске қосу 2015 жылға қалдырылуы (Astana Diesel Engines B.V.). Орындалу көлемі жоспарланған 2 300 млн теңгеге қатысты алғанда 0 млн теңгені құрады (жоспарланған соманың 0%-ы);

- сәйкес корпоративті процедуралардың белгіленген мерзімде жүзеге асырылмауы (Ақтөбе қаласындағы рель арқау зауыты). Игеру 2015 жылға жоспарланып отыр. Орындалу көлемі жоспарланған 3 959 млн теңгеге қатысты алғанда 2 828 млн теңгені құрады (жоспарланған соманың 71%-ы);

- БК жарғылық капиталын толықтыру жобаның ЖСҚ-на түзетулер енгізу уақыты ішінде кейінге қалдырылды (Ақтау теңіз портын кеңейту бойынша FTNT компаниясымен БК). Орындалу көлемі жоспарланған 3 375 млн теңгеге қатысты алғанда 1 732 млн теңгені құрады (жоспарланған соманың 51%-ы).

ҚАРЖЫЛЫҚ РЕЙТИНГТЕР

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ҮШ ЕҢ ІРІ РЕЙТИНГ АГЕНТТІКТЕРІНДЕГІ РЕЙТИНГТЕРГЕ ИЕ:

▲ STANDARD&POOR'S

– BBB-/Жағымсыз деңгейінде;

▲ FITCH RATINGS

– BBB/Тұрақты деңгейінде;

▲ MOODY'S SERVICE INVESTORS

- Baa3/Тұрақты деңгейінде.

ҚАРЫЗДАР

Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мақсатында 2014 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ келесі мөлшердегі ірі қарыздар алып, игерді:

Жалпы көлемі 95,925 млн еуро (22 908 млн теңге), CIRR бойынша мөлшерлемесі euro+0.75/0.9%, мерзімі 10 жыл болатын

Францияның Coface экспорттық-несиелік агенттігінің өтеуімен **HSBC FRANCE ҰСЫНАТЫН ЭЛЕКТРОВОЗДАР АЛУҒА БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗ**;

Қазақстанның Даму Банкі мен Еуразиялық Даму Банкі ұсынған **ҚАРЫЗДАР БОЙЫНША «ЭНЕРГИЯДИСПЕТЧЕРЛІК ЖЕТЕК» АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ»**

МЕН «ТОБЖ ҚҰРЫЛЫСЫ» жобаларын жүзеге асыруға бағытталған жалпы сомасы 25 731 млн теңгені құрайтын қаржы тарту; ►

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҮШІН ШВЕЙЦАРИЯЛЫҚ ФРАНКТІНДЕ ДЕНОМИНАЦИЯЛАНҒАН ЕУРООБЛИГАЦИЯЛАР ШЫҒАРУ:

- ▲ Қорғас-Шығыс қақпа АЭА аумағындағы құрғақ порт құрылысы;
- ▲ ҚР-дағы көлік-логистикалық орталықтар (КЛО) құрылысы;
- ▲ Ляньюнган портындағы жүк терминалының құрылысына қатысу;
- ▲ Ақтау теңіз халықаралық портының мүмкіндіктерін барынша пайдалану арқылы сыртқы экономикалық қызметті кеңейту үшін Ақтау портын солтүстік бағытта кеңейту.

Шығарылымның жалпы көлемі

285 млн.

швейцариялық франкты құрды

Осы купон жылдық мөлшерлемесі 2,590%-ды құрайтын қарызды жабу мерзімі 5 жылға тең 100 млн швейцариялық франк сомасы көлеміндегі бірінші және жылдық мөлшерлемесі 3,638%-ды құрайтын қарызды жабу мерзімі 8 жылға тең 185 млн швейцариялық франк сомасы көлеміндегі екінші транш түрінде жүрді.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ ЕНШІ-ЛЕС ҰЙЫМЫНЫҢ ТЕМІРЖОЛ ЖОЛАУШЫЛАР ВАГОНДАРЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМЫ ПАРКІН жаңарту үшін «Самұрық-Қазына» АҚ арқылы ҚР Ұлттық қоры қаражатынан 9 706 млн

теңге және 9 226 млн теңге көлемінде қарыз алу. Жылдық сыйақы мөлшерлемесі сәйкесінше 2044 ж. және 2039 ж. дейін толық жапқанша 0.075% және 0,75% көлемінде бекітілген;

2014 жылдың 18 қыркүйегінде қол қойылған «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «Локомотив» АҚ, «КТЗ EXPRESS» АҚ және ЕҚҚДБ арасындағы жалпы сомасы 30 000 млн теңге болатын несие келісім-шарты аясындағы көлік күш-қуатын арттыруға бағытталған ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҚАРЫЗЫ. «КТЗ EXPRESS» АҚ 6 222 млн теңге, «ҚТЖ» ҰК» АҚ теміржол көлігі саласында қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін 10 278 млн теңге, «Ло-

комотив» АҚ ұйымның кейбір міндеттемелеріне қатысты балансты оңтайландыру мақсатында 13 500 млн теңге қаражат алды. Аталған сома «HSBC Bank, plc» ұйымынан АҚШ доллары түрінде деноминацияланып берілді, 2016 жылға дейін 7,23% көлеміндегі бекітілген жылдық пайыздық мөлшерлеменен, ары қарай 2024 жылға дейінгі мерзімге all in cost + 3% сыйақы мөлшерлемесімен жүреді.

«ҚАМҚОР» ЖШС АЙНАЛЫМ ҚАРАЖАТЫН ТОЛЫҚТЫРУҒА АРНАЛҒАН ҚАРЫЗ бойынша

жалпы сомасы 4 547 млн теңгеге тең.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

СТРАТЕГИЯДА 5 НЕГІЗГІ БАҒЫТ АНЫҚТАЛҒАН:

- ▲ жүк және жолаушылар тасымалына инновациялар енгізу;
- ▲ инфрақұрылым объектілерін тұтыну және қызмет көрсету;

- ▲ әлемдік қозғалыс қауіпсіздігі, экологиясы және жылдамдығы стандарттарына сәйкес өндіріс және жөндеу құрылғыларын модернизациялау және дамыту;
- ▲ сондай-ақ инновацияларды басқару жүйесін жетілдіру.

Корпоративті инновациялық жобаны құру және дамыту бағытындағы міндеттерді орындау үшін 2013 жылдың 25 желтоқсанында Компания Директорлар кеңесінің шешімімен 2013-2018 жылдарға арналған «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының Инновациялық-техникалық даму стратегиясы (ары қарай - Стратегия) бекітілді. Аталған Стратегия Компаниядағы инновациялық шешімдердің құрылуына, іріктелуіне және енгізілуіне негіз болатын тұжырымдар мен құралдар құрамын анықтайды.

Аталған Директорлар кеңесі отырысында Компанияның серіктестері болып табылатын ірі халықаралық компаниялардың қатысуымен ғылыми конференция өткізу тапсырылды.

Тапсырманы орындау мақсатында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше-мемлекеттердің Теміржол көлігі одағы теміржол әкімшіліктерінің 2014 жылдың мамырында Астанада өткен 60-шы мерейтойлы кезекті отырысы аясында теміржол саласының инновациялық-техникалық дамуы бойынша Ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді. Бұл Компания үшін маңызды шаралардың бірі болды.

Аталған конференцияға Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше-мемлекеттердің Теміржол көлігі одағы теміржол әкімшіліктерінің басшылары, шетелдік серіктестеріміз Alstom, General Electric, Oliwer Wyman, HP), жақын және алыс шет елден келген өндіруші-компаниялардың өкілдері, отандық өндірушілер, сондай-ақ инновациялық қызметпен айналысатын Компанияның басшылары мен мамандары қатысты.

Конференция барысында қатысушылар Компанияның инновациялық-техникалық қызметі жетістіктері әрі нәтижелерімен, және болашақ жоспармен танысу мүмкіндігіне ие болды.

Стратегияның жүзеге асырылуы Компанияның ресурстар тұтыну ескіру және өндірістік емес шығындарын төмендету; еңбек өндірісін арттыру, жүкті «дәл уақытында» және «есіктен есікке дейін» жеткізу; экономикалық тиімділікті арттыру; ыңғайлылық пен еңбек жағдайын жақсарту; энергия ресурстарын пайдалануды төмендету; активтердің пайдалану ресурсын

арттыру; жеке ғылыми-зерттеу және эксперименталды база құру; интеллектуалды меншік қоржынын құру; нәтижеге бағытталған корпоративтік мәдениет секілді стратегиялық мақсаттарына жетуге бағытталған жылдық шаралар жоспары аясында жүруде.

Бірқатар инновациялық жобалардың жүзеге асырылуы Қазақстан үшін жаңа сала – теміржол машина құрылысының қалыптасуына бағытталған.

2014 жылы ТЭЗ3А сериясының магистралды тепловоздарын алу үшін 17 бірлікке қатысты келісім-шартқа қол қойылды. Аталған 17 бірлік толық алынды. Сонымен қатар, желтоқсан айында ТЭП 33А сериясының 2 бірлік жолаушылар тепловозын жеткізу жүзеге асырылды.

2011 жылы Астанада заманға сай электровоздар шығарумен айналысатын зауыт құрылысы басталғаны белгілі. Қазіргі уақытта оның екінші іске қосу кешені пайдалануға берілді және бекітілген келісімдерге сәйкес технологиялық құрал-жабдық алу мен монтажи бойынша жұмыстар жалғасуда.

2014 жылдан бастап «Локомотив» АҚ-на жүк электровоздарын жеткізу жүзеге асырылуда. 2014 жылғы жоспар бойынша 22 бірлік алынуы тиіс болатын. Алайда теңге девальвациясына байланысты аталған көлем 9 бірлікке дейін қысқарды. 2014 жылдың 12 айы ішінде барлығы 13 бірлік алынды.

Сонымен қатар 2014 жылы жоспарда көрсетілген 40 вагонның барлық 40-ы бірлігі жеткізілді (8 вагоннан тұратын 5 құрам). Аталған вагондар солтүстік өңірдегі қала маңындағы бағыттарға жеткізіліп, іске қосылды.

2014 жылы «Жолаушылар тасымалы» АҚ 71 бірлік «Тұлпар-Тальго» жолаушылар вагонына ие болды.

Сондай-ақ, 2014 жылы 1402 жүк вагонын (1400 жартылай вагон және 2 жабық вагон) алу жоспарланған болатын. Іс жүзінде Қазақстандық вагонқұрылысы компаниясы 742 жартылай вагон жеткізді. ►

Қазақстан Республикасы мен ТМД елдерінің 120 м рельстерге деген қажеттілігін ескере отырып 2013 жылы Ақтөбе қаласында Рельс – арқалық зауытының құрылысы басталды. 2014 жылдың 25 желтоқсанында Жалпыұлттық «Қазақстанның жаңа индустрияландыру: ҮИИДМБ алғашқы бесжылдығының қорытындылары» телекөпірі барысында Мемлекет басшысы Ақтөбедегі рельс арқалық зауыты технологиялық желісі алғашқы кезегін іске қосты.

Компанияның инновациялық-технологиялық даму негізгі бағыттарының бірі инфрақұрылым объектілерін ұстап тұру және қызмет көрсету саласына инновациялар енгізу болып табылады.

2014 жылы Компанияның жаңа қызмет көрсету жүйесіне өту шараларына сәйкес «Oliver Wyman Incorporated» компаниясы сілтемелік өткел мен жолдарға арналған түзету – жинақтау – тегістеу – жоспарлау – өңдеу машинасының 5 бірлігін жеткізу және іске қосу, жөндеу жұмыстарын жүзеге асырды. Олардың екеуі Шу құрылымдық бөлімшесіне, үшеуі Қырқыншы құрылымдық бөлімшесіне жіберілді.

2014 жылы линза жиынтығын ауыстыруға қажетті 3 300 бірлік көлеміндегі жарықтық диод модульдерін жоспар аясында жеткізу толық көлемде орындалды. Сондай-ақ, Alstom компаниясымен бірлесе отырып шығарылған заманға сай сілтемелік электр жетегі (900 бірлік) өндірілді.

Инновациялық-техникалық даму стратегиясын жүзеге асыру бойынша шаралар жоспарында, сондай-ақ Қарабас, Босаға, Шу, Қарағанды–Сұрыптау, Шоқай, Қырқыншы, Астана бекеттеріндегі 7 жетек шағын бекетін модернизациялау бойынша жоба да қарастырылған.

АБҚ-110 кВ модернизациясы 2013 жылы жүзеге асырылды. 2014 жылы АБҚ-27,5; 35; 10 кВ модернизациясы бойынша жұмыстар жүргізілді. Оларды аяқтау 2015 жылдың алғашқы жартыжылдығында аяқтау жоспарланып отыр.

Сонымен қатар 2014 жылы қарыз қаражат есебінен бекеттерді жарықтық диодқа көшіру бойынша жұмыс та жоспарланды. 2013 жылдың 19 желтоқсанында «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕҚҚДБ)

арасында Несие келісім-шартына қол қойылды.

2017 жылға дейін барлығы 262 бекетті жарықтандырудың модернизациялауы жоспарланған. 2014 жылы жарықтық диодқа 44 бекет өту керек деп көрсетілген.

05.11.14ж. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-дағы ЕҚҚДБ кеңесшісі жарықтық диод шамдарын жеткізу бойынша тендерге қатысу өтінімдерін бағалау есебін берді. Құрамына «Инкотекс-СК» ЖШҚ, «ЛидерЛайт» ЖШҚ, «Дисплейные системы» ЖШҚ кіретін «Инкотекс» компаниялар тобы бірлестігімен (РФ) 30.12.2014ж. 1 547 млн теңгенің (6, 959 млн еуро) №1491-МЖД және 14.01.2015ж. №22-МЖД 253,420 млн теңгенің (1, 168 млн еуро) келісім-шарттары бекітілді.

Жүк жіберушілер мен жүк қабылдаушылардың өзара ақпараттық байланысы және эксплуатациялық жұмыстың технологиялық процестерін автоматтандыру бойынша қызмет түрлерін іске қосу үшін жоспарлы түрде автоматтандырылған және интеллектуалды басқару жүйелері енгізілуде.

Мәселен, дер кезінде отын-энергетикалық шығын тұтуын бақылау мен талдау үшін «Энергиядиспетчерлік жетек» автоматтандырылған басқару жүйесі (ЭДЖ АБЖ) енгізіліп жатыр. 01.01.2015 ж. жағдай бойынша тұрақты пайдалануға:

- ▲ 892 тепловоз секциясы (оның ішінде 310 2ТЭ10МК сериясының секциясы, 359 2ТЭ10 сериясының секциясы, 186 ТЭМ бірлігі, 37 ЧМЭ бірлігі);
- ▲ 997 электровоз секциясы (оның ішінде 955 ВЛ80 сериясының секциясы, 17 ВЛ40 сериясының секциясы, 25 КЗ4 сериясының секциясы берілді).

2014 жылы Қызылорда, Маңғыстау (Қызылорда, Шиелі, Белқұл, Жосалы, Тереңөзек, Жаңақорған, Қазалы, Төретам, Арал, Сексеуілді, Маңғыстау, Болашақ, Өзен, Ақтау Порт, Жетібай, Ералиев) ЖББ-ның 16 бекетіне АБЖ өндірістік пайдалануға, ал Шымкент, Орал, Атырау (Шымкент, Қазығұрт, Текесу, Қызылсай, Түлкібас, Түркістан, Махамбет, Ганюшкино, Орал, Жилаево) ЖББ-ның 10 бекетіне тәжірибелік пайдалануға берілді.

2015 жылдың қаңтар айында АБЖ Қызылорда ЖББ-ның 9 бекетіне (26-жол айрығы, Талап, Бесарық, Шорнақ, Жалағаш, Ордасы, Байқожа, Қамышлабаш, Чумыш) тәжірибелік пайдалануға берілді. Бұған қоса осы жылы аталған жүйені 10 бекетке өндірістік пайдалануға енгізу жоспарланып отыр.

«Магистраль» АБЖ-ін жүзеге асыру аясында магистралды, бекет жолдарының жұмысына диагностика жүргізіп, сақтап отыру бойынша ең қолайлы деген технологиялық әдістер мен техникалық құралдар, мүмкіндіктер іздеу мақсатында ғылыми-тәжірибелік және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізілуде.

«Магистраль» АБЖ-ны қаржыландыру көлемі ҒТТКЖ нәтижелері бойынша анықталатын болады. 2013-2014 жж. арналған Күнтізбелік жоспарға сәйкес барлық жоспарланған жұмыс атқарылған. Сипаттамаларды жақсарту бөлігіндегі техникалық ерекшелікке өзгерістер енгізілді. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма отырысының №02/33 хаттамасына сәйкес келісім-шартты орындау мерзімі 15.07.2015 жылға дейін ұзартылды.

Инновациялық даму жолына көшу жағдайында басқару шешімдерін қабылдау үшін ғылыми-техникалық ақпараттың рөлі артады. 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап Компанияда Ғылыми-техникалық ақпараттың автоматтандырылған басқару жүйесі (ҒТА АБЖ) енгізілді. Жүйенің мәліметтер базасын пайдалану мүмкіндігіне барлық құрылымдық бөлімдер мен Компания доменіндегі еншілес ұйымдар ие. Корпоративті білім порталын құру мақсатында барлық 36 техникалық кітапхана үшін «электронды кітапхана» үшін негізгі платформа болып табылатын «ИР-БИС-64» автоматтандырылған кітапханалық ақпараттық жүйесі мен құрылғылар алынып, орналастырылған.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Өнертапқыштық қызметі ережесіне жыл сайын ең үздік техникалық шешімдер бойынша өткізілетін байқауға қатысты номинациялар қатарын арттыру жөніндегі өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп жатыр. Қазіргі уақытта көрсетілген бір номинацияға тағы қосымша 7 номинация қосу ұсынылды.

Инновацияларды басқару жүйесін жетілдіру, сонымен қатар интеллектуалды меншік қоржынын құруды да қарастырады. Қазіргі уақытта Компанияда интеллектуалды меншік объектілерін инвентаризациялау жүргізілді, интеллектуалды меншік бойынша сарап комиссиясы құрылды, интеллектуалды меншік мәселелерін басқаруды реттестіретін бірқатар нормативті құжаттар бекітілді.

Жалғыз акционердің талаптары жайлы хатын орындау үшін 2014 жылы Компанияға технологиялық аудит жүргізу, еншілес ұйымдарға инновациялық даму бойынша бағдарламалық құжаттар дайындау, сондай-ақ, ғылыми-зерттеу қызметіне қатысты функционалдық міндеттемелерді қарастыратын, екі жақты көшіруді жоққа шығаратын Реттеме құру тапсырылды. Реттемені ҚазККА мен КФЗИ бірлесіп дайындап, сол жылдың 19 қыркүйегінде бекітті.

Техаудитті пилоттық режимде Қостанай және Шымкент ЖББ-да өткізу жоспарлануда. 2 консалтинг компаниясынан коммерциялық ұсыныстар түсті. Қазіргі уақытта сол жылдың 20 наурызында өткізілген консалтинг қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендердің нәтижелерін шығару бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

Еншілес ұйымдардың инновациялық даму бойынша бағдарламалық құжаттар дайындау мәселесіне келсек, 2014 жылы өз уақытында «Локомотив» АҚ-нан басқа барлық еншілес ұйымдар аталған құжатты бекітті. «Локомотив» АҚ құжаты дайын, келісілген, бірақ АҚ Директорлар кеңесімен бекітілмеген.

Ұлттық компаниялардың инновациялық даму деңгейін анықтау мақсатында жыл сайын Қор инновациялық қызметтің 10 негізгі көрсеткіші (ҚНҚ) негізінде «Инновациялық-технологиялық даму рейтингі құрылады».

Қордың Индустриалды-инновациялық саясатының талаптарына сәйкес Ұлттық компаниялар жыл сайын инновациялық қызмет бойынша қорытынды есеп ұсынады. Өткен жылғы Инновациялық-технологиялық даму рейтингі 88,5 балды құрады (2013 жылы рейтинг көрсеткіші 77,14 балл болды). ■

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Жалғыз акционер мен өзге де мүдделі тараптардың мүддесін сақтау негізінде корпоративтік басқару тиімді механизмдеріне негізделген қоғамның үйлестірілген дамуына ұмтылады және қызметінің барлық бағыты бойынша нәтижелердің барынша тиімділігі және айқындығын қамтамасыз ететін басқару жүйесін қалыптастырады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративтік басқаруы жыл сайын «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобындағы Корпоративтік басқаруға диагностика жүргізу әдістемелігіне сәйкес ең үздік тәжірибеге сай келетіні тұрғысынан бағаланады.



Бағалау көрсеткіші корпоративтік басқару рейтингі болып табылады.

2014 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-дағы корпоративтік басқару диагностикасы Ішкі аудит қызметінің күшімен жүзеге асырылды: ағымдағы корпоративтік басқару барысына талдау жүргізілді және оны әрі қарай жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленді.

Жоба нәтижелері «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның 2015 жылғы корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша қолға алынатын шаралар жоспарына негіз болды.

Ең жоғарғы басқару органы Директорлар кеңесіне компания қызметінің жалпы басшылығын жүргізу құқығын беретін Жалғыз акционер – «Самұрық-Қазына» АҚ болып табылады.

Компаниядағы корпоративтік басқару Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүддесін қорғау және құрметтеу ұстанымына негізделген. Жалғыз акционер Заңнама мен Жарғыда қарастырылған құқықтарға ие.

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ АЙРЫҚША ҚҰЗІРЕТІНЕ КЕЛЕСІ МӘСЕЛЕЛЕР КІРЕДІ:

- ▲ Компания Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту;
- ▲ корпоративтік басқару кодексін бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- ▲ Компанияны өз еркімен қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- ▲ Компанияның жылдық есебін және жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
- ▲ Есептік қаржылық жыл үшін Компанияның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімдер қабылдау және Компанияның бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшерін бекіту;
- ▲ олар бойынша шешімдер қабылдау Заңнамамен және (немесе) Жарғымен Компанияның Жалғыз акционерінің айрықша құзіретіне жатқызылған өзге де мәселелер;
- ▲ Жалғыз акционер Компанияның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Компанияның өзге органдарының кеш келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі ұзақ мерзімді перспективаға Компанияның стратегиялық мақсаттарын, дамудың басым бағыттарын анықтайды және қызметтің негізгі тұспалдарын белгілейді, қойылған мақсаттың орындалуы үшін қажетті қаржылық және адами ресурстардың болуын қамтамасыз етеді. Директорлар Кеңесі «ҚТЖ» ҰК» АҚ атқарушы органы қызметіне бақылау жасайды.

Директорлар кеңесі құрамының құрылымы Жалғыз акционер мүддесінің әділ және бейтарап түрде көрініс табуын қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесінің сандық құрамын Жалғыз акционер анықтайды. Тек жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІН САЙЛАУ ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ БАРЫСЫНДА ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛІГІНЕН ҮМІТКЕРЛЕРДІ ІРІКТЕУ-ГЕ ҚАТЫСТЫ КЕЛЕСІ ТАЛАПТАРДЫ БАСШЫЛЫҚҚА АЛАДЫ:

- ▲ Жалғыз акционер мен Қоғам Директорлар кеңесі өзге де мүшелерінің үміткерге сенім білдіруі;
- ▲ іскери және салалық ортада қол жеткізген оң жетістіктері мен мүлтіксіз репутациясы;
- ▲ үміткердің Жалғыз акционер мен Қоғамның мүдделеріне барынша сай келетін ойластырылған шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін кәсіби білімі мен біліктілігі. Қоғамның негізгі қызметіне сәйкес келетін саладағы ғылыми дәрежесінің барлығы қосымша артықшылық болып табылады;
- ▲ кем дегенде 3 (үш) жыл бойы басқару жұмыс тәжірибесінің барлығы. оғамның негізгі қызметіне сәйкес келетін саладағы басқару жұмысына басымдық ;

- ▲ өзіне жүктелген функцияны тиімді атқаруға мүмкіндік беретін қажетті уақыт көлемінің барлығы.

ЕГЕР ДИРЕКТОР:

- ▲ Қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмаса және оның Директорлар кеңесіне сайлануының алдындағы 3 (үш) жыл ішінде Қоғам үлестесі болмаса (Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болғанынан басқа);
- ▲ Қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты алғанда үлестес тұлға болып табылмаса;
- ▲ Қоғамның немесе Қоғамның үлестес ұйымдарының лауазымдық тұлғаларымен бағынышты қатынаста болмаса және оның Директорлар кеңесіне сайлануының алдындағы 3 (үш) жыл ішінде бағынышты қатынаста болмаса;
- ▲ Қоғам аудитору болып табылмаса және оның Директорлар кеңесіне сайлануының алдындағы 3 (үш) жыл ішінде Қоғам аудитору болмаса;
- ▲ мемлекеттік қызметкер болып табылмаса.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ тәуелсіз директорлары аталған талаптарға сай келеді.

Қоғамның Басқарма Төрағасынан өзге Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Қоғамның Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2014 ЖЫЛҒЫ ҚҰРАМЫ

2014 жылғы 1 тамыздағы «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен (№36/14 хаттама):



«ҚТЖ» ҰК» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КЕЛЕСІ МҮШЕЛЕРІ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ӨЗ ӨКІЛЕТТІКТЕРІН ТОҚТАТТЫ:

- ▲ Оразбеков М.Ж. – «Самұрық-Қазына» АҚ көлік активтерін басқару жөніндегі директоры, Жалғыз акционердің өкілі;
- ▲ Қасымбек Ж.М. – Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі;
- ▲ Есенғарин Н.Қ. – тәуелсіз директор;
- ▲ Уолтон Крис - тәуелсіз директор.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНА САЙЛАНДЫ:

- ▲ Шомоди Кальман – тәуелсіз директор;
- ▲ Кристиан Кун – тәуелсіз директор;
- ▲ Джереми Дрю – тәуелсіз директор;
- ▲ Балапанов Е.Ж. – Жалғыз акционердің өкілі.

2014 жылғы 17 қарашадағы «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен (№52/14 хаттама) «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына Жалғыз акционердің өкілі – Илькявичюс А.О. сайланды.



БАЙДӘУЛЕТОВ НҰРЖАН ТӘЛІПҰЛЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

1960 жылы туған. 1986 жылы «Теміржол көлігінде тасымалдау процесін басқару» мамандығы бойынша Мәскеу теміржол көліктері институтын бітірген. 1986 жылы еңбек жолын поезд құраушы, Целинный темір жолының Екібастұз бекеті бойынша кезекші болып бастаған. Екібастұз станциясында инженер – технолог, Павлодар қ. Павлодар – Северный бекетінде бас инженер болып жұмыс істеген. 1989 жылдан 1998 жылға дейін Целинный темір жолының Павлодар бөлімшесінің тасымалдау бөлімі бастығының орынбасары, Павлодар қ. Павлодар бекетінің бастығы, Целинный темір жолының Павлодар бөлімшесінің тасымалдау бөлімі бастығының бірінші орынбасары, «Қазақстан темір жолы» РМК Ақмола темір жолының бастығы. 1998 ЖЫЛЫ Қазақстан Республикасының көлік және коммуникация Министрлігінің теміржол көлігі департаменті Директоры қызметіне тағайындалды. 2003 жылдан 2004 жылға дейін – Қазақстан Республикасының көлік және коммуникация Министрлігінің Вице-Министрі. 2004 жылдан 2006 жылға дейін – Қазақстан Республикасының көлік және коммуникация Министрлігінің жол қатынастары комитетінің Төрағасы.

2006 жылдан бастап қазіргі уақытта дейін – «Самұрық» Холдингі» АҚ көліктік және өндірістік активтерін басқару бойынша Директор, «Самұрық» Холдингі» АҚ Басқарушы директоры, Басқарушы директоры, «Самұрық-Қазына» АҚ активтерін басқару жөніндегі бас директор, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы. Қазақстан Республикасының азаматы. Компанияның жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларын иеленбейді. Директорлар кеңесіне алғаш рет 2006 жылдың 26 маусымында сайланған, 2012 жылдың 21 маусымында қайта сайланған.



МАМИН АСҚАР ҰЗАҚПАЙҰЛЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ, «ҚТЖ» ҰК» АҚ ПРЕЗИДЕНТІ – БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ

1965 жылы дүниеге келген. Целиноград инженерлік-құрылыс институтын, Г.В. Плеханов атындағы. Ресей экономикалық академиясын инженер-құрылысшы, экономист мамандығы бойынша тәмамдады. еңбек қызметін 1987 жылы «Целинтяжстрой» трестінің құрастырушысы ретінде бастады. Қазақстан жаңартпашыл кәсіпорындарының одағында бас директорының орынбасары ретінде жұмыс істеді. 1996 жылдан 2008 жылға дейін – Астана қаласы Әкімінің бірінші орынбасары, Қазақстан Республикасының көлік және коммуникация вице-министрі, индустрия және сауда бірінші вице-министрі, көлік және коммуникациялар министрі, Астана қаласының әкімі.

2008 жылдың сәуір айынан бастап – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы-Президенті, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі. Қазақстан Республикасының азаматы. Компанияның жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларын иеленбейді. Директорлар Кеңесіне алғаш рет 2008 жылдың 4 сәуірінде сайланған, 2012 жылдың 21 маусымында қайта сайланған.



ОРАЗБЕКОВ МАРАТ ЖАҢАБЕРГЕНҰЛЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ

1960 жылы туған. 1986 жылы Алматы теміржол көлігі инженерлері институтын бітірген және инженер – электромеханик біліктілігін алған. 2000 жылы мемлекеттік және муниципалдық басқару мамандығы бойынша Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік қызмет Академиясын аяқтаған. Еңбек өтілін локомотивтік депо шебері, аға шебері болып бастаған. 1988 жылдан Алматы темір жолдың Арыс локомотивтік депосына бас технолог болып тағайындалады. 1993 жылдан 2003 жылға дейін Қазақстан Республикасы көлік министрлігінің Теміржол көлігі Департаментінің зауыттық және жөндеу кешенін дамыту білімі бастығының орынбасары, бастығы, теміржол көлігі Департаменті директорының орынбасары, одан кейін осы Департаменттің директоры болып тағайындалған. 2003 жылдың тамыз айынан 2008 жылдың қазанына дейін ҚР көлік және коммуникация министрлігінің теміржол көлігі Комитеті Төрағасының орынбасары, көлік және коммуникация Министрлігінің жол қатынасы Комитетінің Төрағасы. 2008 жылдың қазан айынан бастап қазіргі уақытқа дейін «Самұрық-Қазына» АҚ көлік активтерін басқару бойынша дирекция директоры болып қызмет атқарады.

2012 жылдың қаңтар айынан бастап 2014 жылдың 1 тамызына – «ҚТЖ» ҰК» АҚ директорлар Кеңесінің мүшесі. Қазақстан Республикасының азаматы. Компанияның жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларын иеленбейді. Директорлар Кеңесіне алғашқы рет 2012 жылдың 24 қаңтарында сайланған, 2012 жылдың 21 маусымында қайта сайланған. 2014 жылдың 1 тамызында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.



ҚАСЫМБЕК ЖЕҢІС МАХМҰДҰЛЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ

1975 жылы туған. Сәулетші-дизайнер мамандығы бойынша Қазақ мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясын және мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы бойынша Еуразиялық университетті бітірген. еңбек өтілін «темірбанк» аақ бас банкирі болып бастаған. Табиғи монополияны реттеу және бәсекелікті қорғау бойынша ҚР Агенттігі порттары мен теміржол көлігі бөлімінде бастық болып, координация мен тарифтік саясат Департаментінің тарифтік саясат бөлімінің бастығы, ҚР көлік және коммуникация Министрлігінің су көлігі Департаментінің директоры, «Ақтау халықаралық теңіз порты» РМК директоры болып жұмыс істеген. 2005 жылдың қараша айынан бастап – Қазақстан Республикасы көлік және коммуникация Вице-министрі. 2009 жылдың 12 наурызынан 2014 жылдың 7 наурызына дейін Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігінің Жауапты хатшысы болып қызмет атқарды. 2014 жылдың 7 наурызынан 2014 жылдың 8 маусымына дейін – қазақстан республикасының көлік және коммуникациялар министрі. 2014 жылдың 13 тамызынан бастап қазақстан республикасының инвестициялар және даму министрінің бірінші орынбасары болып тағайындалды.

2011 жылдан 2014 жылдың 1 тамызына дейін – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі. Қазақстан Республикасының азаматы. Компанияның жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларын иеленбейді. Директорлар Кеңесіне алғаш рет 2006 жылдың 20 маусымында сайланған, 2012 жылдың 21 маусымында қайта сайланған. 2014 жылдың 1 тамызында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.



СЫЗДЫКОВ ТИТО УАҚАПҰЛЫ

ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР

1948 жылы туған. Семей зоотехникалық – ветеринарлық институтын Павлодар университетін аяқтаған. Әлеуметтік сала мен экономика және менеджмент бойынша магистр. Тито Сыздықов он жылдай Павлодар облысы шаруашылығында жұмыс істеген. Совхоз басқарған, одан кейін көп жылдар бойы жауапты партиялық және кеңестік қызметтерге тағайындалған. 1997 жылдан 1999 жылға дейін павлодар облысының ақсу қаласында әкім болып істеген. 1999 жылы қазақстан республикасы парламент мәжілісінің депутаты болып сайланған.

2012 жылдан бастап – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор. Қазақстан Республикасының азаматы. Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларын иеленбейді. Директорлар Кеңесіне алғаш рет 2012 жылдың 2 қазанында сайланған.



ЕСЕНҒАРИН НЫҒМЕТЖАН ҚАБАТАЙҰЛЫ

ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР

1941 жылы туған. 1964 жылы Орал теміржол көлігі инженерлерінің электромеханикалық институтын бітірген. 1984 жылы КСРО Министрлері Кеңесінде Халық шаруашылығы академиясын аяқтаған. Экономикалық ғылымдар докторы ғылыми дәрежесіне ие. 1964 жылдан 1986 жыл аралығында – инженер, бас инженер, целиноград дабыл мен байланыс арақашықтығы бастығы, целиноград жол бөлімі дабыл мен байланыс арақашықтығы бастығы, қазақ темір жолы бас инженерінің орынбасары – техника бөлімінің бастығы, бас инженер, целинный темір жолының бастығы. 1986 жылдан 1991 жылға дейін – КСРО Жол қатынасы министрлігінің министр орынбасары, Алматы темір жолының бастығы. 1991 жылдан 2002 жылға дейін Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрі, Қазақстан Республикасы премьер-министрінің бірінші орынбасары, Кеден Одағы Интеграциялық комитетінің төрағасы (Беларусь, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан), Еуразия Экономикалық қауымдастығының Бас хатшысының орынбасары.

2002 жылдан бастап қазіргі уақытта дейін – «Экономтранс консалтинг» ЖШС Бас директоры, Қазақстан Ұлттық Экспедиторлар Ассоциациясының, Қазақстан тасымалдаушылар мен вагон операторлары ассоциациясының төрағасы. 2006 жылдан бастап 2014 жылдың 1 тамызына дейін – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор. Қазақстан Республикасының азаматы. Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларын иеленбейді. Директорлар Кеңесіне алғаш рет 2006 жылдың 20 маусымында сайланған, 2013 жылдың 17 маусымында қайта сайланған. 2014 жылдың 1 тамызында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.



УОЛТОН КРИС

ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР

1957 жылы туған. Батыс Аустралия университетін бітірген. Саясаттану бакалавры және қаржы саласында бизнес магистрі (МВА) дәрежесі бар. 1983 жылдан 2005 жылға дейін – Д. Эванс сенаторы жанында ғылыми қызметкер, «БиПи Аустралия» компаниясында ұжымдық жоспарлаушы, топты қаржылық жоспарлау бойынша менеджер, қаржы директоры міндетін атқарушы, Аустралия әуежолы тобының қаржы менеджері, Аустралия пошта қаржы басқармасының бас менеджері, қаржы менеджері, «Нью-Зеланд Эйр» халықаралық департаменті директоры міндетін атқарушы, тиімді серіктестік бойынша бас менеджер, «Квантас Эрвейз» қаржылық талдау және жоспарлау бойынша бас менеджер, «ИзиДжет» АҚ қаржы директоры. Қазіргі уақытта – «Голденпорт Холдингс Инк» Директорлар кеңесінің тәуелсіз төрағасы, тәуелсіз директор, «Рокхopper Эксплорейшн» ААҚ аудиторлық комитетінің төрағасы.

2008 жылдан бастап 2014 жылдың 1 тамызына дейін – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор. Ұлыбритания азаматы. Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларын иеленбейді. Директорлар Кеңесіне алғаш рет 2008 жылдың 13 маусымында сайланған, 2012 жылдың 21 маусымында қайта сайланған. 2014 жылдың 1 тамызында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.



ШОМОДИ КАЛЬМАН

ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР

1959 жылы дүниеге келген. 1983 жән 1989 жылдар аралығында Венгр мемлекеттік темір жолдарында (МAB) Бас директордың жүк тасымалы бойынша көмекшісі, МAB Халықаралық басқармасының бөлім бастығы секілді бірқатар лауазымдарды атқарған. Шомоди мырзаның халықаралық мансап жолы Темір жолдар серіктестігі ұйымымен (ТЖСҰ, Варшава) айтарлықтай дәрежеде байланысты болды: 1989 және 1992 жылдар аралығында Төраға орынбасары және Көлік құқығы бойынша комиссия Төрағасы қызметтерін қатар алып жүрді; 1993 және 1999 жылдар аралығында Көлік саясаты бойынша комиссия Төрағасы қызметін атқарды; 2002 және 2008 жылдар аралығында Атқарушы хатшы лауазымында болды. 1999 және 2002 жылдар аралығында Халықаралық темір жолдар одағында (ХТЖО, Париж) ТМД және Балтық елдерімен байланыс бойынша өкілетті тұлға қызметін атқарды. 2008 жылдан 2011 жылға дейін - МAB ЖАҚ Басқарма бастығы. Осымен қатар, 2006 жылдан 2012 жылға дейін тәуелсіз директор ретінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит бойынша комитетінің Төрағасы, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Кадр және сыйақы бойынша комитетінің мүшесі болды.

2011 жылдың 1 маусымынан бастап ТЖСҰ Атқарушы хатшысы қызметін атқарады, Венгрия атынан ТЖСҰ Комитетінің мүшесі болып табылады. Венгрия азаматы. Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларын иеленбейді. Директорлар Кеңесіне алғаш рет 2006 жылдың 20 маусымында сайланған, 2009 жылдың 21 маусымында үш жыл мерзімге қайта сайланған. 2014 жылдың 1 тамызында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде қайта сайланды.



КРИСТИАН КУН

ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР

1965 жылы дүниеге келген. 1992 жылдың ақпаны мен 1996 жылдың ақпаны аралығында – Ганновер Университеті Тасымалдау, ТЖ құрылысы және операциялық қызметі институтының ғылыми қызметкері, Ганновер университетінің Ғылым докторы. 1996 жылдың наурызы мен 1999 жылдың желтоқсаны аралығында – жоба жетекшісі, Deutsche Eisenbahn Gesellschaft mbH (DEG) жүк тасымалы бөлімінің басшысы. 2000 жылдың қарашасы мен 2005 жылдың қазаны аралығында – Connex Cargo Logistics (CCL) Басқарушы Директоры. 1998 жылдың тамызы мен 2005 жылдың ақпаны аралығында – Industriebahn-Gesellschaft Berlin mbH (IGB) Басқарма Директоры және Niederbarnimer Eisenbahn AG (NEB) Басқарма мүшесі. 2005 жылдың қарашасы мен 2009 жылдың ақпаны аралығында – болат құю және көмір өндірісі бөлімшесінің бастығы (Stinnes Freight Logistics/Railion Deutschland AG). 2009 жылдың сәуірінен бастап қазіргі уақытқа дейін – Martrade Holding und Management GmbH Басқарушы Директоры, Martrade Group и Tata Martrade International Logistics Ltd (TMILL) Тәуелсіз Директоры, Колката, Үндістан. 2010 жылдың қаңтарынан 2011 жылдың мамыр айына дейін – DB Schenker Rail Өндіріс Басқармасы Төрағасының Орынбасары, DB Schenker Rail GmbH Өндіріс бойынша Басқарушы Директоры, BLS Cargo AG (Берн), NordCargo srl (Милан), DB Schenker Rail Scandinavia A/S (Копенгаген) және XRail SA (Брюссель) Тәуелсіз Директоры. 2005 жылдың қарашасынан 2009 жылдың ақпанына дейін және 2010 жылдың қаңтарынан 2011 жылдың мамыр айына дейін – Deutsche Bahn AG Өндіріс Басқарма Кеңесінің Мүшесі, Басқарушы Директор.

2011 жылдың маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін – ТЖ және логистика саласындағы тәуелсіз кеңесші. Германия азаматы. Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларын иеленбейді. 2014 жылдың 1 тамызында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде тұңғыш рет сайланды.



ДЖЕРЕМИ ДРЮ

ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР

1948 жылы дүниеге келген. Теміржол саясаты, стратегиясы, реттестіру және коммерциялық мәселелер бойынша маманданған темір жол саласындағы кеңесші. Әлемнің жиырмадан астам елінің темір жол саласында қызмет істеген. 1979 жыл мен 1985 жыл аралығында – Бүкіләлемдік банк (World Bank). 1985 жыл мен 1993 жыл аралығында – қазіргі уақытта IBM деген атаумен белгілі офиса Куперс энд Лайбрэнд Менеджмент Косалтэнтс (Lybrand Management Consultants) компаниясының Прага кеңесінің негізін қалаушы, директор. 1995 жыл мен 1997 жыл аралығында – британ Темір жолдар қызметін реттестіру басқармасы. 2008 жыл мен 2010 жыл аралығы – Еуропалық Темір жолдар қауымдастығы. Жақында атқарылған жұмыс тәжірибесіне Юнайтед Стейтс Транспортишн (United States Transportation) үшін Теміржол қаржыландырылуын Зерттеу және Дамыту кеңесіндегі; Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкі үшін Ресей мен Румыниядағы теміржол инфрақұрылымы тарифтері бойынша даярлаған жұмысы; теміржол жекешелендіруі бойынша грек үкіметіне әзірлеген жұмысы, британ Франчайзинг (концессия) саясаты бойынша департаменті үшін және Арифка даму банкі үшін бизнес-жоспар және Шығыс Африкадағы жаңа желіні қаржыландыру бойынша дайындаған жұмыстары кіреді.

Ұлыбритания азаматы. Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларын иеленбейді. 2014 жылдың 1 тамызында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде тұңғыш рет сайланды.



БАЛАПАНОВ ЕРІК ЖҰМАХАНҰЛЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ

1968 жылы дүниеге келген. Алматы халық шаруашылығы институтын, Еуразиялық нарық институтын тәмамдаған. Экономика ғылымдарының кандидаты. Еңбек жолын бухгалтер оқушысы, асыл тұқымды зауыт бригадирі болып бастаған. 1995-1998 жылдары – «Тұранбанк» ҚАБ-те валюталық операциялар бөлімінің бастығынан бастап банк Басқарма Төрағасының орынбасарына дейінгі түрлі қызметтерді атқарған. 1998 жылдан 2000 жылға дейін – «Нан өнімдері» ЖШС Директорлар кеңесінің Төрағасы. 2000 жылдан 2001 жылға дейін – «Алматы Коммерциялық банкі» ААҚ Басқарма Төрағасының м.а. 2001 жылдан 2002 жылға дейін – «Қазақстанның Даму Банкі» ЖАҚ басқарушы директоры. 2002 жылдан 2003 жылға дейін – «Каспий өндірістік-қаржылық тобы» ЖШС бас директорының орынбасары. с 2001 года по 2002 год – управляющий директор ЗАО «Банк Развития Казахстана». 2003 жылдан 2012 жылға дейін – «Қазкоммерцбанк» АҚ Басқарушы директоры және осымен қатар «Қазкоммерцбанк» АҚ бірқатар еншілес ұйымдары Директорлар кеңесінің Төрағасы. 2012 жылдан 2013 жылға дейін – «БТА Банк» АҚ Басқарма Төрағасының Кеңесшісі, Басқарма Төрағасы.

2014 жылдың қаңтарынан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Zenith» ЖШС директорының орынбасары болып қызмет атқарады. Қазақстан Республикасының азаматы. Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларын иеленбейді. 2014 жылдың 1 тамызында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде тұңғыш рет сайланды.



ИЛЬКЯВИЧЮС АДАМАС ОЛЕГАС

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ

1975 жылы дүниеге келген. 1996 жылдан 2000 жылға дейін – Ашық университет, Бизнес басқару мен компьютерлік ғылымдар саласындағы бакалавр, Тель Авив, Израиль; 2005 жылдан 2007 жылға дейін – BMI Бизнес мектебі, BMI-197 Халықаралық іскери әкімшілік магистрі, Копенгаген, Дания. IBM Global Business Services, бағдарлама Атқарушы директоры. 2009 жылдан 2013 жылға дейін – Бас директор, Eurasian Natural Resources Corporation Ғаламдық бизнес трансформациясының және Бизнес пен технология басқармасының (ENRC BTS) Бағдарлама менеджері.

2013 жылдың 26 қарашасынан бастап қазіргі уақытқа дейін – Басқарма Төрағасының Кеңесшісі, «Самұрық-Қазына» АҚ Бизнес трансформациясы бойынша Бас директоры. Литва Республикасының азаматы. Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларын иеленбейді. 2014 жылдың 1 тамызында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде тұңғыш рет сайланды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Директорлар кеңес Компания қызметін тиімді түрде басқару және тиісті бақылау жүргізу үшін Жалғыз акционер алдында жауапкершілікті міндет етіп алады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі 2014 жылдың 1 тамызына дейін 7 мүшеден тұрды, олардың 3-еуі тәуелсіз болды, ал 2014 жылдың

1 тамызынан 2014 жылдың 17 қарашасынан дейін «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі 8 мүшеден тұрды, олардың 4-еуі тәуелсіз болды.

Барлығы 2014 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі 12 отырыс өткізді, оның 9 жүзбе-жүз кездесу түрінде жүрді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖҮЗБЕ-ЖҮЗ КЕЗДЕСУ ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСУЫ:

ТАӘ	Жүзбе-жүз кездесу отырыстарына қатысуы	Отырысқа қатыспау себептері
Байдәулетов Н.Т.	9-дың 9-ы	
Мамин А.Ұ.	9-дың 3-і	4 – іссапарда болуына байланысты 1 – демалыста болуына байланысты 1 – «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен Alstom Transport арасындағы келісімге қол қоюға байланысты
Қасымбек Ж.М.	6-дың 2-і	3 – іссапарда болуына байланысты 1 – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің жиналысына қатысуына байланысты
Оразбеков М.Ж.	6-дың 6-ы	
Есенғарин Н.Қ.	5-дің 4-і	1 – ауруына байланысты
Сыздықов Т.У.	9-дың 9-ы	
Уолтон К.	6-дың 6-ы	
Шомоди К.	3-дің 3-і	
Кун К.	3-дің 3-і	
Дрю Д.	3-дің 3-і	
Балапанов Е.Ж.	3-дің 3-і	
Ильявичюс А.О.	1-дің 1-і	

2014 ЖЫЛЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖҮЗЕГЕ АСУЫНА ТӨМЕНДЕГІЛЕР МҮДДЕЛІ КЕЛІСІМДЕРГЕ ҚАТЫСТЫ 2 МӘСЕЛЕНІ ҚАРАСТЫРДЫ:

- Жүзеге асуына 2010 жылы Kazakhstan Temir Zholy Finance B.V. шығарған еурооблигациялар бойынша эмитентті өзгерту аясындағы қосымша келісімдерге қол қою арқылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ мүдделі болған келісімнің бекітілуі туралы;
- Жүзеге асуына «Ақтөбе рельс арқау зауыты» ЖШС міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ арасындағы кепілдік келісін қамтамасыз ету үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен «Көлік технологиялары» ЖШС арасында кепілдік келісіміне қосымша келісімдерге қол қою арқылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ мүдделі болған келісімнің бекітілуі туралы.

2014 ЖЫЛЫ ОТЫРЫСТАРДА 122 МӘСЕЛЕ ҚАРАСТЫРЫЛДЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ:

- Жалғыз акционерге қатысты - 2;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесіне қатысты - 17;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасына қатысты - 1;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Ішкі аудит қызметіне қатысты - 15;
- әлеуметтік сипаттағы - 5;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ реттелген қызметіне қатысты - 11;
- өндірістік-экономикалық сипатқа қатысты - 53;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметі туралы есептерге қатысты - 16;
- жаңа кәсіпорынның ашылуына қатысты - 2.

Қарастырылған 122 мәселе бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі 270 тапсырма берді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ЖАНЫНДА КЕЛЕСІ КОМИТЕТТЕР ҚҰРЫЛДЫ:

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит бойынша комитеті

2014 ЖЫЛДЫҢ 1 ТАМЫЗЫНА ДЕЙІН 4 ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІНЕН ТҰРДЫ, ОЛАРДЫҢ 3-І ТӘУЕЛСІЗ БОЛДЫ:

Уолтон К.	Тәуелсіз директор, Комитет Төрағасы;
Сыздықов Т.У.	Тәуелсіз директор, Комитет Мүшесі;
Есенғарин Н.Қ.	Тәуелсіз директор, Комитет Мүшесі;
Қасымбек Ж.М.	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар Министрі, Директорлар кеңесінің Мүшесі, Комитет Мүшесі.

2014 ЖЫЛДЫҢ 1 ТАМЫЗЫНАН КЕЙІН 4 ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІНЕН ТҰРАДЫ, ОЛАРДЫҢ 3-І ТӘУЕЛСІЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ:

Шомоди К.	Тәуелсіз директор, Комитет Төрағасы;
Сыздықов Т.У.	Тәуелсіз директор, Комитет Мүшесі;
Дрю Д.	Тәуелсіз директор, Комитет Мүшесі;
Балапанов Е.Ж.	Жалғыз акционердің Өкілі, Комитет Мүшесі.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Кадр және сыйақы мәселелері бойынша комитеті

2014 ЖЫЛДЫҢ 1 ТАМЫЗЫНА ДЕЙІН 4 МҮШЕДЕН ТҰРДЫ, ОЛАРДЫҢ 3-І ТӘУЕЛСІЗ БОЛДЫ:

Сыздықов Т.У.	Тәуелсіз директор, Комитет Төрағасы;
Оразбеков М.Ж.	«Самұрық-Қазына» АҚ көлік активтерін басқару жөніндегі Директоры, Директорлар кеңесінің Мүшесі, Комитет Мүшесі.
Уолтон К.	Тәуелсіз директор, Комитет Мүшесі;
Есенғарин Н.Қ.	Тәуелсіз директор, Комитет Мүшесі;
Ордабаева А.Т.	«Самұрық-Қазына» АҚ Қызметкерлер құрамын басқару жөніндегі департаментінің Бас менеджері, Комитет сарапшысы;
Лепесбаев А.М.	«ҚТЖ» ҰК» АҚ Экономика және қаржы Вице-министрі, Комитет сарапшысы.

2014 ЖЫЛДЫҢ 1 ТАМЫЗЫНАН KEЙІН 3 МҮШЕДЕН ТҰРАДЫ, ОЛАРДЫҢ 3-І ТӘУЕЛСІЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ:

Сыздықов Т.У.	Тәуелсіз директор, Комитет Төрағасы;
Кун К.	Тәуелсіз директор, Комитет Мүшесі;
Шомоди К.	Тәуелсіз директор, Комитет Мүшесі;
Ордабаева А.Т.	«Самұрық-Қазына» АҚ Қызметкерлер құрамын басқару жөніндегі департаментінің Бас менеджері, Комитет сарапшысы;
Омарбекова Ш.С.	«ҚТЖ» ҰК» АҚ Вице-президенті, Комитет сарапшысы.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің стратегиялық жоспарлау және инновациялар бойынша комитеті

2014 ЖЫЛДЫҢ 1 ТАМЫЗЫНА ДЕЙІН 5 ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІНЕН ТҰРДЫ, ОЛАРДЫҢ 3-І ТӘУЕЛСІЗ БОЛДЫ:

Есенғарин Н.Қ.	Тәуелсіз директор, Комитет Төрағасы;
Сыздықов Т.У.	Тәуелсіз директор, Комитет Мүшесі;
Уолтон К.	Тәуелсіз директор, Комитет Мүшесі;
Оразбеков М.Ж.	«Самұрық-Қазына» АҚ көлік активтерін басқару жөніндегі Директоры, Директорлар кеңесінің Мүшесі, Комитет Мүшесі.

Қасымбек Ж.М.	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар Министрі, Директорлар кеңесінің Мүшесі, Комитет Мүшесі.
---------------	--

2014 ЖЫЛДЫҢ 1 ТАМЫЗЫНАН KEЙІН 4 ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІНЕН ТҰРАДЫ, ОЛАРДЫҢ 2-І ТӘУЕЛСІЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ:

Кун К.	Тәуелсіз директор, Комитет Төрағасы;
Дрю Д.	Тәуелсіз директор, Комитет Мүшесі;
Балапанов Е.Ж.	Жалғыз акционердің Өкілі, Комитет Мүшесі;
Ильявичюс А.О.	Жалғыз акционердің Өкілі, Комитет Мүшесі (2014 жылдың 5 желтоқсанынан бастап);
Алпысбаев К.К.	«ҚТЖ» ҰК» АҚ Вице-президенті, Комитет сарапшысы;
Жусанбаев Е.С.	«ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративті даму жөніндегі Басқарушы директоры, Комитет сарапшысы.

БАРЛЫҒЫ 2014 ЖЫЛЫ «ҚТЖ» ҰК» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ 21 КОМИТЕТТЕР ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ, ОНЫҢ ІШІНДЕ:

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит бойынша комитеті 8 отырыс өткізді, оның 7-і жүзбе-жүз, ал 1-і сырттай кездесу болды. Барлығы 34 мәселе қарастырылды

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ АУДИТ БОЙЫНША КОМИТЕТІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ОТЫРЫСТАРҒА ҚАТЫСУЫ:

ТАӘ	Жүзбе-жүз кездесу отырыстарына қатысуы	Отырысқа қатыспау себептері
Уолтон К.	4-тің 4-і	
Есенғарин Н.Қ.	3-тің 3-і	
Сыздықов Т.У.	7-нің 7-і	
Қасымбек Ж.М.	4-тің 2-і	2 – іссапарда болуына байланысты
Шомоди К.	3-тің 3-і	
Дрю Д.	3-тің 1-і	2 – іссапарда болуына байланысты
Балапанов Е.Ж.	3-тің 3-і	

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Кадр және сыйақы мәселелері бойынша комитеті 9 жүзбе-жүз отырыс өткізді, 32 мәселе қарастырылды

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КАДР ЖӘНЕ СЫЙАҚЫ МӘСЕЛелері БОЙЫНША КОМИТЕТІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖҮЗБЕ-ЖҮЗ ОТЫРЫСТАРҒА ҚАТЫСУЫ:

ТАӘ	Жүзбе-жүз кездесу отырыстарына қатысуы	Отырысқа қатыспау себептері
Сыздықов Т.У.	9-дың 9-ы	

ТАӘ	Жүзбе-жүз кездесу отырыстарына қатысуы	Отырысқа қатыспау себептері
Оразбеков М.Ж.	6-ның 6-ы	
Есенғарин Н.Қ.	5-тің 3-і	2 – ауруына байланысты
Уолтон К.	6-ның 4-і	2 - іссапарда болуына байланысты
Шомоди К.	3-тің 3-і	
Кун К.	3-тің 2-і	1 - іссапарда болуына байланысты

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің стратегиялық жоспарлау және инновациялар бойынша комитеті 4 жүзбе-жүз отырыс өткізіп, 12 мәселені қарастырды

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР БОЙЫНША КОМИТЕТІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖҮЗБЕ-ЖҮЗ ОТЫРЫСТАРҒА ҚАТЫСУЫ:

ТАӘ	Жүзбе-жүз кездесу отырыстарына қатысуы	Отырысқа қатыспау себептері
Есенғарин Н.Қ.	2-нің 2-і	
Қасымбек Ж.М.	2-нің 0-і	2 - іссапарда болуына байланысты
Оразбеков М.Ж.	2-нің 2-і	
Сыздықов Т.У.	4-тің 4-і	
Уолтон К.	2-нің 0-і	2 - іссапарда болуына байланысты
Кун К.	2-нің 2-і	
Дрю Д.	2-нің 1-і	1 - іссапарда болуына байланысты
Балапанов Е.Ж.	2-нің 2-і	

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Кадр және сыйақы мәселелері бойынша комитеті келесі мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеуде:

Директорларға, Басқарма мүшелеріне, Корпоративті хатшыға, Корпоративті хатшылық аппаратына Қоғамның мақсатын, міндеттері және қазіргі жағдайына байланысты сәйкес сыйақы төлеу;

Директорларға, Басқарма мүшелеріне және Корпоративті хатшыға құрылымданған және ашық сыйақы беру жүйесін енгізу.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің стратегиялық жоспарлау және инновациялар бойынша комитеті келесі мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеуде:

Қоғамның ғылыми-техникалық және инновациялық салаларындағы жағдайға жүргізілген талдау негізінде Қоғамның

бәсекеге қабілеттілігін арттыру және инновациялық қызметін ынталандыру бойынша;

инновациялық саясатты жүргізудегі Қоғам қызметінің тиімді өзара әрекет етуі мен үйлестірілуі бойынша;

инновациялық белсенділікті артты мақсатында Қоғам қызметін реформалау бойынша.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративті басқару кодексінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің қызметіне жыл сайын бағалау жүргізу қарастырылған және үш жылда кем дегенде 1 рет бағалауды тәуелсіз кеңесшілер жүргізуі тиіс.

2012 жылы ең үздік халықаралық корпоративті басқару тәжірибеге сәйкес «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің қызметін бағалау тәуелсіз кеңесші тарту арқылы жүрді, ал 2013 және 2014 жылдары «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің қызметін бағалау сауалнама көмегімен өз-өзін бағалау әдісі арқылы өтті.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің қызметін бағалау «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі шешімімен бекітілген Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің, Төрағасының, Директорлар кеңесі мүшелері мен «ҚТЖ» ҰК» АҚ Корпоративті хатшысының қызметін бағалау әдісі негізінде жүрді.

Бағалау нәтижесі «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесіне өз қызметін ары қарай жетілдіру мен корпоративті басқару тәжірибесін дамыту бойынша бағыттар көрсетті.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУ

Тәуелсіз директорларға сыйақы тағайындау шарттары олармен жасалған келісімде көрсетіледі. Сыйақы тұрақты және ауыспалы бөліктен тұрады. Тәуелсіз директор болып табылмайтын «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері, оның ішінде Жалғыз акционердің өкілдері өз жұмысын ақысыз негізде жүзеге асырады.

2014 ЖЫЛЫ ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАРҒА БЕРІЛГЕН ТӨЛЕМ СОМАСЫ ТӨМЕНДЕГІДЕЙ БОЛДЫ:

ТАӘ	Жылдық сыйақы
Есенғарин Нығметжан Қабатайұлы	3 645 000 теңге
Сыздықов Тито Уақабұлы	7 222 500 теңге
Уолтон Крис	23 850 АҚШ доллары
Шомоди Кальман	19 575 АҚШ доллары
Кун Кристиан	18 675 АҚШ доллары
Дрю Джереми	19 575 АҚШ доллары


БАСҚАРМА

Басқарма Қоғамның алқалы түрдегі атқарушы органы болып табылады. Оның құзырына Қоғамның Қазақстан Республикасының Заңнамасымен, өзге де заңнамалық актілерімен және Жарғысымен Қоғамның өзге органдары мен лауазымды тұлғаларының құзырына жатқызылмаған барлық сұрақтарын шешу кіреді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен Компания Басқармасының 10 адам-на тұратын сандық құрамы анықталды және оның мүшелері сайланды.

Басқарма стратегияның жүзеге асуына және Компанияның ағымдағы қызметіне жауап береді.

2014 жылдың 12 айы ішінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасы 38 отырыс өткізді, оның 32-сі жүзбе-жүз, ал 6-ы сырттай түрде өтті. «ҚТЖ» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелері мен тәуелді акционерлік қоғамдар Басқарма қарауына 401 мәселе енгізді, оның ішінде:



- «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелер;
- ережелерді, қағидаларды, жоспарларды, әдістемелік нұсқауларды бекіту;
- келісім-шарттар жасасу;
- штаттық кестелерді бекіту;
- сатып алулар туралы;
- кадрлық тағайындаулар;
- дебитор/кредитор қарызын есептен шығару;
- акция түрін өзгерту, ұлғайту, орналастыру, жүзеге асыру және иелікке алу;
- еншілес ұйымдардың жарғыларына өзгерістер енгізу және бекіту;
- ағымдағы қызметтің өзге де мәселелері.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ 2014 ЖЫЛҒЫ ҚҰРАМЫ:



МАМИН АСҚАР ҰЗАҚБАЙҰЛЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ПРЕЗИДЕНТІ-БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ

Асқар Ұзақбайұлы Мамин 1965 жылы туған. Целиноград инженер құрылысы институтын, Г.Б. Плеханов атындағы Ресей экономикалық академиясын инженер-құрылысшы, экономист мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын «Целинтяжстрой» тресінде монтаждаушылықтан бастады. 1996-2008 жылдар аралығында Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары, Көлік және коммуникация вице-министрі, Индустрия және сауда бірінші вице-министрі, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрі, Астана қаласының әкімі қызметтерін атқарған. 2008 жылғы сәуірден «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының президенті. «Ерен еңбегі үшін» медалімен (1998ж.), «Құрмет» орденімен (2006 ж.), екінші деңгейлі «Барыс» орденімен (2011ж.), орыс православиелік шіркеуінің Әулие Князь Мәскеулік Даниилдің 3-деңгейлі орденімен (2010 жылы), Француз Республикасының Құрметті Легионы орденімен (2013ж.), Латвия Республикасының «Таным кресті» екінші деңгейлі орденімен (2013ж.), Испания Корольдігінің «Азаматтық еңбегі үшін» бірінші деңгейлі орденімен (2014ж.) марапатталған. Құрметті теміржолшы (2012ж.), Қазақстанның құрметті құрылысшысы (2013 ж.).

ОРЫНБАСАРОВ БАУЫРЖАН
ПАЗЫЛБЕКҰЛЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТІ

1970 жылдың 22 қазанында Қызылорда облысында туған. Алматы темір жол көлігі инженерлері институтын «Тасымалдау процесін басқару» мамандығы бойынша бітірді. Еңбек жолын Алматы темір жолының Алматы бөлімшесінде пойыз диспетчерлігінен бастады. Одан кейін Алматы қаласындағы «Қазақстан темір жолы» РМК-ның Темір жол басқармасының жетекші инженері, Өндірістік техникалық бөлімінің бастығы болды. 2007-2008 жылдары «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Қарағанды жол бөлімшесін» басқарды. 2009-2010жж. – «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы-«Тасымалдау процесінің дирекциясын», «Алматы жол бөлімшесін» басқарды. 2011 жылдың сәуірінен 2012 жылдың сәуіріне дейін Басқарушы директор - Бас инженер қызметін атқарды. 2012 жылдың сәуірінен «ҚТЖ» ҰК» АҚ Пайдалану жұмыстары жөніндегі басқарушы директоры. 2014 жылдың ақпанынан сәуіріне дейін «Қазтеміртранс» АҚ Басқарма Төрағасы (Президентінің) міндетін атқарушы. 2014 жылдың сәуірінен бастап «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Вице-президенті.

АЛПЫСБАЕВ ҚАНАТ
ҚАЛИҰЛЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТІ.

1972 жылдың 31 наурызында Ақмола облысы Атбасар қаласында туған. Алматы теміржол көлігі инженерлері институтын бітірген. Кентукки (АҚШ) университетін, Мәскеу халықаралық бизнес мектебінде білім алған. Магистр. 1994-2002 жылдары Тың темір жолы, «Қазақстан темір жолы» РМК, түрлі акционерлік қоғамдарда қызмет атқарды. 2002-2003 жылдары «Эйр Астана» ЖАҚ Қаржы жөніндегі басқарма директоры, Қаржы және ақпараттық технология жөніндегі вице-президенті болып қызмет етті. 2005-2008 жылдары «Дженерал Электрик» корпорациясы филиалының бизнесті дамыту жөніндегі директоры болды. 2008-2013жылдар аралығында «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның Экономика және қаржы жөніндегі вице-президенті лауазымын атқарды. 2013 жылдың қаңтарынан бастап 2014 жылдың қарашасына дейін «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Логистика жөніндегі вице-президенті болды. 2014 жылдың 9 желтоқсанынан бастап «ҚТЖ» ҰК» АҚ Вице-президенті.

ҚИЗАТОВ ЕРМЕК
ӘНУАРБЕКҰЛЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТІ

1961 жылғы 6 тамызда Ақмола облысында туған. Алматы теміржол көлігі инженерлері институтын темір жол құрылысы, жолдар және жол шаруашылығы мамандығы бойынша бітірген. Техника ғылымдарының докторы. Еңбек жолын Тың теміржолының Жаңа Есіл жол дистанциясында өндіріс шебері ретінде бастаған. Тың теміржолында, «Қазақстан темір жолы» РМК, «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылық лауазымын атқарды. 2008-2014 жылдар аралығында «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Вице-президенті лауазымында болды. 2014 жылдың сәуірінен тамызына дейін «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның кеңесшісі. 2014 жылдың тамызынан 2014 жылдың қарашасына дейін «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Персоналды басқару және әлеуметтік мәселелер жөніндегі вице-президенті лауазымын атқарды. 2014 жылдың 9 желтоқсанынан бастап «ҚТЖ» ҰК» АҚ Вице-президенті.



СКЛЯР РОМАН ВАСИЛЬЕВИЧ

«ҚТЖ»ҰК» АҚ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТІ

1971 жылғы 8 мамырда Павлодар қаласында туған. Павлодар мемлекеттік университетін, Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институтын, Мәскеу заманауи бизнес институтын тәмамдаған. Еңбек жолын 1989 жылы «Экибастузуглеавтоматика» МРБ слесарь-монтаждаушылықтан бастаған. 1990-2002 жылдар аралығында коммерциялық құрылымдарда жұмыс істеді. 2002-2003 жылдары – ҚР Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитетінің Павлодар облысы бойынша басқармасының басшысы, 2003-2005 жылдары – Павлодар қ. Мемлекеттік сатып алулар басқармасының бастығы, Павлодар облыстық әкімдігінің бас инспекторы. 2005-2006 жылдар аралығында – Павлодар қ. әкімінің орынбасары. 2006-2007жж. – Астана қ. әкімі аппаратының Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі бөлімінің басшысы. 2007-2008 жж. – Астана қ. Энергетика және коммуналдық шаруашылық департаментінің директоры. 2008-2010 жылдар аралығында Павлодар облысы әкімінің орынбасары. 2010 жылғы қазаннан 2011 жылғы мамырға дейін Павлодар облысы әкімінің бірінші орынбасары қызметін атқарған. 2011жылдың мамырынан 2013 жылдың қазанына дейін ҚР Көлік және коммуникация вице-министрі лауазымында болды. 2014 жылғы тамызы мен желтоқсаны аралығында «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның қамтамасыз ету жөніндегі вице-президенті лауазымына тағайындалды. 2014 жылдың 9 желтоқсанынан бастап «ҚТЖ» ҰК» АҚ Вице-президенті.



ОМАРБЕКОВА ШОЛПАН САПАРҒАЛИҚЫЗЫ

«ҚТЖ»ҰК» АҚ ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТІ

1968 жылдың 15 шілдесінде Алматы қаласында дүниеге келген. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін «Саяси экономия» мамандығы бойынша тәмамдаған. Еңбек қызметін 1991 жылы Қазақстан Республикасы ҰҒА Экономика институтында кіші ғылыми қызметкер болып бастайды. 1995 және 1999 жылдар аралығында – «Инвестмент Менеджмент Групп» ЖШС қаржы директоры. 2002 және 2013 жылдар аралығында «Қазтранссервис» АҚ қаржы директоры, Қаржы жөніндегі вице-президенті, Экономика және қаржы жөніндегі вице-президенті, «Қазтеміртранс» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі вице-президенті қызметтерін атқарды. 2013 жылдың 9 қыркүйегінен бастап 2014 жылдың қарашасына дейін «ҚТЖ» ҰК» АҚ Экономика жөніндегі басқарушы директоры болды. 2014 жылдың 9 желтоқсанынан бастап «ҚТЖ» ҰК» АҚ Вице-президенті.



ҚИЛЫБАЙ НҰРДӘУЛЕТ ИГІЛІКҰЛЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ АППАРАТ ЖЕТЕКШІСІ-
БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОРЫ

1978 жылдың 10 сәуірінде Маңғыстау облысында дүниеге келген. М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникация академиясын, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін аяқтаған. Тасымал процесін басқару жөніндегі инженер, қаржыгер. Еңбек жолын 1999 жылы «Қазақстан темір жолы» РМК Атырау тасымал бөлімінің Маңғышлақ станциясында кезекші ретінде бастаған. Кейін қабылдаушы-тапсырушы, бас маман болып қызмет етті. 2002-2008 жылдар аралығында «ҚТЖ»ҰК» АҚ-да түрлі лауазымдарды атқарды. 2008-2011 жылдары – ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің Жол қатынасы комитеті төрағасының орынбасары, «Вокзал-сервис» АҚ Президенті, «ҚТЖ»ҰК» АҚ-ның Жолаушы тасымалы жөніндегі басқарушы директоры. 2011 жылдан бастап 2013 жылға дейін «ҚТЖ»ҰК» АҚ-да, ҚР Көлік және коммуникация министрлігінде басшылық қызметте болды. 2013 жылдың тамызынан бері «ҚТЖ»ҰК» АҚ Аппарат жетекшісі – Басқарушы директоры.



ХАСЕНОВ РҮСТЕМ ҚОЙБАҒАРҰЛЫ

«ҚТЖ»ҰК» АҚ-НЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ
МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРУШЫ
ДИРЕКТОРЫ

1962 жылдың 4 тамызында Көкшетау қаласында туған. Қарағанды Мемлекеттік университетін бітірген. 1997-2004 жылдары ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің заң қызметінің жетекшісі, Заң департаментінің құқықтық экспертиза бөлімінің бас маманы, ҚР КММ АЖК Құқықтық қамтамасыздандыру басқармасының бастығы қызметтерін атқарды. 2004 және 2008 жылдар аралығында ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінің Заң департаменті директорының орынбасары, Астана қаласы әкімі аппаратының Мемлекеттік-құқықтық бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. 2008 жылдан бері «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директоры.



ЖУСАНБАЕВ ЕРКІН СЕМЕТАЙҰЛЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-НЫҢ КОРПОРАТИВТІК ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРУШЫСЫ

1970 жылдың 26 қаңтарында Целиноград қаласында туған. М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін механика, қолданбалы математика мамандығы бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын 1992 жылы Қаз КСР Механика және машинажасау ҒА-да инженерліктен бастаған. 1994-1998 жылдар аралығында ҚР Ұлттық Аэроғарыш агенттігінде маман, жетекші маман, бас маман болып қызмет еткен. Бұдан кейін жапондық «Марубени Корпорейшн» компаниясының өкілдігінде коммерциялық қызметкер ретінде еңбек етті. 1998-2002 жылдар аралығында «Қазақстан темір жолы» РМК құрылымында басшылық қызметтерде болды. 2002-2007 жылдары – «Synergy Co» ЖШС басқарушы директоры, ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінде Темір жол саласын бақылау және реттеу департаменті директорының орынбасары қызметін атқарды. 2007-2008 жылдары – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Президентінің тарифтік саясат жөніндегі кеңесшісі. 2008 жылдың сәуірінен бастап «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Корпоративтік даму жөніндегі басқарушысы.



ЛЕПЕСБАЕВ АЛМАС МҰРАТҰЛЫ

«ҚАЗТРАНССЕРВИС» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ (ПРЕЗИДЕНТ)

1978 жылдың 16 шілдесінде Ақмола облысында туған. Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетін, Қазақ гуманитарлық заң университетін экономист-менеджер, құқықтанушы мамандығы бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын 2000 жылы «Қазақстан темір жолы» РМК Техникалық саясат бас басқармасының жетекші маманы ретінде бастаған. 2000-2002 жылдары – «Қазақстан темір жолы» РМК-да бас маман, бөлім бастығының орынбасары, бөлім бастығы. 2003-2004 жылдар аралығында «ҚТЖ» ҰК» ЖАҚ Вагон шаруашылығы департаментінде Экономика, қаржы және бухгалтерлік есеп басқармасының басшысы қызметін атқарды. 2004-2006 жылдары «Казжелдортранс» АҚ-да басқарма бастығының орынбасары, басқарма бастығы, Экономика және қаржы департаменті директорының орынбасары, директоры лауазымдарында қызмет еткен. 2006 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Экономика департаментінің директоры болып тағайындалды. 2009-2013 жылдары «ҚТЖ» ҰК» АҚ Экономика жөніндегі басқарушы директоры болды. 2013 жылғы қыркүйектен бастап 2014 жылдың қарашасына дейін – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі вице президенті. 2014 жылдың 9 желтоқсанынан бастап «Қазтранссервис» АҚ Басқарма Төрағасы (Президент) атанды.

БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ ТАҒАЙЫНДАУ

Бір жыл ішіндегі нәтижелер бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарушы және жетекші қызметкерлеріне сыйақы төлеу «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі 2014 жылдың 30 қазанындағы шешімімен бекіткен (№11 хаттама) «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарушы және жетекші қызметкерлерінің қызметін бағалау және сыйақы төлеу Ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

Аталған Ережелердің 26-пунктына сәйкес сыйақы төлеу үшін жоспарланған соманы есепке алған есептік жыл ішіндегі шоғырланған қорытынды табыстың барлығы бір жыл ішіндегі жұмыс нәтижелері бойынша төленетін сыйақы шарты болып табылады.

Сыйақы есептеу барысында әр лауазым үшін корпоративті және жеке негізгі қызмет көрсеткіштері бойынша жоспардың орындалуы есепке алынады және сәйкес лауазымдағы іс жүзінде жұмыс істелген уақытқа сай төленеді.

Жоғарыда көрсетілген Ережелер келесі ұстанымдар негізделген:

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен оның Жалғыз акционерінің талаптарына жауап беретін міндеттерді орындау мен сыйақының өзара байланысы;
- сыйақы көлемінің «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметі мен жұмысшылар нәтижелігінің қорытындыларына тәуелді болуы.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІНІҢ 2014 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Ішкі аудит қызметі – «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметін жетілдіру мақсатында қаржылық-шаруашылық қызметті бақылауды, ішкі бақылау облысындағы, тәуекелдердің басқарылуын, корпоративтік басқару мен кеңес беру саласындағы құжаттардың орындалуын бағалауды іске асыратын орган.

2012 жылға «ҚТЖ» ҰК» АҚ Ішкі аудит қызметінің аудиторлық жоспары 2013 жылдың 10 желтоқсанындағы Директорлар кеңесінің (№12 хаттама) шешімімен бекітілді.

Жылдық аудиторлық жоспармен қарастырылған 25 аудиторлық тапсырма толығымен орындалды.

Аудит инвестициялық жобалар, сатып алулар, несиелер мен қарыздар, кадр мен әлеуметтік саясат, негізгі қаржыны сақтау, сондай-ақ Жалғыз акционердің ұсыныстарына сәйкес – корпоративтік басқарудың диагностикасы және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау сынды негізгі бизнес-үрдістерді қамтыды.

Жүргізілген аудиторлық тапсырма қорытындысы бойынша Ішкі аудит қызметі 262 ұсыныс әзірледі. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Ішкі аудитін ұйымдастыру саясатына сәйкес Ішкі аудит қызметі аудит объектілерінің іс-әрекетті өзгерту жоспарларын қабылдауын қамтамасыз етті.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Ішкі аудит қызметі жүргізген («Самұрық-Қазына» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарында Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің тиімділігін бағалау әдістемелігіне сәйкес) бағалау нәтижелері бойынша тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі деңгейі 2014 жылы

73,25 %

2013 жылы - 69,63 %.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ тәуекелдерді басқарудың баға мен беделге кері әсер етуі мүмкін тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша шараларды қабылдау және уақытылы сәйкестендіруге бағытталған Компания мен оның еншілес ұйымдарын корпоративті басқару жүйесінің негізгі компоненті ретінде маңыздылығын ұғынады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-да тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін енгізу «Самұрық-Қазына» АҚ Ұсыныстарын орындау негізінде іске асырылуда, оларға сәйкес тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін енгізу COSO «Тәуекелдерді корпоративтік басқару – «Біріктірілген үлгі» (2004) үлгісіне сәйкес іске асырылуы тиіс.

2014 жылы Тәуекелдер бойынша комитет, Компания Басқармасының және Директорлар кеңесінің жұмысы тәуекелдерді басқару корпоративті жүйесін ең үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес ары қарай жетілдіруге бағытталды.

2014 жылы Тәуекелдер бойынша комитет 8 отырыс өткізді (2013 жылы – 5 отырыс). 2014 жылы Тәуекелдер бойынша комитет келесі мәселелер бойынша шешімдер қабылдады:

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Ішкі аудит қызметі жүргізген («Самұрық-Қазына» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарында Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау әдістемелігіне сәйкес) бағалау нәтижелері бойынша ішкі бақылау жүйесінің тиімділік деңгейі 2014 жылы

87,5 %

2013 жылы - 82 %.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Тәуекелдерді басқару саясаты жобасын мақұлдау және «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі 2009 жылдың 19 қазанында бекіткен (№6 хаттама) «ҚТЖ» ҰК» АҚ Тәуекелдерді басқару саясатының күшін жойылғанын мақұлдау;

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Тәуекелдерді идентификациялау және бағалау ережелерін мақұлдау және «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі 2009 жылдың 19 қазанында бекіткен (№6 хаттама) «ҚТЖ» ҰК» АҚ Тәуекелдерді идентификациялау және бағалау ережелерінің күшін жойылғанын мақұлдау;

Компанияның негізгі тәуекелдерінің сипаттары мен талдау көрсетілген (оның ішінде, құқықтық тәуекелдер де бар) тәуекелдерді басқару бойынша есептерді мақұлдау;

2016 жылдың мамыр айында өтелетін сомасы 324 000 000 (үз жүз жиырма төрт миллион) АҚШ долларын құрайтын «ҚТЖ» ҰК» АҚ купондық сыйақыларды төлеумен және еурооблигациялар бойынша негізгі қарызбен байланысты «ҚТЖ» ҰК» АҚ валюта тәуекелін сақтандыру стратегиясын мақұлдау;

«ҚТЖ» ҰК» АҚ тәуекелдер реестрі мен картасын мақұлдау;

«ҚТЖ» ҰК» АҚ қаржылық жағдайын жақсарту бойынша шаралар жоспары жобасын мақұлдау.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ АЯСЫНДА 2014 ЖЫЛЫ БІРҚАТАР КЕЛЕСІ НЕГІЗГІ ШАРАЛАР ӨТТІ:

1. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 2014 жылдың 9 МАУСЫМЫНДАҒЫ шешімімен (№02/15 хаттама) «ҚТЖ» ҰК» АҚ банк-контрагенттерге баланстық және баланстан тыс міндеттемелер бойынша шектеулер қойылды (шоғырландырылған негізде).

2. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 2014 жылдың 17 ШІЛДЕСІНДЕГІ шешімімен (№02/20 хаттама) 2016 жылдың мамыр айында өтелетін сомасы 324 000 000 (үз жүз жиырма төрт миллион) АҚШ долларын құрайтын «ҚТЖ» ҰК» АҚ купондық сыйақыларды төлеумен және еурооблигациялар бойынша негізгі қарызбен байланысты «ҚТЖ» ҰК» АҚ валюта тәуекелін сақтандыру стратегиясы жаңа редакцияда бекітілді.

3. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 2014 жылдың 27 ТАМЫЗЫНДАҒЫ (№02/23 хаттама), 2014 жылдың 5 ҚАРАШАСЫНДАҒЫ (№02/30 хаттама), 2014 жылдың 9 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ (№02/36 хаттама) шешімдерімен шоғырландырылған негізде банк-контрагенттерге («Цеснабанк», «AsiaCredit Bank», «Capital Bank Kazakhstan», «Қазақстанның Халық банкі» және «Bank RBK» акционерлік қоғамдары) баланстық және баланстан тыс міндеттемелер бойынша шектеулер қайта орнатылды.

4. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2014 жылдың 28 МАМЫРЫНДАҒЫ шешімімен (№6 хаттама) «ҚТЖ» ҰК» АҚ Тәуекелдерді басқару саясаты, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Тәуекелдерді идентификациялау және бағалау ережелері, «ҚТЖ» ҰК» АҚ тәуекелдер реестрі мен картасы жаңа редакцияда бекітілді.

5. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2014 жылдың 15 ҚЫРКҮЙЕГІНДЕГІ (№9 хаттама) шешімімен Компанияның негізгі тәуекелдерінің сипаттары мен талдау көрсетілген (оның ішінде, құқықтық тәуекелдер де бар) тәуекелдерді басқару бойынша есептер бекітілді, ал 2014 жылдың 28 МАМЫРЫНДАҒЫ (№6 хаттама) және 2014 жылдың 5 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ (№12 хаттама) шешімдерімен тәуекелдер бойынша шектеулерді сақтау бойынша ақпаратта, сондай-ақ Компанияның тәуекелдерін барынша азайту бойынша жоспардарды жүзеге асыру мәліметтерінде ескерілді.

6. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2014 жылдың 10 ШІЛДЕСІНДЕГІ (№7 хаттама) шешімімен «ҚТЖ» ҰК» АҚ Ішкі бақылау жүйесі туралы қағидалардың жаңа редакциясы бекітілді.

7. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2014 жылдың 5 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ (№12 хаттама) шешімімен «ҚТЖ» ҰК» АҚ тәуекелдер реестрі және картасы бекітілді.

8. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2014 жылдың 15 ҚЫРКҮЙЕГІНДЕГІ (№9 хаттама), 2014 жылдың 5 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ (№12 хаттама) шешімдерімен шоғырландырылған негізде банк-контрагенттерге («Цеснабанк», «AsiaCredit Bank», «Capital Bank Kazakhstan», «Қазақстанның Халық банкі» және «Bank RBK» акционерлік қоғамдары) баланстық және баланстан тыс міндеттемелер бойынша шектеулер қайта орнатылды.

Компания «Қаржылық құралдар, мақсаттар және қаржылық тәуекелдерді басқару саясаты» ескертпесін «ҚТЖ» ҰК» АҚ аудитталған жылдық шоғырландырылған және жеке қаржы есебі форматында ашып көрсетеді.

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІ МЕН СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРҒА ЖЕТУДЕ ЖАҒЫМСЫЗ ЫҚПАЛ ЕТУІ ЫҚТИМАЛ КЕЛЕСІ НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕРГЕ ҰШЫРАУЫ МҮМКІН:



ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР (ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІ, ЕҢБЕК ПЕН ЭКОЛОГИЯНЫ ҚОРҒАУ ТӘУЕКЕЛДЕРІ)

Аталмыш топ Қазақстанның темір жол инфрақұрылымының ірі иеленушісі мен операторы болып келеді, сондай-ақ жолаушылар мен жүктік жылжымалы құрамының, Қазақстандағы локомотивтердің иеленушісі мен операторы болып табылады. Осыған байланысты, Топ қозғалыс қауіпсіздігінің тәуекелдеріне ұшырауы мүмкін, соқытығысуларды, магистральді, станциялық және жер асты жолдарында және/немесе станцияларда, дүлей апаттарда жылжымалы құраммен маневрлі жұмыс орныдаған кездегі жүк және/немесе жолаушылар поезындағы

жылжымалы құрамының түсулерін қоса алған. Аталған тәуекелді басқару үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ пойыз қозғалысымен байланысты пойыз қозғалысының қауіпсіздігін ұйымдастыру және қамтамасыз ету бойынша алдын алатын жұмыстарды күшейту бойынша іс-шараларды жүзеге асырады. Өндірістік жарақаттанушылық тәуекелдерді басқару аясында «ҚТЖ» ҰК» АҚ қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттанушылықтың алдын алу және еңбек жағдайларын жақсарту бойынша іс-шараларды жүзеге асыруды іске асыруда, еңбектік (қызметтік) міндеттерді орындау кезіндегі жазатайым оқиғалардан қызметкерлердің міндетті сақтандыруын қамтамасыз етуде.

ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАҒДАРЫСТЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРЫНЫҢ ЖАҒЫРУЫ ЖӘНЕ ШИКІЗАТ БАҒАСЫНЫҢ ТӨМЕНДЕУІ САЛДАРЫНАН ЖҮК ТАСЫМАЛЫ ДЕҢГЕЙІНІҢ ТӨМЕНДЕУІ (НАРЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛ)

Экономикалық жағдайлардың нашарлауы темір жол көлігімен жүк тасымалы бойынша ұсынылатын қызметтер көлемінің азаюына, еңбек өнімділігінің төмендеуіне, жүзеге асырылған өнім мен көрсетілген қызмет құнының артуына әкеліп соқтыруы мүмкін және жоспарланған көсеткіштерді орындауға кері әсер етеді. Компания өз қызметінің тиімділігін арттыру, транзиттік тасымалдарды көбейту бойынша, сондай-ақ дағдарысқа қарсы шараларды жүзеге асыру бойынша (шығындардың қосымша қысқартылуы) іс-шараларды іске асырады.

ВАЛЮТАЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ

Компания негізінен АҚШ доллары бағамының өзгеруіне байланысты тәуекелдерге ұшырайды, себебі Компания негізінен қарыз алуларды АҚШ долларларында тартады және теңгенің АҚШ долларына қатысты әлсіреуі (құнсыздануы) бағамдық айырма бойынша шығындардың көбеюін білдіреді. Аталған тәуекелді басқару аясында Компания күнделікті негізде USD/KZT валюталық бағамдарының өзгеруінің, сондай-ақ валюталық бағамның өзгеруіне әсер ететін басқа да көрсеткіштердің: USD/RUR, USD/EUR бағамдарының, мұнай, шикізат бағаларының мониторингін іске асырады. Бұл ретте уақытша-бос ақшаларды басқарумен байланысты валюталық тәуекелді бақылау мақсатында Компания АҚШ долларымен көрсетілген уақытша бос ақшалардың деңгейін басқарады.

2010 жылдың 23 желтоқсанындағы (№9 хаттама) Компания Директорлар кеңесінің шешімімен Валюталық және пайыздық тәуекелдерді сақтандыру саясаты бекітілді. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Валюталық және пайыздық тәуекелдерді сақтандыру саясаты теңге бағамының шетел валюталарына қатысты жайсыз өзгеруі мен қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесінің құбылмалы пайыздық мөлшерлемесімен жайсыз өзгеруімен байланысты мүмкін болатын

пайыздық және валюталық тәуекелдерді азайту (төмендету) мақсатында жасалды.

2014 жылдың 29 тамызында «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы 2016 жылдың мамыр айында өтетін, сомасы 324 000 000 (үз жүз жиырма төрт миллион) АҚШ долларын құрайтын, жылдық сыйақы мөлшерлемесі 7% көлеміндегі «ҚТЖ» ҰК» АҚ купондық сыйақыларды төлеумен және еурооблигациялар бойынша негізгі қарызбен байланысты «ҚТЖ» ҰК» АҚ валюта тәуекелін сақтандыру келісімін бекітті. Валюта тәуекелін сақтандыру келісімі 6,5% жылдық мөлшерлеме көлеміндегі USD/CHF кросс-валюталық своп өндірістік қаржы құралын қолдану арқылы ISDA (2002 Master Agreement) Бас Келісімінің шеңберінде The Royal Bank of Scotland plc. ұйымымен бекітілді. Пайыздық мөлшерлеменің жылдық 0,5%-ға төмендеуі жылына 1,6 млн доллар көлемінде сыйақы төлемдері бойынша шығынды қосымша кемітуге мүмкіндік береді.

АҚПАРАТТЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

Топ, қозғалыс тізімі мен өз т/ж операцияларының басқа аспектілерін үйлестіру үшін, сондай-ақ бухгалтерлік есепті жүргізу, жолаушылар поезына билеттерді сату, жүктердің жеткізілуін қадағалау және көптеген басқа функцияларды орындау үшін, телекоммуникациялық тораптар мен компьютерлік жүйелерді пайдаланады. Топпен пайдаланылатын жабдық пен бағдарламалық қамсыздандыру оператор қатесі, дүлей апаттар, электр энергиясының сөндірілуі, зымияндық, компьютерлік вирус және басқа да жағдайлар нәтижесінде әлеуетті зақымдануы мүмкін. Ақпараттық технологиялардың жаңылу және ақпараттық қауіпсіздіктің бұзылу тәуекелін төмендету үшін, ақпараттық қауіпсіздік облысындағы жергілікті актілер мен корпоративтік саясат талаптарын сақтау және қызметтік, коммерциялық және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын басқа құпияларды сақтау мақсатында Топтың құрылымдық бөлімшелерінде жыл сайын тексерулер өткізіледі. Компания ақпараттық қауіпсіздік бойынша ISO/IEC 27001:2005 халықаралық стандартқа сәйкестікке сертифицикаттаудан өтті.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-НЫҢ «ҚТЖ» ҰК» АҚ ІСКЕРИ ЭТИКА КОДЕКСІ ТАЛАПТАРЫНА ЕРУІ ТУРАЛЫ ЕСЕП



Корпоративті басқару кодексінің қағидаларын ендіру мақсатында Қоғам Директорлар кеңесі 2013 жылғы 19 наурыздағы шешімімен (№2 хаттама) Қоғамның Іскери этика кодексін бекітті.

Іскери этика кодексі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы қағидаларына, Қоғамның ішкі құжаттарына, оның ішінде Қоғамның Корпоративтік басқару кодексіне, Қоғамның Идеология және бизнес философиясы кодексіне сәйкес жасалды және Қоғамның лауазымды тұлғаларының/қызметкерлерінің іс-әрекетінің негізгі ұстанымдары мен нормаларын белгілейді, Қоғам ішіндегі өзара ықпалдастығы, сонымен қатар Қоғамның мүдделі тұлғалармен байланыс ережелерін анықтайды.

Аталған Кодекстің мақсаты – корпоративті мәдениетті дамыту және жетілдіру, Қоғамның лауазымды тұлғаларының/қызметкерлерінің мүдделі тұлғалармен іскери жүріс-тұрыс тәжірибесін қолдануы негізінде өзара тиімді

ықпалдастығына жәрдемдесу.

Қоғам қызметінің қалыптасуына негіз болатын басты корпоративтік құндылықтар адалдық, тәртіпке берік болу, адамдарға деген құрмет, көмекке келе білі және сенім болып табылады.

Қоғам корпоративтік мәдениетінің бұлжымас құндылықтары қатарына, сондай-ақ қауіпсіздік, сапа және қоршаған ортаны қорғау, жауапкершілік, тұрақты даму, екі тарапқа бірдей тиімді көркею, топ болып жұмыс істей алу, дамуға деген ашықтық, кәсібилік және өз ісімен мақтана алу кіреді.

Аталған Кодекс Қоғамның барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне қатысты қолданылады.

Қоғамның лауазымды тұлғалары/қызметкерлері Қоғам мен Жалғыз акционердің мүддесі үшін қызметтік міндеттемелердің адал ниетпен орындалуына жауапты.

Сонымен қатар, Іскери этика кодексі талаптарын сақтау аясында Директорлар кеңесі келесі құжаттарды әзірлеп, бекітті:

- ▲ Қоғамның корпоративті дау-жанжалдарын реттестіру саясаты (2009 жылдың 5 маусымындағы №4 хаттама);
- ▲ Қоғамның қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларындағы мүдделер қақтығысын реттестіру саясаты (2011 жылдың 13 қыркүйегіндегі №5 хаттама).

Кодекс талаптарын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында Кодекс қағидаларын білуді тұрақты түрде бақылау және тексеру дағдысы енгізілуде.

2013 жылдың 10 қазанындағы №1325-ЦЗ бұйрығымен 2013-2015 жылдарға арналған Компанияның Іскери этика кодексін Жүзеге асыру бойынша шаралар жоспары бекітілді.

Жоспарда Кодексті дәріптеу, жеке және заңды тұлғалардың Компания қызметкерлерінің Кодекс қағидаларын бұзу мәселелері туралы деректеріне мониторинг жүргізу, Қоғам қызметкерлері үшін корпоративтік мәдениет бойынша білім беру шаралары, еңбек ұжымындағы моральдік-психологиялық климатын анықтау үшін сауалнама жүргізу қарастырылған.

Кодекс қағидаларының сақталуына жүргізілетін мониторинг аталған Кодексте көрсетілген іскери этика нормаларының абайсызда немесе қасақан бұзылғандығының себептерін анықтауға көмектеседі.

Компания жоғары этикалық стандарттарды ұстанғанының ұжымдағы, сыртқы серіктестермен, қоғаммен және мемлекетпен қарым-қатынастағы сенімді сақтап, нығайтуға көмектесетінін түсінеді.

Іскери этика ұстанымдарын сақтау бүгінгі үні іскери беделді ғығайтып, болашақта тұрақты

дамуды қамтамасыз етеді. Дәл осы себепті Кодекс талаптарын дәл орындау Компания үшін ең басты басымдық болып табылады.

КОДЕКС ТАЛАПТАРЫН ТҮСІНДІРУ НЕМЕСЕ ҚАНДАЙ ДА БІР ЭТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР, КОДЕКС ТАЛАПТАРЫНЫҢ КОМПАНИЯ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫ МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ТАРАПЫНАН БҰЗҒАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ ФАКТИ БОЙЫНША МҮДДЕЛІ ТҰЛҒАЛАР:

- ▲ тікелей өз құрылымдық бөлімше басшыларына немесе одан да жоғары деңгейдегі басшылыққа;
- ▲ Корпоративті хатшыға;
- ▲ Ішкі аудит қызметі басшысына;
- ▲ Басқарма Төрағасына;
- ▲ Директорлар кеңесіне хабарласа алады.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР

2014

11 млрд
теңгеден аса қаражат

компаниялар тобының әлеуметтік бағдарламаларың дамытуға жұмсалды



Адамдарға қамқорлық, олардың амандығы, әлеуметтік қолдау мәселелерін шешу және нәтижесіндегі, қызметкерлердің өмір сапасының жоғарлауы «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады. Компания қызметкерлері мен зейнеткерлерін әлеуметтік қорғау өз еркімен қабылданған келесілер бойынша міндеттемелерді қамтиды:

- ▲ әлеуметтік-еңбектік саладағы нормаларды ұстану;
- ▲ қызметкерлерге, жұмыс істемейтін зейнеткерлерге, мүгедектерге, сондай-ақ Компаниядағы өндірістегі жазатайым оқиғалардан кәсіби аурулардан зардап шек-

кендерге материалды көмек пен әлеуметтік кепілдіктерді ұсыну;

- ▲ Компания жұмыскерлері балаларының денсаулығын жақсарту мен жазғы демалысты қоса алғанда, жастарға, қызметкерлер жанұяларына әлеуметтік кепілдіктер ұсыну;
- ▲ денсаулық қорғау мәселелерін реттеу;
- ▲ қызметкерлер құрамының жан-жақты кәсіби дамуы мен білім алуына жәрдемдесу

және басқа заңнамада қарастырылмаған, бірақ қызметкерлер үшін үлкен маңызға ие мәселелер.

Теміржол қызметкерлері мен зейнеткерлеріне жеңілдік пен кепілдік беру мәселелерін реттестіретін негізгі құжат әр үш жыл сайын Компания мен оның еңбек ұжымы арасында бекітілетін Ұжымдық келісім-шарт болып табылады, сондай-ақ аталған бағытты Компанияның әлеуметтік саясатын жүзеге асыру бойынша жергілікті актілер де қамтиды.

Әлеуметтік шығындар бюджетін тиімді пайдалану және қызметкерлерді ынталандыру мақстанында қызметкер әлеуметтік пакетін жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, 2012-2014 жылдарға арналған Ұжымдық келісім-шартың орындалу мзімінде қызметкер әлеуметтік пакетін кеңейтетін жеті қосымша келісім бекітілді. Баланың дүниеге

келуі, айтулы күннің тууы, теміржол көлігі жол шығынының ақысын қайтару, тіс протездеу секілді дәстүрлі ақылармен қатар Білім күніне (1 қыркүйек) көмек, мүгедек баласы бар қызметкерлерге Мүгедектер күнінде көмек, неке қиған жас қызметкерлерге көмек, сонымен қатар Жастар күніне көмек секілді қосымша материалдық жәрдем түрлері қосылды, сонымен қатар алдын-ала ескерілмеген шығын пайда болған жағдайда қызметкерлерге 200 АЕК көлемінде төлем берілетін болды. Аталған бағытта жұмыс тұрақты түрде жүріп отырады. ►

2013-2020 жылдарға арналған Қоғам Басқармасының шешімімен бекітілген Қоғамның денсаулық бағдарлама **ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ АСТЫНДА МЕДИЦИНАЛЫҚ** жобасы

БҰЛ ӨТКІЗУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ҚАМТИДЫ:

- ауысым алдыда медициналық куәландыру (үлкен қауіпке ие жұмыстағы, машинамен және механизмдермен байланысты орындарда істейтін қызметкерлер, 8,5 миллионнан астам медициналық куәландыру);
- ауыр жұмыстардағы, пойыз қозғалысына тікелей қатысы бар зиянды (аса зиянды) және (немесе) қауіпті еңбек жағдайындағы қызметкерлерді трақты түрде медициналық тексерулерден өткізіп тұру (80 мыңнан астам медициналық тексеру);
- медициналық тексеру барысында анықталған ауруы бар қызметкерлердің денсаулығын жақсарту (емханада емделу, үйде қаралу/емделу);
- қызметкер мен оның отбасы мүшелерін ауруға қарсы ерікті түрде сақтандыру

астам

40 000
адам

Жыл сайын Компания тобының 10 000-дай қызметкері мен зейнеткері Қазақстан мен Ресей Федерациясы аумағындағы санаторийлер мен **ШИПАЖАЙЛАРДА ДЕНСАУЛЫҒЫН ЖАҚСАРТАДЫ**. Компания жолдама құнының негізгі бөлігін төлейді, қызметкерлер мен зейнеткерлер тек 10-30% аралығындағы құнын бағасын өтейді.

2010 жылдан бастап ҚР ТЖМ-мен бірге Компания арнайы **МЕДИЦИНАЛЫҚ ПОЙЫЗДАРДЫҢ** жұмысын ұйымдастырды. 2010 жылдан бергі жобаның жүзеге асу кезеңінде «Денсаулық», «Жәрдем» және «Саламатты Қазақстан» пойыздары заманауи технологияларды қолдану арқылы республиканың 200 000-нан астам тұрғынына білікті медициналық көмек көрсетті.

2014 жылы «Денсаулық» және «Жәрдем» пойыздары Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Жамбыл, Алматы және Маңғыстау облыстарының бекеттері мен шағын бекеттерінде болды.

Ұжымдық келісім-шартқа қағидаларына сәйкес **ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙТІН** зейнеткерлерге түрлі материалдық жәрдем (мерейтойлар мен «Жеңіс күні», «Көлік қызметкерлері күні» мейрамдары) берілді, жыл сайынғы теміржол көлігінде тегін жүру, тегін тіс протезін орнату және өзге де көмек түрлері ұсынылады.

Ардагер-теміржолшыларды мүдделерін қорғау және қолдауға, қоғамдық қызметке қатысуға, сонымен қатар Компанияның жас қызметкерлерімен тәжірибелік жұмыстар жүргізуге қолдау ретінде аймақтық жол бөлімшелерінде Ардагерлер кеңесі, сондай-ақ Ардагерлер кеңесі орталығы жұмысын жалғастыруда. 2014 жылы Көлік қызметкерлері күні қарсаңында Астанада Ардагерлер кеңесі мен Консультациялық кеңес отырыстары өтті.



Қазіргі күні «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да астам

37 000
жас қызметкерлербар

олар Компания қызметкерлерінің жалпы санының 23%-ын құрайды.

Корпоративті ЖАСТАР САЯСАТЫНЫҢ жүйелі түрде жүзеге асуы Компанияның кадрлық потенциалының дамуының негізгі көрсеткіші болып табылады.

Компанияда 2012-2015 жылдарға арналған «ҚТЖ» ҰК» АҚ Жастар саясаты бағдарламасы іске қосылған, Компания Президенті жанындағы Жастар ісі жөніндегі кеңес (консультациялық орган) құрылған.

Жастар саясаты бағдарламасының орындалу

кезеңі ішінде Бағдарламаның негізі бағыттары – «Болашақ басқарушылар» және «Жоба менеджменті» жүзеге асырылуда және әлі күнгі өзектілікке ие.

Жобаның жүзеге асу кезеңінде «Болашақ басқарушылар» бағдарламасына Компанияның 2 000-нан астам жас басшылары қатысты, олардың 280-і республикалық Жастар форумына қатысты. Байқау қорытындысы бойынша қатысушылар ТМД елдері мен ҚР-дағы біліктілік арттыру курстарынан өту мүмкіндігіне ие болды, кадр резервіне тіркелді.

«Жоба менеджменті» бағдарламасы бойынша аймақтық форумдарға Компанияның 3 000-нан астам жас қызметкері қатысты, олардың 450-і республикалық Жастар форумына ат салысты.

Қазіргі уақытта 11 жоба Компания басшылығының ұйымдастырушылық және қаржылай көмегін алды, 49 жас қызметкер ТМД елдері мен ҚР-да біліктілікті арттыру курстарынан өту мүмкіндігіне ие болды, 51-і кадр резервіне тіркелді, 2-і «Магистратура» бағдарламасы бойынша грант алды. ►

Өздерін 12 оқыту, шығармашылық, инновациялық және өзге де алаңқайларда көрсетуге мүмкіндік беретін байқаулар мен интерактив жобалар да өзекті болып отыр. Барлық жобалар толықтай автоматтандырылған және Интернетте «online» түрде өтеді. Жастар саясаты бағдарламасын жүзеге асыру уақыты

ішінде 10 негізгі жастар жобалары бойынша 11 000 адам, спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру-денсаулық сауықтыру шаралары бойынша 47 300 адам, корпоративтік шаралар, флеш-мобтар, дөңгелек үстелдер, патриоттық және әлеуметтік акциялар бойынша 7 500 адам қамтылды.

Компания бюджетінде жыл сайын **КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ БАЛАЛАРЫН ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ БОЙЫНША** корпоративтік шаралар өткізуге қаржы қарастырылады.

Жазғы каникул кезінде қызметкерлердің 10 000-дай баласы республикамыздың аумағындағы ең үздік бабалар сауықтыру орталықтары базасында демалды. Сонымен қатар, аймақтық бөлімшелердегі жағдайы жоқ және көпбалалы отбасылардан шыққан өндірістік кәсіп қызметкерлерінің балалары Бі-

ріккен Араб Әмірліктері аумағындағы сауықтыру орталығына жіберілді.

Бұдан бөлек балалардың теміржол кәсібіне деген қызығушылығын ояту, Компанияның шығармашылық потенциалын жүзеге асыру және имиджін жақсарту мақсатында жыл ішінде қызметкерлер балаларына арнап көрмелер мен балалар суреті байқаулары, жаңажылдық таңғы шаралар, Балаларды қорғау күніне орай ұйымдастырылған театрландырылған қойылымдар және басқалар өткізілді.



Жаңа Жезқазған – Бейнеу және Арқалық – Шұбаркөл теміржол желілері құрылысы аясында

ТҰРҒЫН-ҮЙ БАҒДАРЛАМАСЫНА сәйкес Астана қаласында компаниялар тобының 1039 қызметкері жаңа пәтер кілтін ие болды, олардың тұңғыш рет ¼ бөлігі жеке тұрғын-үй қорынан (259 шаршы) 29 жасқа дейінгі жас теміржолшыларға берілді.

167 пәтер

Компаниядағы **СПОРТТЫҚ-БҰҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ-ДЕНСАУЛЫҚ САУЫҚТЫРУ** шараларын ұйымдастыруды 14 жол бөлімі мен Достық бекетіндегі 41 спорт нұсқаушы қолға алды.

2014 жылы темір көлігі кәсіпорындарында 250-ден астам дене шынықтыру-бұқаралық шаралар өткізіліп, олар 15 000-дай теміржолшыны қамтыды.

Спорттық-бұқаралық шаралар мен жарыстар күнтізбелік жоспарына сәйкес «ҚТЖ» ҰК» АҚ орталық аппарат, Компанияның бөлімшелері

мен еншілес ұйымдары қызметкерлері арасында мемлекеттік және кәсіби мерекелерге, естелік күндерге орай чемпионаттар, турнирлер, отбасылық эстафеталар, жазғы және қысқы спорт түрлері бойынша Республикалық жарыстар ұйымдастырылды.

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік ұстанымдары бойынша Компания қайырымдылық жобалары мен акцияларға ерекше көңіл бөледі. ■



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ аясында «Темір жол жетешісінің гранты», «Аймақтық мектептерді қамқорлыққа алу», бұған дейін «ҚТЖ» РМК балансында болған «Балалар мектепке!», жағдайы нашар отбасыларға арнап аяқ киім мен киім жинау, «Қайырымдылық жолымен», «Жақсылық жаса!» және басқа жобалардың жүзеге асырылуы жалғастырылуда. Сонымен қатар, қайырымдылық жәшіктері және goodrail.

kz сайтында ақпарат орналастыру жолымен ауру балаларға (700 мыңнан астам) көмек көрсетілді.

1 мамыр мен 31 желтоқсан аралығында дәстүрлі түрдегі Жеңіс күнін мерекелеу құрметіне Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерге арнайы жолда тегін жүру құқығы берілді.

КАДР САЯСАТЫ



Қызметкерлер құрамы – бұл «ҚТЖ» ҰК» АҚ маңызды активтерінің бірі. Кадрлық саясат стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін нарықтың өзгеруші талаптарына өз уақытында әрекет етуге қабілетті, жоғары нәтижелі және ұйымшыл ұжымды қалыптастыруға бағытталған.

2015 жылдың 1 қаңтарында «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлер құрамының тізімдік саны

159 480
адамды құрады

астам

67,4%

«ҚТЖ» ҰК» АҚ мен оның еншілес ұйымдарында жұмыс істейтін қызметкерлер құрамының

Қызметкерлер құрамының 2014 жылдағы өзгеруі

8,3%

Қызметкерлер құрамын есепке алу айқындығын және жылдамдығын арттыру мақсатында 2014 жылы Компанияның барлық бөлімшелерінде қызметкерлер құрамын басқарудың автоматтандырылған SAP HCM жүйесінің базалық функционалы орнатылды.

Өз уақытында өзгеріп отыратын нарық талаптарына орай әрекет ететін және стратегиялық міндеттерді орындайтын өнімділігі жоғары және бірлігі мықты ұжым қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс «ҚТЖ» ҰК» АҚ Кадр саясатына негізделеді. Кадр саясатының басым

бағыттарының бірі – қызметкерлер құрамын мақсатты түре дамытып отыру.

Корпоративті оқыту жүйесі сыртқы оқыту провайдерлерінде болсын, «ҚТЖ» ҰК» АҚ оқу ұйымдарында болсын дайындау, қайта дайындау, біліктілікті арттыру және академиялық оқытудың барлық спектрін қамтиды. «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлер құрамының әр санаты бойынша оқыту және біліктілікті арттыру бойынша түрлі механизмдерді қарастырады.

ЖОҒАРЫ БІЛІМІ БАР МАМАНДАР:

- ▲ «Магистратура» және «Докторантура/PhD» бағдарламаларына сәйкес қосымша білім алу;
- ▲ біліктілікті арттыру, оның ішінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қызметкерлерін оқыту бағдарламасы бойынша шетелдік оқы орындарында оқу;
- ▲ сертификатталу үшін арнайы бағдарламалар бойынша оқу мүмкіндіктеріне ие.

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІМІ БАР МАМАНДАР, СОНЫМЕН ҚАТАР БІЛІМІ ЖОҚ МАМАНДАР:

- ▲ «Магистраль», «ҚТЖ» ҰК» АҚ Президентінің атаулы шәкіртақысы» бағдарламалары бойынша жоғары білім алу;
- ▲ «ҚТЖ» ҰК» АҚ оқу орталықтарында біліктілікті арттыру мүмкіндіктеріне ие.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ менеджментінің басқарушылық білімін көтеру, алдыңғы қатарлы көлік-логистикалық ұйымдармен тәжірибе алмасу мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қызметкерлерін шетелдік оқу орындарында оқыту бағдарламасы іске қосылған. Аталған Бағдарлама шеңберінде 2014 жылы 175 Компания қызметкері «Теміржол саласындағы ұйымдастыру және басқару», «Теміржол саласындағы маркетинг пен бөлшек сауда», «Теміржол саласындағы» АТ дамуы мен автоматтандыру», «Көлік логистикасының дамуы» тақырыптары бойынша оқытудан өтті. Оқыту DB International GmbH және Көлік логистикасы институты (Сингапур ұлттық университеті) сарапшыларының қатысуымен жүргізілді.

Компания жас мамандар даярлауға үлкен мән береді. «ҚТЖ» ҰК» АҚ кәсіпорындарында жұмыс істеу үшін негізгі теміржол мамандықтары бойынша дайындығы ең жоғары деген жас мамандарды іріктеудің мақсатты әдісі іске асырылған. 2014 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ техникалық және кәсіби білімі бар студенттерді қосарланған оқыту жүйесін жүзеге асыруды жалғастырды. Заманауи өндіріс талаптарына сай келетін оқытудың тәжірибелік бөлігін күшейту ұстанымы ең жаңа оқу құрылғыларымен жабдықталған «ҚТЖ» ҰК» АҚ оқу кешені – Астана қаласындағы «Көліктегі технология орталығымен» сәтті жүзеге асты. «ҚТЖ» ҰК» АҚ кәсіпорындарында жұмыс істеу үшін негізгі теміржол мамандықтары бойынша дайындығы ең жоғары деген жас мамандарды іріктеудің мақсатты әдісі іске қосылды.

Сонымен қатар Астана локомотив жөндеу депосымен бірге қосарланған жүйені енгізу бойынша тәжірибелік алаңқай шеңберінде «Темір жол жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» мамандығы бойынша жұмыс бағдарламасы жасақталды, сондай-ақ ҚазККА Ақмола колледжінде студенттер үшін өндірістегі тәжірибелік сабақтардан өту кестесі бекітілді.

2014 жылы білім бағдарламаларын, «ҚТЖ» ҰК» АҚ жетекші қызметкерлерінің қатысуымен саланың өзекті мәселелері бойынша ашық дәрістер мен семинарлар өткізуді қамтитын «М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялық академиясымен» бірлескен жұмыс жалғасын тапты, сонымен қатар оқу орталықтары мен «М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялық академиясымен» АҚ-ын General Electric, ALSTOM, Talgo, Siemens секілді танымал серіктестер ұсынған заманауи құрылғылармен және жаттығу құралдарымен жабдықтау ісі жалғасты.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» заңына және «2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы тілдерді дамыту мен қолдандың мемлекеттік бағдарламасына» сәйкес жыл сайын мемлекеттік тілді игеру бойынша курстар ұйымдастырылады. 2014 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ тобының 3 048 қызметкері мемлекеттік тілді үйренді.

Жаһандану және интеграция процестерінің

рөлін түсініп және халықаралық серіктестікті дамыта отырып «ҚТЖ» ҰК» АҚ Компания қызметкерлерінің шет тілдері игеруін қамтамасыз етеді. 2014 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның 300-ден астам қызметкері ағылшын тілі курсынан өтті.

Орта есеппен жыл сайын 100 000 қызметкер отандық және шетелдік оқу орындарында, «ҚТЖ» ҰК» АҚ оқу орталықтарында білім алады.

Жас мамандар мен қызметкерлерді дайындауға қызметкерлер құрамының қызығушылығын сақтап, арттыруға көмектесетін және қызметкерлердің жұмыстан кетуін төмендететін тәлімгерлік институты да ат салысады. «ҚТЖ» ҰК» АҚ жас қызметкерлердің бөлімшелердегі бейімделуі мен тәлімгерлік бойынша шаралардың жүзеге асуына мониторинг жүргізеді. 2014 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ жұмысқа кірген 5632 қызметкерді бейімдеу бойынша 1355 шара өткізді. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-дағы тәлімгерлер саны 1462 адамды құрады, тәжірибеден 1858 адам өтті.

Жас мамандармен жұмыспен қатар «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да кадр қорғауын қамтамасыз ету мақсатында кадр резерві құрылған. 2014 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша кадр резервіндегі қызметкерлер саны 588 адамды құрайды.

2014 жылы кадр резервінен жұмысқа тағайындау көрсеткіші 72% болды, АО резервтегілердің ауысу жиілігі 5%-ды құрады.

Сонымен қатар, «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлер құрамын моральдық тұрғыдан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының корпоративтік, мекемелік және мемлекеттік марапаттарымен көтермелеуді қарастыратын және қызметкерлер құрамын сақтап қалуға, дамытуға бағытталатын материалды және материалды емес еңбек ынталандыру әдістерін жүзеге асырады.

2014 жылғы ҚТЖ» ҰК» АҚ айтулы оқиғаларының бірі Қазақстан темір жолының 110-жылдығының мерекеленуі болды. Аталған мерейтойды тойлау құрметіне ұйымдастырылған шараларға шетелдік теміржол әкімшіліктерінің, ҚР мемлекеттік органдарының өкілдері және сала ардагерлері қатысты. «Қазақстан темір жолына 110 жыл» ескерткіш белгісімен марапатталды.

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

2014 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдары бойынша өндіріске байланыст қайғылы жағдайлар саны

16 %

46 оқиғаны құрады. 2013 жылы аталған көрсеткіш 55 болатын

Ал 1000 жұмысшыға шаққандағы өндірістік жарақат жиілігі коэффициенті

15 %

0,307, 2013 жылы аталған көрсеткіш – 0,361

ал өндірістік жарақат ауырлығы коэффициенті

5 %

25,51, 2013 жылы аталған көрсеткіш – 26,84



Қызметкерлерге қауіпсіз еңбек жағдайын жасау үшін жоспарланған қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша кешенді шаралар 2014 жылы толық көлемде орындалды. Аталған шараларды орындауға бөлінген 2 млрд 522 млн теңге көлемінде қаржы игерілді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ өз қызметін жүргізу барысында экологиялық қауіпсіздік пен қоршаған орта амандығы үшін жауапкершілікті өз мойнына алады.

Табиғатты қорғау қызметі Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне, Қазақстан Республикасымен бекітілген басқа нормативтік құқықтық актілері мен халықаралық келісімшарттар мен келісімдерге сәйкес іске асырылады, сондай-ақ «ҚТЖ» ҰК» АҚ-нда Қоршаған ортаны қорғау туралы ережемен регламенттелген.

Қазіргі уақытта Компаниялар тобындағы экологиялық қауіпсіздік атмосфераны

ластайтын залалды заттардың шығарылуының 4%-ға артуымен сипатталады (21,0 мың тоннадан 21,9 мың тоннаға дейін). Аталған өсім теміржол бекеттеріндегі вокзалдардың әкімдіктердің коммуналдық меншігінен өтуіне және «Теміржол жөндеуші» ЖШС жаңа құрылыс орындарының жаңа залалды заттар шығару көздеріне байланысты Компанияның еншілес ұйымдары бойынша байқалады.

Табиғатты қорғау шараларын орындау барысында 888,6 млн теңге қаржы игерілді (жоспарланған сома 920,1 млн теңге, 96,5%-ы игерілді). Шаралар қажетті тазалау құрылғылары арқылы залалды заттар шығару көздерін тазалауға, тазалау құрылғыларын қалпына келтіруге, нормативті-экологиялық құдаттама жасауға және таы басқаларға бағытталды.

Осымен қатар, 2014 жылы табиғатты қорғау жобаларын ендіру бойынша келесі жұмыстар жүргізілді.

Атырау жол бөлімшесінің Ақжайық бекетінде жол бөлімшесі ғимараты мен бекеттің машина есебі ғимаратының құрғату жүйесін күрделі жөндеуден өткізу және қалпына келтіру жүзеге асырылды.

Защита жол бөлімшесіндегі Казиевка бекетінің электр жылыту жүйесіне көшуіне байланысты стационар көздерден атмосфераға бөлінетін залалды заттар көлемі 26,474 тоннадан 15,620 тоннаға дейін азайды.

«ЛОКОМОТИВ СЕРВИС ОРТАЛЫҒЫ» АҚ: Қостанай бекетіндегі құммұнайұстау құрлығысын алу және монтаждау, құрғату жүйесін қалпына келтіру ағын су және жауын суындағы өлшенген және еріген мұнай өнімдері және өзге де ластаушы заттардың деңгейін азайтуға мүмкіндік берді.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ 2014 жылы 92 жаңа жолаушылар вагонын пайдалануға берді, бұл 2013 жылмен салыстырғанда ластаушы

заттардың шығарылуын 97 тоннаға азайтуға мүмкіндік берді.

«ҚАМҚОР МЕНЕДЖМЕНТ» ЖШС «Шу локомотивжөндеу зауытының өндірістік қазандығын газ отынына ауыстыру арқылы қалпына келтіру» жобасын енгізді. Нәтижесінде, отын алуға кететін шығын қысқарды, сәйкесінше, атмосфераға бөлінетін залалды заттардың шығарылуы да айтарлықтай қысқарды, 2014 жылы аталған залалды заттар салмағы 67,7 тонна болды, бұл көрсеткіш 2013 жылы 117 тоннаны құраған болатын.

«ЛОКОМОТИВ» АҚ 2014 жылы 33 бірлік локомотив жетегін алып, пайдалануға берді, бұл локомотив қозғалтқыштарынан (жылжымалы көздер) атмосфераға бөлінетін зияды эмиссияны 1,5 есе төмендетуге мүмкіндік берді.

ДАМУ

БОЛАШАҒЫ

2015 ЖЫЛЫ КОМПАНИЯ

2015 жылға арналған күрделі салымдардың АҚ «ҚТЖ» ҰК «АҚ компаниялар тобы жоспары болып табылады

364 247
млн теңге

Компания 2015 жылы келесі өндірістік-қаржылық көрсеткіштерге қол жеткізеді деп болжануда:

205 467
млн.т-шқ

тарифтік жүк айналымы

18 643
млн.жол-шқ

жолаушылар айналымы

АҚ «ҚТЖ» ҰК «АҚ компаниялар тобы бойынша жалпы түсім мөлшерінде жоспарланып отыр

867,9
млрд теңге

Мемлекеттік субсидиялар сомасына жобаланады

23,3
млрд теңге

Ағымдағы қызметі туралы жалпы шығыстар мөлшерінде жоспарланып отыр

820,3
млрд теңге

Таза табыс болжануда

26,4
млрд теңге

НЕГІЗГІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР:

- ▲ «Жезқазған-Бейнеу теміржол желісінің құрылысы», сомасы 49 831 млн теңге;
- ▲ «Арқалық-Шұбаркөл теміржол желісінің құрылысы», сомасы 16 555 млн теңге;
- ▲ «Вокзал кешенінің құрылысын қоса есептегендегі Астана бекеті теміржол түйінін дамыту (I кезектегі I іске қосу кешені), сомасы 35 003 млн теңге;
- ▲ «Көпфункционалды мұз сарайының құрылысы», сомасы 29 048 млн теңге;
- ▲ «Боржақты-Ерсай т/ж желісінің құрылысы», сомасы 8 663 млн теңге;
- ▲ «Алматы 1-Шу учаскесіндегі екінші жолдар құрылысы», сомасы 9 918 млн теңге;
- ▲ «Құрық порты арқылы паром өткелінің құрылысы», сомасы 4 800 млн теңге;
- ▲ «Қорғас-Шығыс қақпа» АЭА құру және кешенді дамыту», сомасы 70 373 млн теңге;
- ▲ «Энергиядиспетчерлік жетек АБЖ», сомасы 3 561 млн теңге;
- ▲ «Жүк вагондары паркін жаңарту», сомасы 13 726 млн теңге (1 044 бірлік);
- ▲ «Локомотив паркін жаңарту», сомасы 28 512 млн теңге (30 бірлік);
- ▲ «Жолаушылар вагондары паркін жаңарту», сомасы 21 198 млн теңге (153 бірлік);
- ▲ «Жоғарғы жол құрылысына күрделі жөндеу жүргізу», сомасы 9 070 млн теңге (145 шқ);
- ▲ «Локомотивтерге күрделі жөндеу жүргізу», сомасы 1 677 млн теңге (21,5 бірлік);
- ▲ «Жолаушылар вагондарына күрделі жөндеу жүргізу», сомасы 46 млн теңге (2 бірлік). ■

2014 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Компания») басшылығы 2014 ж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Халықаралық қаржы есептілігі стандарттары («ХҚЕС») жөніндегі комитет шығарған Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес Компания мен оның еншілес ұйымдарының қаржылық жағдайын, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген күні аяқталған жыл ішіндегі Компания қызметінің нәтижелерін, ақша қаражатының қозғалысын және капиталындағы өзгерістерді шынайы көрсететін шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға жауап береді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық:

- обеспечение правильного выбора и применение принципов учетной политики; есеп саясатының қағидаттарын дұрыс таңдауды және қолдануға;
- реттілігін, шынайылығын, салыстырылатындығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін формада есеп саясаты туралы мәліметтерді қамтитын ақпаратпен қамтамасыз етуге;
- пайдаланушылардың есептілікті түсінуі үшін ХҚЕС талаптарының орындалуы жеткіліксіз болғанда, сондай-ақ өзге де оқиғалар немесе шарттар Топ қызметінің шоғырландырылған қаржылық жағдайы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелеріне әсер еткен жағдайларда қосымша ақпаратты ашуға;
- Топтың өз қызметін келешекте жалғастыру қабілетін бағалауға жауапты.

Сонымен қатар Басшылық:

- Топтың барлық кәсіпорындарында тиімді, әрі сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеуге, енгізуге және қолдауға;
- есепке алуды Топтың мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ кез келген күнге Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайы жөніндегі жеткілікті дәл ақпаратты беруге және шоғырландырылған қаржылық есептілігінің ХҚЕС талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысанда жүргізуге;
- бухгалтерлік есепті жергілікті бухгалтерлік есеп заңнамасы мен ХҚЕС-ке сәйкес жүргізуге;
- Топ активтерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық орынды шараларды қабылдауға;
- аржылық және өзге де асыра пайдалану фактілерін анықтауға және болдырмауға жауапты.

2014 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық есебі 2015 жылдың 13 наурызында басшылықпен бекітілді.

Топ басшылығы атынан:

А.Ұ. Мамин
Президент

13 наурыз 2015 ж.

Ш.С. Омарбекова
Вице-президент

13 наурыз 2015 ж.

Н.Х. Әбілова
Бас бухгалтер

13 наурыз 2015 ж.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН АКЦИОНЕРІНЕ:

Біз 2014 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық жағдай жөніндегі шоғырландырылған есепті, 2014 жыл бойынша кіріс пен шығын және басқа да жиынтық табыс жөніндегі, ақша қаражатының қозғалысы жөніндегі және капиталдағы өзгерістер жөніндегі тиісті шоғырландырылған есептерді, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелері мен басқа да түсіндірме ақпараттарды қамтитын «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі - «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ҮШІН БАСШЫЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Басшылық осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті Халықаралық қаржы есептілігі стандарттары жөніндегі комитет жариялаған Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына сәйкес дайындауға және дұрыс ұсынуға, сондай-ақ басшылық ықпалсыз іс-қимылдар немесе қателесу салдарынан елеулі бұрмалаушылықсыз шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға қажетті деп есептейтін ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

АУДИТОРЛАР ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Біздің жауапкершілігіміз осы шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы өзіміз жүргізген аудит негізінде пікір білдіруден тұрады. Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар аудиторлардың әдеп нормаларын сақтауын, сондай-ақ аудиттің шоғырландырылған қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына орынды түрде сенімді болатындай етіп жоспарлануы мен жүргізілуін талап етеді.

Аудит шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сандық көрсеткіштерді және ондағы ақпараттың ашылуын растайтын дәлелдерін алу үшін қажет рәсімдерді өткізуден тұрады. Рәсімдерді таңдау ықпалсыз іс-қимылдардың немесе қателердің салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалануы қатерін бағалауды қосқанда, аудиторлардың кәсіби пайымдарына тәуелді. Мұндай тәуекелдерді бағалау барысында аудитор ішкі бақылау жүйесін оның тиімділігі туралы пікір айту үшін емес, жағдайларға сәйкес келетін аудит рәсімдерін әзірлеу үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау және нақтылаудың ішкі бақылау жүйесін қарастырады. Аудитке, сондай-ақ қолданылған есеп саясатының тиімді сипаты мен басшылық жасаған бухгалтерлік болжамдардың негізділігін бағалау, тұтастай шоғырландырылған қаржылық есептілікті беруді бағалау кіреді.

Біз өзіміз алған аудит дәлелдері пікір білдіру үшін жеткілікті әрі тиісті негіз болатынына сенеміз.

ПІКІР

Біздің пікірімізше, шоғырландырылған қаржылық есептілік Топтың 2014 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның сол күні аяқталған жыл бойынша қаржылық нәтижелерін және 2014 жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржы есептілігі стандарттары жөніндегі комитет жариялаған Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына сәйкес барлық елеулі аспектілер тарапынан алғанда шынайы көрсетеді.

Александр Дорофеев
Тапсырма бойынша серіктес
Ресей Федерациясының
Білікті аудиторы
2002 ж. 28 ақпанындағы
№042607 біліктілік куәлігі
Ресей Федерациясы

Дәулет Қуатбеков
Аудитор-орындаушы
Қазақстан Республикасының
Білікті аудиторы
2002 ж. 15 ақпанындағы
№0000523 біліктілік куәлігі
Қазақстан Республикасы

«Делойт» ЖШС
Қазақстан Республикасы бойынша аудит жүргізуге
құқығы бар №0000015 лицензиясы, түрі МФЮ - 2,
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2006 ж. 13 қыркүйегінде берген.

13 наурыз 2015 ж.

Нұрлан Бекенов
«Делойт» ЖШС
Бас директоры

2014 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН (мың теңгемен)

	Ескертпе- лер	2014 ж. 31 желтоқсан	2013 ж. 31 желтоқсан	2013 ж. 1 қаңтары
АКТИВТЕР				
Ұзақмерзімді активтер				
Негізгі қаражат	5	2,228,942,130	1,980,001,428	1,644,295,010
Материалдық емес активтер	6	12,566,300	9,564,865	8,570,847
Қауымдасқан кәсіпорынға инвестициялар	7	16,299,164	1,943,788	2,633,746
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	7	21,086,452	24,746,576	12,845,453
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	8	6,931,262	7,296,492	7,129,207
Акционер есебіне тағайындалған мүлік	13	23,850,672	10,757,881	7,000,000
Өзге де қаржы активтері	12	-	1,922,971	1,874,213
Туынды қаржы құралы	35	4,001,783	-	-
Өзге де ұзақмерзімді активтер	9	172,856,718	185,849,386	134,010,200
Ұзақмерзімді активтер жиынтығы		2,486,534,481	2,222,083,387	1,818,358,676
Ағымдағы активтер				
Тауарлық-материалдық қорлар	10	34,814,915	37,723,901	34,510,578
Тауарлық дебиторлық берешек	11	7,649,242	8,107,149	7,784,113
Өзге де қаржы активтері	12	38,077,081	36,789,673	48,366,850
Туынды қаржы құралы	35	676,213	-	-
Табыс салығы бойынша алдын-ала төлем		2,129,314	2,194,087	2,549,670
Акционер пайдасына тағайындалған актив	13	28,997,449	29,204,088	28,238,638
Берілген қарыздар	14	-	3,639,298	-
Өзге де ағымдағы активтер	15	82,005,465	60,709,412	48,160,363
Ақша қаражаты мен оның баламалары	16	86,552,218	85,855,902	69,706,429
Пайдаланылуы шектелген ақша қаражаты		734,044	1,170,375	1,178,134
		281,635,941	265,393,885	240,494,775
Сату үшін арналған деп сыныпталған ұзақмерзімді активтер мен шығарылатын топ активтері	17	67,283,089	-	37,720,512
Ағымдағы активтер жиынтығы		348,919,030	265,393,885	278,215,287
Активтер жиынтығы		2,835,453,511	2,487,477,272	2,096,573,963
КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР				
Капитал				
Жарғылық капитал	18	793,329,985	683,932,991	675,526,248
Қосымша төленген капитал	18	-	30,000,000	5,429,760
Шетел валютасын қайта есептеу резерві		(782,574)	(144,081)	(112,268)
Бөлінбеген пайда		600,970,019	601,316,737	360,944,289
		1,393,517,430	1,315,105,647	1,041,788,029
Бас компания акционерінің капиталы		16,056,277	14,065,376	7,522,579
Бақыланбайтын үлес	38			
Капитал жиынтығы		1,409,573,707	1,329,171,023	1,049,310,608

	Ескертпе- лер	2014 ж. 31 желтоқсан	2013 ж. 31 желтоқсан	2013 ж. 1 қаңтар
Ұзақмерзімді міндеттемелер				
Қарыздар	19	355,121,763	295,369,338	220,128,879
Шығарылған қарыздық бағалы қағаздар	20	453,894,049	338,063,638	331,688,969
Қаржылық жал бойынша міндеттемелер	21	2,667,615	3,413,415	4,546,064
Қызметкерлерге сыйақы бойынша міндеттемелер	22	27,178,832	27,737,065	27,211,583
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелер	23	240,880,392	225,465,889	153,590,261
Басқа да міндеттемелер	26	48,601,265	25,010,252	25,215,745
Ұзақмерзімді міндеттемелер жиынтығы		1,128,343,916	915,059,597	762,381,501
Ағымдағы міндеттемелер				
Қарыздар	19	42,676,856	34,868,844	29,166,061
Шығарылған қарыздық бағалы қағаздардың ағымдағы бөлігі	20	3,123,566	1,866,159	7,587,539
Қаржылық жал бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	21	441,902	450,644	552,251
Қызметкерлерге сыйақы бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	22	2,977,924	2,490,345	2,485,748
Сауда кредиторлық берешек	24	91,661,881	77,375,619	98,503,421
Корпоративті табыс салығы бойынша міндеттемелер		732,921	1,339,275	91,648
Өзге де салықтар және бюджетке төленетін міндетті төлемдер	25	8,100,811	10,154,715	9,494,682
Өзге де міндеттемелер	26	114,233,062	114,701,051	120,325,660
		263,948,923	243,246,652	268,207,010
Сату үшін арналған деп сыныпталған шығарылатын топ міндеттемелері	17	33,586,965	-	16,674,844
Ағымдағы міндеттемелер жиынтығы		297,535,888	243,246,652	284,881,854
Міндеттемелер жиынтығы		1,425,879,804	1,158,306,249	1,047,263,355
Капитал мен міндеттемелер жиынтығы		2,835,453,511	2,487,477,272	2,096,573,963

А.Ұ. Мамин
Президент

Ш.С. Омарбекова
Вице-президент

Н.Х. Әбілова
Бас бухгалтер

13 наурыз 2015 ж.

13 наурыз 2015 ж.

13 наурыз 2015 ж.

Төмендегі Ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

2014 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША КІРІС ПЕН ШЫҒЫН ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (мың теңгемен)

Жалғастырылатын қызмет	Ескертпе-лер	2014 ж.	2013 ж.
Табыстар			
Жүк тасымалдары		743,243,126	742,800,361
Жолаушылар тасымалдары		77,386,364	73,549,271
Мемлекеттік субсидиялар		24,637,811	23,880,765
Өзге де табыстар	27	35,979,278	29,968,181
Табыстар жиынтығы		881,246,579	870,198,578
Өткізудің өзіндік құны	28	(634,172,853)	(575,433,419)
Жалпы табыс		247,073,726	294,765,159
Жалпы және әкімшілік шығындар	29	(82,344,029)	(88,616,581)
Өткізу бойынша шығындар		(26,614)	(18,957)
Негізгі қаражаттың құнсыздануы	5	(1,164,806)	(1,511,358)
Өзге де кірісі пен шығын		3,620,763	3,255,428
Қаржылық табыс	30	10,521,364	5,493,553
Қаржылық шығын	31	(46,702,065)	(36,901,326)
Бағам айырмашылығынан келген залал	32	(71,699,687)	(7,937,221)
Қауымдасқан кәсіпорындардың (залалындағы)/пайдасындағы үлес	7	(630,227)	432,057
Біріккен кәсіпорындардың пайдасындағы (залалындағы) үлес	7	675,551	(4,701,206)
Еншілес ұйымдардың шығуынан түскен табыс	34	821,163	-
Салық салуға дейінгі пайда		60,145,139	164,259,548
Корпоративті табыс салығы бойынша шығындар	23	(21,086,274)	(36,594,179)
Жалғастырылатын қызметтен түскен жыл ішіндегі пайда		39,058,865	127,665,369
Тоқталыған қызмет			
Тоқтатылған қызметтен келген жыл ішіндегі залал	17	(5,502,074)	(9,229,803)
Жыл ішіндегі пайда		33,556,791	118,435,566
Пайда салығы шегерілгенен кейінгі өзге де жиынтық залал:			
Келесі кезеңдерде пайда және залал құрамына сыныптауға жатпайтын өзге де жиынтық залал:			
Төлемдердің мөлшері белгіленген зейнетақы жоспары бойынша актуарлық залал	22	(257,013)	(3,808,063)
Келесі кезеңдерде пайда және залал құрамдарына сыныптауға жататын өзге де жиынтық (залал)/табыс:			
Шетелдік кәсіпорындар есептіліктерін қайта есептеуден туатын залал		(638,493)	(31,813)
Жыл ішіндегі өзге де жиынтық залал		(895,506)	(3,839,876)
Жыл ішіндегі табыс жиынтығы		32,661,285	114,595,690
Келесіге тиесілі жыл ішіндегі пайда:			
Бас компания акционеріне		30,397,462	115,627,571
Бакыламайтын үлестерге	38	3,159,329	2,807,995
		33,556,791	118,435,566
Келесіге тиесілі жықтық табыс:			
Бас компания акционеріне		29,501,956	111,787,767
Бакыламайтын үлестерге		3,159,329	2,807,923
		32,661,285	114,595,690
Жалғастырылатын және тоқтатылған қызметтен акцияға шаққандағы пайда, теңгемен	36	62	235
Жалғастыралатын қызметтен акцияға шаққандағы пайда, теңгемен	36	73	254
А.Ұ. Мамин	Ш.С. Омарбекова	Н.Х. Әбілова	
Президент	Вице-президент	Бас бухгалтер	
13 наурыз 2015 ж.	13 наурыз 2015 ж.	13 наурыз 2015 ж.	

Төмендегі Ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

2014 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (мың теңгемен)

	Ескер-түлер	2014 ж.	2013 ж.
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:			
Жыл ішіндегі пайда		33,556,791	118,435,566
Пайда мен залалда көрсетілген табыс салығы бойынша шығындар	17, 23	22,791,364	39,124,709
Келесіге түзетулер:			
Тозу және амортизация		101,196,715	90,624,626
Қаржылық шығындар	17, 31	47,361,597	37,974,159
Қайтарылмайтын қосылған құн салығы бойынша резерв	9	803,000	3,845,992
Сот талаптары бойынша резервті қалпына келтіру		(420,576)	(907,721)
Негізгі қаражаттың құнсыздануынан келген залал		1,173,221	1,523,433
Негізгі қаражат пен өзге де ұзақмерзімді активтердің шығуынан келген залал		465,565	404,391
Қаржылық табыс	17, 30	(10,786,274)	(5,706,120)
Белгіленген төлемдер жоспары бойынша шығындар (пайда)		3,253,396	(1,254,018)
Қауымдасқан кәсіпорындардың залалындағы/(пайдасындағы) үлес	7	630,227	(432,057)
Біріккен кәсіпорындардың (пайдасындағы)/залалындағы үлес	7	(675,551)	4,701,206
Өтімсіз және ескірген тауарлық-материалдық қор бойынша резерв/(резервті қалпына келтіру)		181,310	(148,070)
Күмәнді берешек бойынша резервті есептеу		4,089,695	1,535,663
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резервті есептеу		978,687	535,279
Терім бағам айырмашылығы		72,166,751	8,066,197
Тоқтатылған қызметке жататын активтердің шығуынан келген залал	17	-	2,274,564
Еншілес ұйымдардың шығуынан келген табыс	34	(821,163)	-
Басқа		(1,904,223)	(498,577)
Айналым капиталындағы өзгерістерге дейінгі операциялық табыс		274,040,532	300,099,222
Сауда дебиторлық берешектің азаюы/(ұлғаюы)		6,421,688	(1,338,033)
Тауарлық-материалдық қордың азаюы		2,588,921	1,028,942
Өзге де ағымдағы және ұзақмерзімді активтердің (ұлғаюы)/азаюы (оның ішінде ұзақмерзімді қайтаруға жататын ҚҚС)		(1,911,612)	867,202
Сауда кредиторлық берешектің ұлғаюы		9,033,940	11,583,973
Төлеуге жататын өзге де салықтардың азаюы		(21,100,706)	(22,100,874)
Өзге де ағымдағы міндеттемелердің (ұлғаюы)/азаюы		(11,624,102)	8,775,589
Қызметкерлерге сыйақы бойынша міндеттемелердің азаюы	22	(2,063,208)	(2,023,966)
Өзге де ұзақмерзімді міндеттемелердің ұлғаюы/(азаюы)		500	(18,886)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты		255,385,953	296,873,169
Төленген пайыздар		(43,109,409)	(41,399,092)
Алынған пайыздар		4,488,927	5,020,020
Төленген корпоративті табыс салығы		(8,727,135)	(3,872,389)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза қозғалысы		208,038,336	256,621,708
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:			
Негізгі қаражатты сатып алу		(353,536,388)	(466,475,313)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(2,164,560)	(2,827,957)
Негізгі қаражат пен өзге де негізгі қорлардың шығуынан түскен түсімдер		460,401	1,392,402
Өзге де ұзақмерзімді активтерді сатып алу		(655,078)	(11,315,142)
Бар ақша қаражаты мен оның баламаларын шегергенен кейінгі еншілес ұйымдарды сатып алу	33	656,881	(6,606,733)
Қауымдасқан кәсіпорындардағы инвестицияларды сатып алу	7	(14,813,614)	(2,177,211)
Біріккен кәсіпорындардағы инвестицияларды сатып алу		-	(3,724,340)
Сатуға арналған бар инвестицияларды сату		642,178	-
Өзге де қаржылық активтерді сатып алу		(78,032,351)	(38,684,386)
Өзге де қаржы активтерін сатудан түскен түсімдер		85,107,717	50,805,737
Қарыздар беру	14	-	(10,000,000)
Берілген қарыздарды өтеу	14	-	6,000,000
Біріккен кәсіпорындардан түскен дивидендтер		516,517	-
Еншілес ұйымның шығуына байланысты ақша қаражатының таза ағымы	17, 34	1,812,114	4,088,122
Инвестициялық қызметте пайдаланылған ақша қаражатының таза қозғалысы		(360,006,183)	(479,524,821)

	Ескер- тулер	2014 ж.	2013 ж.
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:			
Жарғылық капиталға жарна	18	79,000,000	30,000,000
Қарыз алу		91,342,964	283,996,501
Облигациялар шығарудан түсім		58,253,270	-
Қарыздарды өтеу		(54,290,098)	(44,744,451)
Дивидендтер мен төленгендерді бөлу		(5,170,372)	(25,406,373)
Акционер пайдасына арналған активтерді сатып алу		(15,065,475)	(3,757,881)
Қаржылық жал бойынша міндеттемелерді өтеу		(560,226)	(1,369,118)
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза қозғалысы		153,510,063	238,718,678
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза ұлғаюы		1,542,216	15,815,565
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	16	85,855,902	69,726,277
Шетелдік валютада берілген ақша қаражаты мен оның баламаларының балансына валюта бағамдары өзгеруінің әсері		2,566,649	314,060
Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	16	89,964,767	85,855,902
Ақашалай емес операциялар:			
Есептілік кезеңнің соңына дейін төленбеген негізгі қаражатты сатып алу		22,840,739	21,073,300
Банктен жабдықтаушыға тікелей аударылған қарыз қаражатының есебінен негізгі қаражатты сатып алу		20,797,846	17,854,093
Капитал құрамында көрсетілген, Акционерден алынған қарызды әділ құнына дейін түзету	18	12,126,873	148,219,928
Қарыздар бойынша шығындардың капиталдандырылуы		4,457,583	3,906,368
Теміржол әкімшілігі бойынша қарызды екіжақты есептеу		2,982,329	1,636,176
Бірлескен кәсіпорындарға ұзақмерзімді активтер түрінде инвестициялар сатып алу	7	1,336,135	-
Негізгі қаражат құнына капиталдандырылған тозу		1,208,246	2,971,969
Жарғылық капиталға салым ретінде негізгі қаражаттың түсімі		860,597	2,992,994
Тауарлық-материалдық қор құнына капиталдандырылған тозу		202,083	697,466
Қауымдасқан кәсіпорындарға ұзақмерзімді активтер түрінде инвестициялар сатып алу	7	171,989	-
Есептілік кезеңінің соғына дейін төленбеген өзге де ұзақмерзімді активтерді сатып алу		134,596	838,774
Бірлескен кәсіпорындағы инвестиция құрамында көрсетілген бірлескен кәсіпорынға берілген қарызды әділ құнына дейін түзету	14	-	589,813

А.Ұ. Мамин
Президент

Ш.С. Омарбекова
Вице-президент

Н.Х. Әбілова
Бас бухгалтер

13 наурыз 2015 ж.

13 наурыз 2015 ж.

13 наурыз 2015 ж.

Төмендегі Ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

2014 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША
КАПИТАЛ ӨЗГЕРІСІ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (мың теңгемен)

	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Шетелдік валюталарды қайта есептеу резерві	Бөлінбеген пайда	Бас компания акционерінің үлесі	Бақыланбайтын үлестер	Капитал жиынтығы
2014 ж. 1 қаңтарына	683,932,991	30,000,000	(144,081)	601,316,737	1,315,105,647	14,065,376	1,329,171,023
Жыл ішіндегі пайда	-	-	-	30,397,462	30,397,462	3,159,329	33,556,791
Жыл ішіндегі өзге де жиынтық залал	-	-	(638,493)	(257,013)	(895,506)	-	(895,506)
Жыл ішіндегі жиынтық табыс	-	-	(638,493)	30,140,449	29,501,956	3,159,329	32,661,285
Акциялар шығару (18-Ескертпе)	109,396,994	(30,000,000)	-	-	79,396,994	-	79,396,994
Дивидендтерді төлеу (18 және 38-Ескертпелер)	-	-	-	(16,165,051)	(16,165,051)	(1,170,372)	(17,335,423)
Өзге де бөлулер (18 және 26- Ескертпелер)	-	-	-	(24,659,207)	(24,659,207)	-	(24,659,207)
Өзге де салымдар (18-Ескертпе)	-	-	-	10,337,091	10,337,091	-	10,337,091
Еншілес ұйымдарды сатып алу (33-Ескертпе)	-	-	-	-	-	1,944	1,944
2014 ж. 31 желтоқсанына	793,329,985	-	(782,574)	600,970,019	1,393,517,430	16,056,277	1,409,573,707
2013 ж. 1 қаңтарына	675,526,248	5,429,760	(112,268)	360,944,289	1,041,788,029	7,522,579	1,049,310,608
Жыл ішіндегі пайда	-	-	-	115,627,571	115,627,571	2,807,995	118,435,566
Жыл ішіндегі өзге де жиынтық залал	-	-	(31,813)	(3,807,991)	(3,839,804)	(72)	(3,839,876)
Жыл ішіндегі жиынтық табыс	-	-	(31,813)	111,819,580	111,787,767	2,807,923	114,595,690
Акциялар шығару (18-Ескертпе)	8,406,743	24,570,240	-	(1,859,405)	31,117,578	-	31,117,578
Дивидендтерді төлеу (18 және 38-Ескертпелер)	-	-	-	(16,999,211)	(16,999,211)	(407,162)	(17,406,373)
Өзге де бөлулер (18 және 26- Ескертпелер)	-	-	-	(824,455)	(824,455)	-	(824,455)
Өзге де салымдар (18-Ескертпе)	-	-	-	148,235,939	148,235,939	-	148,235,939
Еншілес ұйымдарды сатып алу (33-Ескертпе)	-	-	-	-	-	4,142,036	4,142,036
2013 ж. 31 желтоқсанына	683,932,991	30,000,000	(144,081)	601,316,737	1,315,105,647	14,065,376	1,329,171,023

А.Ұ. Мамин
Президент

Ш.С. Омарбекова
Вице-президент

Н.Х. Әбілова
Бас бухгалтер

13 наурыз 2015 ж.

13 наурыз 2015 ж.

13 наурыз 2015 ж.

Төмендегі Ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады..

2014 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (мың теңгемен, егер басқалай көрсетілмесе)

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі - «Компания») Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі - «Мемлекет») қаулысына сәйкес Қазақстанда теміржол саласындағы мемлекеттік активтер жөніндегі холдингтік компанияны ұйымдастыру мақсатында құрылды. Компания 2002 жылдың 15 мамырында тіркелген. Шоғырландырылған қаржылық есептілік Компания және оның толық бақыланатын еншілес ұйымдардың (бұдан әрі - бірлескен «Топ») қызмет нәтижесінен тұрады. Компанияның тіркелген кеңсесінің мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Д.Қонаев көшесі, 6.

Мемлекет атынан «Самұрық-Қазына» Ұлттық әлауқат қоры» АҚ Компанияның жалғыз акционері (бұдан әрі - «Акционер») болып табылады.

Мемлекет Топтың құрылымына бақылау жасауды жүзеге асырады және Қазақстан Республикасындағы теміржол қызметінің ұзақмерзімді стратегиясын белгілейді. 1997 жылдан бастап Мемлекет Қазақстан Республикасында теміржол саласын қайта құрылымдау процесін жүргізуде, оған Топты құру, жолаушылар мен жүк тасымалдарын және тиісті тарифтерді бөлу, сондай-ақ жолаушылар тасымалдарын сужидиялау жатады. 2020 жылға дейін Топтың даму стратегиясы темір жол активтеріне елеулі инвестициялар салуды көздейді. Компания осы Стратегияның аясында шаралар жоспарын жасады. Жоспарға сәйкес «ҚТЖ-Инфрақұрылым» АҚ, «ҚТЖ - Жүк тасымалдары» АҚ, «ҚТЖ - Жолаушылар тасымалдары» АҚ және 100% акциялар топтамасы Компанияға тиесілі болатын мульти-модальді көліктік-логистика операторын құру қарастырылған. Топты мақсатты құрылымы Үкімет бекіткен 2014-2016 жылдарға арналған жекешелендірудің Кешенді жоспарын ескере отырып құрылады. Кешенді жоспарға сәйкес Топтың 35 еншілес, қауымдасқан және бірлескен ұйымдарының акция пакеттерін бәсекелестік ортаға сату қарастырылған.

Топ Қазақстан Республикасында жүк тасымалдары бойынша қызметтерді көрсетіп, теміржол инфрақұрылымын күтіп ұстау және жөндеуді қамтамасыз ете отырып, Мемлекет бақылау жасайтын темір жолдардың мемлекеттік жүйесін пайдалануды жүзеге асырады. Қазақстандағы те-

міржол саласын реттеу аясында Мемлекет Топтың жүк тасымалдарында қолданылатын тарифтерін белгілейді. Сонымен қатар, кейбір жолаушы тасымалының бағыттары мемлекеттік гранттармен судсидияланады. Осы реттелетін тарифтер тасымалдар бойынша көрсетілетін қызметтердің түріне қарай өзара ажыратылады. Мемлекет халықаралық транзиттік бағыттағы жүк тасымалы тарифтерін реттемейді.

2014 және 2013 жылдары Топ реттелетін қатынас түрлерінде жүк тасымалдарына деген тарифтерді орташа алғанда сәйкесінше 7% және 8.4%-ға және халықаралық бағыттағы жолаушылар тасымалдарына, облысаралық жолаушылар тасымалдары мен ауданаралық бағыттағы жолаушылар тасымалдарына деген тарифтерді сәйкесінше 7% және 12%-ға көтеруге Үкіметтен рұқсат алды. Сондай-ақ Топқа берілген мемлекеттік субсидиялардың да сомасы ұлғайды.

2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

ДАЙЫНДЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржы есептілігі стандарттары жөніндегі комитет (бұдан әрі - «ХКЕСК») жариялаған Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына (бұдан әрі мәтін бойынша - «ХКЕС») сәйкес дайындалған. Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі қызметтің үздіксіздігі негізінде әзірленген.

Кейбір қаржылық құралдарды қоспағанда, шоғырландырылған қаржылық есептілік бағалау немесе әділ құнмен төмендегі есеп саясатында сипатталған есеп беру күніне есепке алынатын тарихи құн қағидасы негізінде дайындалған. Әдетте тарихи құн тауар немесе қызметтің орнына берілген сыйақының әділ құны негізінде анықталады.

Әділ құн ерікті келісім аясында бағалау күніне нарық қатысушылары арасында активті сату барысында алына алатын немесе міндеттемелерді өтеу кезінде төлене алатын сома ретінде осы құнның тікелей байқалуына немесе басқа әдіспен анықталуына қарамастан тәуелсіз түрде анықталады. Компания актив немесе міндеттемені әділ құны бойынша бағалаған кезде актив немесе міндеттеменің сипаттамаларын нарық қатысушылар оларды ескергендей ескереді. ХБЕС 17-мен реттелетін жал ке-

лісімін, сонымен қатар әділ құнмен салыстырылатын, бірақ теңестірілмейтін бағалауды (мысалы, қорларды ХБЕС 2-мен бағалау кезіндегі өткізудің таза құны немесе ХБЕС 36-мен құнсыздандуды бағалау кезіндегі пайдаланудың құндылығы) қоспағанда, осы есептілікті бағалау мен ашу мақсатында әділ құн жоғарыда көрсетілген амалмен анықталады.

Бұдан бөлек есептілікті дайындау барысында бастапқы мәліметтердің байқалуына және олардың бағалау үшін маңыздылығына байланысты әділ құн бойынша бағалау келесі деңгейлерге жіктеледі:

- 1-деңгей – бағалау күніне кәсіпорын бақылай алатын белсенді нарықтағы дәл осындай активтер мен міндеттемелерге деген баға белгілеулері (түзетусіз);
- 2-деңгей – 1-ші деңгейге сәйкес келмейтін, бірақ активтер мен міндеттемелер үшін тікелей немесе жанама бақыланатын бастапқы мәліметтер;
- 3-деңгей – актив пен міндеттеме бойынша бақыланбайтын бастапқы мәліметтер.

ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН СТАНДАРТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

Ағымдағы кезеңде қабылданған Стандарттар мен Түсіндірмелер:

Ағымдағы жылы Топ келесі жаңа және қайта қаралған Стандарттарды қолданды:

- ХБЕС 32-ге түзетулер - «Қаржылық активтер мен міндеттемелердің өзара есепке алынуы»;
- ХБЕС 36-ға түзетулер - «Қаржылық емес

активтердің өтелу құны жөніндегі ақпаратты ашу».

ХБЕС 32-ге түзетулер - «Қаржылық активтер мен міндеттемелердің өзара есепке алынуы»

ХБЕС 32-ге түзетулер өзара есепке алу талаптарының қолданылу мәселелерін анықтайды. Жекелеп алғанда «әрекет ететін заңдық жүзеге асырылатын өзара есепке алу құқығы» мен «бір уақытта активтерді сату мен міндеттемелерді өтеу» сөз тіркестерінің мәні анықталған. Түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер еткен жоқ.

ХБЕС 36-ға түзетулер - «Қаржылық емес активтердің өтелу құны жөніндегі ақпаратты ашу»

ХБЕС 36-ға түзетулер тек залал немесе құнсызданду қалпына келтірілген кезеңмен ақшалай қаражат әкелетін актив немесе бірліктің өтелу құнын ашып көрсету талаптарын шектейді. Сонымен қатар, түзетулер өтелу құны шығу құны шегерілгеннен кейінгі әділ құнның негізінде анықталған жағдайда ашып көрсетуге қосымша талаптар енгізеді. ХБЕС 36-ға түзетулерді қолдану тек қана ақпараттың ашылуына әсер етіп, есептіліктің көрсеткіштеріне әсер еткен жоқ.

Алдағы кезеңдерде қабылданатын шығарылған Стандарттар мен Түсіндірмелер:

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекіту күніне мынадай Түсіндірмелер мен Стандарттар шығарылды, бірақ әлі күшіне енген жоқ:

	ДЕНДІ БАСТАЛАТЫН НЕМЕСЕ ОСЫДАН КЕЙІНГІ ЕСЕПТІК КЕЗЕҢДЕР ҮШІН ЖАРАМДЫ
ХКЕС 9 «Қаржы құралдары»	1 қаңтар 2018 ж.
ХКЕС 15 «Клиенттермен келісім-шарттар бойынша табыс»	1 қаңтар 2017 ж.
ХКЕС 14 «Кейінгі қалдырылған тарифтік айырмалар шоттары»	1 қаңтар 2016 ж.
ХБЕС 27-ге түзетулер - «Жеке қаржылық есептілікте үлестік қатысу әдісін қолдану»	1 қаңтар 2016 ж.
ХБЕС 16 мен ХКЕС 38-ге түзетулер - «Амортизацияның ұйғарынды әдістеріне түсіндірме»	1 қаңтар 2016 ж.
ХКЕС 11-ге түзетулер - «Бірлескен операцияларда қатысу үлесін сатып алудың есебі»	1 қаңтар 2016 ж.
ХКЕС 10 және ХБЕС 28-ге түзетулер - «Инвестордың бірлескен немесе тәуелді ұйымға активтерді сатуы немесе жарна ретінде салуы»	1 қаңтар 2016 ж.
Жыл сайынғы ХКЕС-ті жетілдіру аясындағы ХКЕС 5, ХКЕС 7, ХБЕС 19, ХБЕС 34-ке түзетулер, 2012-2014 жж. кезеңі	1 қаңтар 2016 ж.
ХБЕС 19-ға түзетулер - «Төлемдердің мөлшерленген зейнетақы бағдарламалары - қызметкерлер жарнасы»	1 шілде 2014 ж.
Жыл сайынғы ХКЕС-ті жетілдіру аясындағы ХКЕС 2, ХКЕС 3, ХБЕС 8, ХКЕС 13, ХБЕС 16 және ХБЕС 38, ХБЕС 24-ке түзетулер, 2010-2012 жж. кезеңі	1 шілде 2014 ж.
Жыл сайынғы ХКЕС-ті жетілдіру аясындағы ХКЕС 3, ХКЕС 13, ХБЕС 40-қа түзетулер, 2011-2013 жж. кезеңі	1 шілде 2014 ж.

Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелерді алдын ала қолданған жоқ.

Топ басшылығы ХҚЕС 9-дың болашақта қолданылуы қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерде көрсетілген сомаларға ықпал ете алады деп күтеді. Алайда егжейлі талдау жүргізгенге дейін ХҚЕС 15-тің қолданылуының ықпалын бағалау мүмкін емес.

МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК ПАЙЫМДАУЛАР МЕН БАҒАЛАУЛАР

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау шоғырландырылған қаржылық есептілігінде есептік күндегі активтер мен міндеттемелердің алынған сомаларына, әлеуметті активтер мен міндеттемелер туралы ақпараттың ашылуына, есептің кезең бойындағы табыс пен шығынның есептілікке алынған сомаларына әсерін тигізетін пайымдауларды және субъективті бағалаулар мен жорамалдарды Топ Басшылығымен қолдануын көздейді. Осы бағалар тарихи білім-гі немесе маңызды факторларға негізделгеніне қарамастан, нақты нәтижелер осы субъективті бағалаулардан ерекшеленуі мүмкін. Келесі қаржылық жылда активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына маңызды қатері бар, есепті күнге белгісіздік жағдайын бағалайтын болашақ және де басқа маңызды деректер бойынша маңызды пайымдаулар төменде талқыланады:

БАҚЫЛАУДЫ АНЫҚТАУ

«Атырау халықаралық теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ-ын бақылау

Топ «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның акцияларын заңды тұрғыда иеленбесе де, «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ Топтың еншілес ұйымы ретінде танылады (3,18 және 38-Ескертпелер). Топ заңды түрде «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның 100% акциясын иеленген «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-пен жасасқан сенімгерлікпен басқару келісім-шартынан туындайтын барлық елеулі фактілер мен жағдайларды қарастыра келе, Топ «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ-ын бақылаудың баршылығына бағалау жүргізді. Нәтижесінде, Топ «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның маңызды қызметін Топтың

табысына әсер ету мақсатымен жеке-дара басқаруға тәжірибелік мүмкіндік беретін кең құзіреті негізінде «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ-ны бақылайтындығы туралы қорытындығы келді. Құзірет Топқа Жалғыз акционермен берілген.

«Тұлпар-Тальго» ЖШС-сын бақылау

2012 жылдың қазанында Топ «Ремлокомотив» АҚ атынан Talgo Kazajstan S.L. компаниясымен бірлескен ұйым - «Тұлпар-Тальго» ЖШС-ның жарғылық капиталына қосымша жарна салып, өз үлесін 50%-дан 99,99%-ға дейін ұлғайтты. Қосымша жарна салумен бірге Топ Talgo Kazajstan S.L.-ге «Тұлпар-Тальго» ЖШС-ның жарғылық капиталының 49,99%-ын сатып алуға құқық беретін опцион шартына отырды. Топтың «Тұлпар-Тальго» ЖШС-тегі иелену үлесін ұлғайтуы Talgo Kazajstan S.L.-дың негізгі операциондық шешімдерге veto құқығына әсер еткен жоқ. Яғни, Топ осы инвестицияларды бірлескен ұйымдарға инвестициялар ретінде үлестік қатысу дісімен есептеуді жалғастырды.

Топ «Тұлпар-Тальго» ЖШС-ның 99,99%- үлесін иемденеді, бірақ осыған дейін басқа қатысушыға осы ұйымда негізгі операциондық шешімдерге veto құқығын беретін опционның бар болуынан шоғырландырылған жоқ.

2014 жылдың 6 тамызында опционның мерзімімен бірге veto құқығы да аяқталды және осы күннен бастап Топ «Тұлпар-Тальго» ЖШС-ке бақылау алды (17-Ескертпе).

Әуежайларды бақылау

Топ және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі - «Комитет») «Көкшетау әуе компаниясы», «Петропавл халықаралық әуежайы», «Астана халықаралық әуежайы», «Қостанай халықаралық әуежайы», «Шымкент әуежайы» және «Қорқыт Ата әуежайы» акционерлік қоғамдарының Қазақстан Республикасының көлік және коммуникация министрлігінің балансында есепке алынатын 100% мемлекеттік акция топтамаларын сенімгерлікпен басқару туралы өзара келісім-шарт жасасты. Топ басты агент болғандықтан және оған табысталған шешімдерді қабылдау құқығын комитет мүддесіне жүзеге асыратындықтан осы әуежайларды басқармайды. Осы себепті Топ әуежайларды енші-

лес ұйым ретінде таныған жоқ. Келісім-шарт ұйымға әуежайлардың операциялық қызметінен табыс алуға құқық бермейді.

«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» АҚ-ын бақылау

2011 жылдың 1 қаңтарында Топ Комитетпен «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастық халықаралық орталығы» АҚ-ның (бұдан әрі - Қорғас) 100% акциялар топтамасын сенімгерлікпен басқару туралы келісім-шарт жасасты. То агент болып табылатындықтан аталған ұйымды бақыламайды. Сондықтан Топ Қорғасты еншілес ұйым ретінде таныған жоқ. Келісім-шарт ұйымға Қорғастың операциялық қызметінен түсетін табыс алуға құқық бермейді.

ӘДІЛ ҚҰН БОЙЫНША БАҒАЛАУ

Топ активтері мен міндеттемелерінің бір бөлігі әділ құн бойынша бағаланған. Актив немесе міндеттемені әділ құн бойынша бағалау кезінде Топ бақыланатын қолжетімді нарықтық мәліметтерді қолданады. 1-деңгейлі мәліметтер болмаған жағдайда Топ бағалау жүргізу үшін сыртқы білікті бағалаушыларды тартады.

Активтер мен міндеттемелердің әділ құнын анықтау үшін қолданылған бағалау әдістері мен бастапқы деректер туралы ақпарат 8, 17, 33, 35 және 40-Ескертпелерде көрсетілген.

ГУДВИЛДІ ЕСЕПKE АЛМАҒАНДАҒЫ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ

Топ әрбір есептік күніне материалды және материалдық емес активтердің баланстық құнының құнсыздану индекаторларының бар болуына тексеру жүргізеді.

Активтің құнсыздануының индекаторларының болуын анықтау қайта құрылымдау процесіндегі өзгерістер, теміржол индустриясының өсуі, болжамдық ақша ағындары, болашақта қаржыландырудың қолжетімділігінің өзгеруі; технологиялық жағынан ескіруі, қызмет көрсетудің тоқтатылуы, орын ауыстыруға жұмсалатын ағымдағы шығындар мен құнсызданудың бар екендігін көрсететін жағдайлардың басқа да өзгерістері сияқты көптеген факторларға негізделеді.

Егер мұндай индикаторлар бар болса, активтің өтелетін құны бағаланады және активтің баланстық құнымен салыстырылады. Құнсыздану баланстық құны активтің өтелетін құнынан артық болған жағдайда танылады. Өтелетін құн екі мәнді: өткізу шығынын шегергендегі активтің әділ құны мен пайдалану құнының ең үлкені ретінде белгіленеді. Пайдалану құнын бағалау кезінде есептік келешектегі ақша ағындары, басшылықтың пікірінше, ақшаның уақытша құнының ағымдық нарықтық бағасын және активтерге тән тәуекелдерді көрсететін олардың ағымдық құнына дейін дисконтталады. Өтелетін бағалау құнындағы өзгеріс құнсыздануға немесе оның болашақ кезеңдерде қалпына келуіне әкелуі мүмкін.

ҚҚС-ТЫ ӨТЕУ

Әрбір есептік күндегі жағдай бойынша Топ халықаралық қызметтер көрсетуден туындаған ҚҚС-тың өтелмеген сомасына қатысты резервті бағалау жүргізеді. Топ ҚҚС-ты сатып алушылардан ала алмайды, тиісінше осы сомаларды салық органдарынан алып қана өткізе алады. Топ өзінің салық басқармасынан алған ҚҚС бойынша күтіліп отырған қайтарулар туралы ақпаратты, мемлекеттік салық органдарымен хат алмасуды, сондай-ақ оны өтеуге қатысты тарихи деректерді қарайды. ҚҚС-ты өтеудің нақты сомас Топтың бағалау сомасынан өзгеше болуы мүмкін, ол операциялық нәтижелерге елеулі әсер етуі ықтимал

НЕГІЗГІ МҮЛІКТІҢ ТОЗУЫ

Негізгі мүліктің тозуы активтердің пайдалы қызмет етуі мерзімі ішінде төте сызықты әдіс негізінде есептеледі. Топ өзінің активтерінің, соның ішінде негізгі мүліктің пайдалы қызмет мерзімдерін белгілейді. Пайдалы қызмет етудің болжамды мерзімдерімен, тарату құнымен байланысты бағалаулар, сондай-ақ тозуды есептеу әдістері әрбір есептік күнге қайта қаралады және қажет болған жағдайда түзетіледі. Кез келген түзету есептік бағалаулардағы өзгеріс ретінде болашақта ескеріледі. Активтердің пайдалы қызмет ету мерзімі мен тарату құнын бағалау күтіліп отырған пайдалануға, жөндеу және қолдау жөніндегі бағдарламаларға, қызмет көлеміне, технологияларды жетілдіруге және қызметтің өзге де шарттарына тәуелді болады. Осы өзгерістердің нәтижесінде тозу құны өткен жылдарда көрсетілген сомалардан елеулі түрде өзгешеленуі мүмкін. ►

САЛЫҚ САЛУ

Түрлі қазақстандық заңнамалық актілер мен нормалар барлық кезде түсінікті бола бермейді. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасындағы пікірлер бір-бірінен өзгешеленуі мүмкін. Бұл ретте салық органдары қосымша салықтарды жете есептеген жағдайда, айыппұлдар мен өсімақылардың қолданыстағы мөлшерлері елеулі мөлшерде белгіленген: айыппұлдың мқлшері жете есептелген салық сомасының 50%-ын және өсімақының мөлшері уақтылы төленбеген салықтың 13.75%-ын құрайды. Нәтижесінде айыппұлдар мен өсімақылар жете есептелген салықтардың сомасынан асып кетуі мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген екіұштылыққа байланысты салықтардың, айыппұл санкциялары мен өсімақылардың әлеуетті сомасы бүгінгі уақыт бойынша шығындарға жатқызылған және 2014 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша есептелген сомадан асып кетуі ықтимал. Бағалау мен нақты төленген сомалар арасындағы айырмашылықтар, егер мұндайлар туындайтын болса, алдағы кезеңдерде Топтың пайдасына елеулі әсер етуі ықтимал.

НАРЫҚТЫҚ ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕДЕН ТӨМЕН ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕДЕН АКЦИОНЕРДЕН АЛЫНҒАН ҚАРЫЗДАР

Топ ұқсас қарыздар үшін нарықтық пайыздық мөлшерлемеден төмен пайыздық мөлшерлемеден Акционерден қарыз алады. Бұл несиелер бастапқыда қарыз қаражатын тартумен байланысты шығындар қоса есептелген ақша қаражатының әділ құнын (амортизацияланған құнын) көрсететін құнмен есепке алынады. Топ капитал құрамында осы несиелердің әділ құнын ұқсас мерзімдік ұзақмерзімді мемлекеттік қазынашылық міндеттемелердің төлшерлемелерін қолданып есептейді және несиені әділ құнына дейін түзетуді таниды (кейінге қалдырылған сәйкес салықты шегергенде). Ұқсас мерзімдер болмаған жағдайда, Топ көбірек сәйкес келетін нарықтық мөлшерлемені Топ алған несие мерзіміне экстраполейді. Бастапқы танудан кейін аталған қарыз амортизациялық құнмен пайдалы пайыз мөлшерлемесі әдісі қолданылып есепке алынады.

ШОҒЫРЛАНДЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

Компанияның қаржылық есептілігін және Компания мен 38-Ескертпеде тізімі көрсетілген оның еншілес ұйымдарымен бақыланатын ұйымдардың қаржылық есептілігін қамтиды.

Еншілес ұйымдар бақылау Топқа өткен күннен бастап шоғырландырылады және Топ оларды бақылауды тоқтатқанан кейін шоғырландырылмайды. Соның ішінде жыл ішінде сатып алынған немесе сатылған еншілес ұйымдардың табыстары мен шығындары пайда мен залал және өзге де жиынтық табыс есептілігінде бақылау басталған күннен бастап бақылау тоқтатылған күнге дейін есептелінеді.

Топ бақылауды жүзеге асырады, егер:

- ұйым алдында билік құзіретіне ие болса;
- ұйым қызметінің айнымалы нәтижелерінің құқықтарына ие болса/тәуекелдерін шексе;
- айнымалы нәтижелерге әсер ету мақсатында билік құзіретін пайдалана алса.

Егер фактілер мен жағдайлар бір немесе бірнеше бақылау элементтерінің өзгерісіне сілтесе, Топ бақылаудың бар немесе жоқтығын қайта бағалайды.

Егер қолда бар адуыс құқығы оған ұйымның маңызды қызметін жеке-дара басқаруға тәжірибелік мүмкіндік берсе, Топ көпшілік дауыс құқығын иеленбей-ақ ұйымды шоғырландырады. Бақылау үшін дауыс құқығының жеткіліктілігін бағалау барысында Топ билік құзіреті үшін барлық маңызды фактілер мен жағдайларды қарастырады, соның ішінде:

- Топтың дауыс құқығының үлесін басқа дауыс құқығын ұстаушылардың үлесімен және олардың үлесті бөліп таратуымен салыстыра отырып;
- дауыс құқығының басқа ұстаушылары мен басқа тараптар иеленетін Топқа тиесілі әлеуетті дауыс құқығы;
- келісім-шарттардан туындайтын құқықтар;
- ұйымның маңызды қызметі бойынша басқарушылық шешім қабылдау кезіндегі Топтың осы маңызды қызметті басқара алу мүмкіндігіне ие екендігін көрсететін басқа да фқосымша фактілер мен жағдайларды, соның ішінде акционерлердің алдыңғы жиналыстарында дауыстардың бөліп таратылуы туралы ақпараттар.

Пайда мен залал және өзге де жиынтық табыстың әр

компоненті Акционер мен басқарылмайтын үлестер арасында бөліп таратылады. Еншілес ұйымның ортақ жиынтық табысын тарату басқарылмайтын үлестер бойынша теріс қалдықтың пайда болуына әкелсе де, Топ Акционері мен басқарылмайтын үлестер арасында бөліп таратылады.

Барлық Топ ішіндегі операциялар, сальдо және өткізілмеген табыстар мен шығындар шоғырландыру кезінде алынып тасталады.

ҰЙЫМДАРДЫҢ БІРЛЕСУІ

Ортақ бақылау астында болатын кәсіпорындар арасындағы бірлестіктерден басқа бизнестің бірлестігі бойынша мәмілелер Топтың сатып алу әдісімен есептеледі. Бизнестің бірлестігі бойынша төленетін сыйақы сатып алайын деп жатқан бизнес иегерлерінің алдында Топ қабылдаған міндеттемелер, Топпен берілген активтерді сатып алу күніндегі әділ құнының сомасы ретінде есептелетін әділ құнымен, сонымен қатар бизнесте бақылауы үлесін алу үшін айырбастауға Топпен шығарылған бағалы үлес қағаздарымен бағаланады. Осымен байланысты барлық шығындар ереже түрінде пайда мен залалдарда сол кезде қамтылады.

Ұқсастырылған иемделінген активтер және қабылданған міндеттемелер иемделінген күнгі әділ құнмен белгіленеді, бірақ төменде келтірілгеннен басқасы:

- кейінге қалдырылған табыс салық активтері мен міндеттемелері немесе қызметкерлерге сыйақы төлеу бойынша келісімдерге жататын активтер және міндеттемелер сәйкесінше ХБЕС 12 «Табыс салығы» және ХБЕС 19 «Қызметкерлерге сыйақы» болып танылады және бағаланады;
- акция бағасының негізіндегі есептеуімен төлемдерге топтың келісімдерімен немесе акция бағасының негізіндегі есептеуімен иемденген бизнестің келісімдерімен байланысты міндеттемелер немесе үлестік бағалы қағаздар сатып алынған күні ХҚЕС 2 «Акция бағасының негізінде есептелетін төлемдерге» сәйкес бағаланады;
- ХҚЕС 5 «Сатуға арналған ұзақмерзімді активтер мен тоқтатылған қызметке» сәйкес сатуға арналған активтер (немесе шығып кеткен активтердің топтары) ХҚЕС 5-ке сәйкес бағаланады.

Гудвил иемденген құнының арттыра есептелуі, сатып алынған кәсіпорындардағы бақылау жасалмайтын иелену үлесі құнының және сатып алынған кәсіпорынның капиталындағы бұрынғы үлесінің әділ құны иемденген күні иемденген кәсіпорындағы таза активтер мен міндеттемелерінен жоғары болған жағдайда саналады. Егер иемденген активтің және міндеттеменің таза әділ құны сатып алу құнынан жоғары болса, осы арту пайда мен залалда әділ құнынан төмен сатып алудан түскен табыс ретінде танылады.

Қазіргі меншік үлесін және тарату жағдайында ұстанушыларға кәсіпорындағы таза активтің пропорционалдық үлесін ұстауға құқық беретін бақылау жасалмайтын иелену үлесі әуелгіде әділ құнымен бағалануына немесе иемденген бизнестің таза активтерінің белгіленген құны бақылау жасалмайтын иелену үлесі пропорционалдық өлшем бөлігінде бағалана алады. Әрбір мәмілеге бағалау әдіс таңдау жеке жүреді. Бақылау жасалмайтын иелену үлесінің басқа да түрлері әділ құнмен бағаланады немесе осындай қолдану жағдайларында басқа ХҚЕС суреттеген әдіске сәйкес бағаланады.

Бизнестің иемдену кезінде туатын гудвил құнсыздандырылған заттардың жинақталған шығындарын шегергеннен кейін бизнесті иемденген күні тағайындалатын иемдену құнымен есептелінеді. Топ гудвилді құнсыздандыру пәніне бір жыл сайын, сонымен қатар құнсыздандыру белгілері туындаған кезінде бағалап тұрады. Гудвил түрлендірілген бірліктер (ақшалы қаражатын түрлендіретін актив топтар) немесе кәсіпорынның бірлестігінен синергетикалық нәтижесінің артықшылықтарын алатын түрлендірілген бірліктің топтары арасында үлестіріледі. Гудвил құнсыздануынан болған шығындар пайда мен залалда белгіленеді және кейінгі кездерде қалпына келтірілмейді.

ОРТАҚ БАҚЫЛАУДАҒЫ ҰЙЫМДАРДЫҢ БІРЛЕСУІ

Ортақ бақылаудағы (Мемлекет бақылауында ұйымдар) ұйымдар бірлестігі ұйымдардың иемденген активтің және міндеттеменің алғашқы баланстық құнының Топпен бірлесетін алғашқы құнының негізінде есептеледі. Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі шоғырландыру нәтижесін еншілес ұйымның қаржылық есептілігі ұсынған кездердің ең ертеден бастап шоғырландырылған сияқты болып көрінеді. ►

Шығарылған жарғылық капиталы және еншілес компания акциясының құнының арасында туатын айырмашылық капиталдағы өзгерістері жөніндегі шоғырландырылған есептілік құрамындағы бөлінбеген пайдада түзеледі.

ФУНКЦИОНАЛДЫ ВАЛЮТА ЖӘНЕ ҰСЫНУ ВАЛЮТАСЫ
Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Қазақстандық теңгемен (бұдан әрі - «теңге») берілген. Компанияның және оның еншілес кәсіпорындарының функционалдық валютасы да сондай-ақ теңге болып табылады. Топтың Ресейдегі бөлімшесінің функционалдық валютасы Ресейлік Рубль болып табылады. Аталған бөлімшенің активтері мен міндеттемелері есептік күнге бағам бойынша аударылады, ал пайдалар немесе залалдар жыл ішіндегі орташабағам бойынша аударылады. Қайта есептеу бойынша туындайтын бағамдық айырмашылықтар басқа табыстар ескеріледі. Шетелдік кәсіпорын шыққан кезде, аталған шетелдік кәсіпорынға тиесілі жинақталған бағам айырмашылықтары пайда мен залалда танылады.

Теңге Қазақстан Республикасынан тыс жерде толық

айырбасталатын валюта болып табылмайды. Шетелдік валюталардағы операциялар Қазақстандық қор биржасы («ҚҚБ») белгілеген операцияны жасау күніне нарықтық бағам бойынша ескеріледі. ҚҚБ сессиясында сауда-саттық өткізілмеген шетелдік валюталар бойынша валюталардың айырбастау бағамын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі «REUTERS» ақпараттық агенттігінің арналары бойынша алынған баға белгілеулеріне сәйкес АҚШ долларына кросс-бағамды қолданып есептейді.

Шетелдік валюталарда берілген ақша активтері мен міндеттемелер есептік күндегі бағам бойынша ұйымның функционалдық валютасына қайта есептеледі. Операцияны жасаған күнінен кейін айырбастау бағамдарының өзгеруі нәтижесінде пайда болатын барлық бағамдық айырмашылықтар пайда мен залалда көрсетіледі. Әділ құны бойынша шетелдік валюталарда берілген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер әділ құнын белгілеу күніндегі қолданыстағы бағам бойынша теңгеге қайта есептеледі. Шетелдік валютада тарихи құны бойынша берілген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер қайта есептелмейді.

Келесі кестеде мына күндерге теңгенің айырбастау бағамы берілген:

	2014 ж. 31 желтоқсан	2014 ж. 31 желтоқсан
АҚШ доллары	182.35	153.61
Швейцар франкі	184.64	172.34
Ресей рублі	3.17	4.69

ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ТАНЫЛУЫ

Топ қаржылық жағдай жөніндегі шоғырландырылған есепте қаржы активтері мен міндеттемелерді құрау бойынша тиісті шарттың қатысушысы болған жағдайда ғана таниды. Қаржы активтері мен міндеттемелер операция күніне есепке алу қағидасын пайдалануы арқылы көрсетіледі.

Қаржы активтері және міндеттемелер бастапқыда мәміле жасаумен байланысты шығындарды қосқанда немесе шегергенде, алынған немесе төленген сыйақының әділ құнын білдіретін өзіндік құн бойынша көрсетіледі және кейіннен әділ құны

немесе амортизациялық құны бойынша көрсетіледі.

Әділ құн әдетте ресми нарықтық баға белгіленіміне сілтемесіне анықталады. Егер нарықтық баға белгіленімдері қолжетімсіз болса, әділ құн нарықтық деректерге дисконтталған келешектегі ақша ағындары сияқты бағалау жөніндегі жалпы әдістермен қолданылып, белгіленеді.

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің амортизацияланған құны тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі арқылы бағаланады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі борыштық

міндеттеменің амортизацияланған құнын есептеумен пайыздық табысты тиісті кезеңге үлестіру үшін қолданылады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме - бұл берешектік құралды өтегенге дейінгі күтілетін мерзімге немесе (егер қолданыла алса) берешектік құралды есепке алуға қабылдау сәтіндегі баланстық құнға дейін дисконтталған келешектегі ақша ағындарының мөлшерлемесі (пайыздық тиімді мқлшерлемесінің ажыратылмас бөлігі болып табылатын берекшектік аспап бойынша алынған немесе істелген барлық төлемдерді және өзге де сыйақыларды немесе дисконттарды қоса алғанда).

Әділ құны бойынша пайда немесе залал арқылы есепке алынатын қаржы құралдарын есепке алмағанда, борыштық құралдар бойынша табыстар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі негізінде көрсетіледі.

Қаржы активтері

Қаржы активтері келесі санаттарға жіктеледі: пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша есепке алынатын қаржы активтері («ПЗӘҚБЕ») өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар, сату үшін арналған қаржы активтері («СҰА»), «несиелер және дебиторлық берешек». Жіктеу қаржы құралдарының сипатына және мақсатына тәуелді болады және бастапқы танылу сәтінде анықталады.

АҚША ҚАРАЖЫТ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Ақша қаражаты мен оның баламаларына банк шоттарындағы қаражат, жолдағы ақшағы, кассадағы қолма-қол ақша және бастапқы өтеу мерзімі үш айдан артық емес қысқамерзімді депозиттер кіреді.

ӨТЕУГЕ ДЕЙІН ҰСТАЛАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Өтеуге дейінгі ұсталатын инвестициялар Топ өтеуге дейін ұстап қалуға ниеттенетін және қабілетті анықтайтын немесе тіркелген төлемдері бар қарыздық құнды қағаздарды білдіреді. Өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар құнсыздану резервін шегергенде, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы амортизациялық құнмен көрсетіледі.

СҰА САНАТТАҒЫ ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

СҰА санатындағы қаржы активтері өздерімен сату үшін арналған немесе (а) несиелер және дебиторлық берешек, (б) өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар, (с) ПЗӘҚБЕ қаржы активтері ретінде жіктелмеген туынды емес қаржы активтерін ұсынады.

СҰА санатындағы қаржы активтері әр есептік кезеңнің соңында әділ құны бойынша есепке алынады. Белсенді нарықта нарықтық құны жоқ және әділ құны берік бағалана алмайтын СҰА санатындағы қарыздық бағалы қағаздар салымдар әр есептік кезеңнің соңында анықталатын құнсызданудан болған шығындарды шегергеннен кейін өзіндік құны бойынша бағаланады.

НЕСИЕЛЕР МЕН ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

Дебиторлық сауда берешегі бухгалтерлік есепте-лікте күмәнді берешек бойынша резервті шегергенде, төлеуге берілген шоттар сомалары бойынша танылады және көрсетіледі.

ӨЗГЕ ДЕ ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

Басқа қаржы активтер белсенді нарықта бағаланбайтын, тіркелген немесе анықталатын төлемдері бар банктегі депозиттер сияқты туынды емес қаржы активтер болып табылады. Мұндай активтер кез келген құнсыздануды шегергенде тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы амортизацияланған құн бойынша ескеріледі.

ТУЫНДЫ ҚАРЖЫ ҚҰРАЛЫ

Топ туынды қаржы құралы - валюталық свопты валюталық тәуекелді басқару үшін қолданады.

Бастапқыда туынды қаржы құралдары келісім-шарт жасасу күніне әділ құнымен есепке алынып, кейін әрбір есептік кезеңге әділ құны бойынша қайта бағаланады. Тиімді хеджирлеу келісімінде хеджирлеу құралы ретінде, белгіленген туынды қаржы құралдарын есеке алмағанда, туынды қаржы құралдарының әділ құнының өзгерісі пайда және залалда көрсетіледі. Туынды қаржы құралы туралы қосымша ақпарат 30, 35 және 40-Ескертпелерде көрсетілген.

Топ хеджирлеу есебін қолданбайды.

ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ

ПЗӘҚБЕ активтерінен басқа қаржы активтері әрбір есептік күнге құнсыздану көрсеткіштеріне бағаланады. Қаржы активтері бастапқыда танылғанан кейін бір немесе бірнеше оқиғаның нәтижесінде болған: жорамалданатын болашақта инвестиция бойынша қаражат қозғалысы өзгеруінің эмитенттің немесе борышкердің басына түскен елеулі қаржылық қиындықтары, шарт-талаптар

бұзылуының, кредитордың қарыз алушының қаржылық қиындықтары мен байланысты жеңілдік шарттар ұсынуының, қарыз алушының банкротқа ұшырау немесе қаржылық қайта ұйымдастыру ықтималдығы, берілген қаржы активі үшін активті нарығы жоғалуының объективті дәлелдері бар болғанда қаржы активтері құнсызданады. Амортизацияланған құн бойынша көрсетілген қаржы активтері үшін құнсыздану сомасы активтің баланстық құны және бастапқы қолданылған пайыздық мөлшерлемеге диконтталған қаражаттың жорамалданатын болашақ қозғалысының ағымдағы құны арасындағы айырмашылықты білдіреді.

Қаржы активінің баланстық құны баланстық құн күмәнді берешек бойынша резервті пайдалану арқылы азайтылатын дебиторлық сауда берешегін қоспағанда барлық қаржы активтері бойынша тікелей құнсызданудан келетін залалға азаяды.

Топ келісім мерзімімен орнатылған қайтарылмайтын дебиторлық берешек барысында күмәнді берешек бойынша резервті есептейді. Күмәнді берешек бойынша резерв әр уақыт сайын қайта қаралады және түзетулер қажет болған жағдайда сәйкес сомалар осындай қажеттілік туындаған есептілік кезеңдегі пайда мен залалда көрсетіледі. Қайтарылмайтын берешек шығарылған кезде бұған дейін жасалған резерв есебінен шегеріледі.

Егер кейінгі кезеңде құнсызданудан болған залалдың сомасы азайса және азаю құнсыздану танылған соң болған оқиғамен объективті байланысты болуы мүмкін болса, онда бұрын танылған құнсызданудан болған залалдың сомасы, егер құнсыздану танылмаған болса, түзету күніне инвестицияның баланстық құны құнсыздану амортизацияланған құнның құрауы мүмкін болатын сомадан артық болатын шамада немесе залалда түзетіледі.

Қаржы міндеттемелері

САУДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК
Сауда және өзге кредиторлық берешек бастапқы да әділ құн бойынша бағаланады, ал кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланып, амортизацияланған құн бойынша қайта бағаланады.

ПАЙЫЗДЫҚ НЕСИЕЛЕР МЕН ТАРТЫЛҒАН ҚАРАЖАТ

Барлық несиелер мен тартылған қаражат бастапқыда несие қаражатын тартумен байланыс шығындарды

есепке алғанда алынған қаражаттың әділ құнын білдіретін құн бойынша ескеріледі.

Бастапқыда танылған соң пайыздық несиелер мен тартылған қаражат тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы амортизацияланған құн бойынша ескеріледі.

Капиталдандырылуға жататын несиелер бойынша шығындарды қоспағандағы табыстар мен шығындар (мысалы, үшінші тараптың кепілдіктері бойынша комиссиялар) міндеттемелердің танылуы тоқтатылған жағдайда, сондай-ақ амортизацияны есепке алғанда пайда мен залалда көрсетіледі.

ӨЗАРА ЕСЕПТЕУЛЕР

Танылған сомаларды өзара есептеу жүргізу заңды құқық болғанда ғана және Топта не өзара есептеу жүргізу, не активті сату және бір мезгілде міндеттемені өтеу ниеті болса, қаржы активтері және қаржы міндеттемелері және таза сома қаржылық жағдай жөніндегі шоғырландырылған есептілікте көрсетілуі мүмкін.

Қаржы активтері мен міндеттемелерінің танылуын тоқтату

ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

Қаржы активінің (немесе қолайлы болса, қаржы актив бөлігінің немесе осыған ұқсас қаржы активтер топ бөлігінің) танылуы мына жағдайларда тоқтатылады:

- активтен қаражат ағындарын алуға құқықтың мерзімі өткенді;
- Топ активтен қаражат ағымдарын алу құқығын сақтаған, бірақ беру келісіміне сәйкес үшінші тарапқа елеулі кешіктірілген оларды толығымен төлеу міндеттемесін қабылдаған және негізінде берілген актив бойынша барлық тәуекелдер мен пайдаларды берген жағдайда;
- Топ активтен қаражат ағымдарын алуға өзінің құқықтарын берген және не болмаса (а) негізінде актив бойынша барлық тәуекелдер мен пайдаларды берген немесе (б) актив бойынша ешқандай тәуекелдер мен пайдаларды бермеген және ұстап қалмаған, бірақ активті бақылауға берген жағдайда.

Егер Топ активтен қаражат ағындарын алуға өзінің құқықтарын берсе де, актив бойынша ешқандай

тәуекелдер мен пайдаларды ұстап қалмаса, бірақ активті бақылауды бермесе, онда актив Топтың активке қатысуын жалғастыратын дәрежеле танылады. Берілген актив бойынша кепілдік түрін қабылдайтын қатысуды жалғастыру активтің бастапқы баланстық құны мәндерінің және Топтан өтеу ретінде тұтынылуы мүмкін болатын өтеудің максимум сомасы ішінде ең кіші мәні бойынша бағаланады.

ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Қаржы міндеттемелерінің танылуы (оны немесе қаржы міндеттемелерінің бір бөлігі) өтелгенде, яғни шартта көрсетілген міндеттеме орындалғанда, жойылғанда немесе оның мерзімі өткенде тоқтатылады.

ТАУАРЛЫҚ-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОР

Тауарлық-материалдық қордың негізгі бөлігі сауда операциялары үшін емес, магистральдік теміржол тораптарының және жылжымалы құрамының пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін шаруашылық қызмет процесінде қолданылады.

Тауарлық-материалдық қор өзіндік құн мәндерінің немесе өткізудің таза құнының ең кіші мәні бойынша бағаланады. Өзіндік құнға қорларды жеткізуге және ағымдағы күйге келтіруге байланысты келтірілген шығындар кіреді. Өткізудің таза құны аяқталуға жұмсалған шығындарды және өткізуге жұмсалатын бағалау шығындары шегергенде кәдімгі қызмет барысында қорларды өткізу құнының бағасын білдіреді. Тауарлық-материалдық қор орташа өлшенген құн әдісі бойынша есепке алынады.

САТУҒА АРНАЛҒАН ҰЗАҚМЕРЗІМДІ АКТИВТЕР МЕН ШЫҒАРЫЛАТЫН ТОПТАР

Ұзақмерзімді активтер және шығатын активтер топтары, егер олардың баланстық құны негізінен өндірістік қызметте қолданылмаған кезде, ал сатылған кезде орнын өтейтін болса, сату үшін арналған деп есептеледі. Осы шарт, егер актив (немесе шығып жатқан активтер топтары) өзінің ағымдағы жағдайында сатыла алса және сатылуға үлкен ықтималдық болса, орындалған деп саналады. Басшылық активтің сатылуын оны сату үшін арналған деп сыныпталған кезеңнен бастап, бір жылдың ішінде тоқтату керек.

Егер Топ еншілес ұйымның бақылау пакетінің сату жоспарын қабылдаса, осындай еншілес

ұйымның барлық активтері мен міндеттемелері, жоғарыда сипатталған белгілерді орындау кезінде, Топтың өткен еншілес ұйымындағы сатудан кейін бақыламайтын иемдену үлестерін сақтаудан тәуелсіз, сату үшін арналған деп сыныпталады.

Егер Топ қауымдасқан немесе бірлескен ұйымдарға жарнаны немесе сол жарнаның бөлігін сату бойынша жоспарды қабылдаса, жоғарыда сипатталған белгілер орындалған жағдайда Топ сатылатын жарна немесе сатылатын жарна бөлігін сату үшін арналған деп сыныптайды. Тәуелді немесе бірлескен ұйымға жарнаның қалған бөлігі сату үшін арналған деп сыныпталмай, үлестік қатысу әдісі негізінде есепке алына береді. Топ үлестік қатысу әдісін қолдануды қауымдысқан немесе бірлескен ұйымға елеулі бақылауды жоғалтқан кезде тоқтатады.

Шығудан кейін Топ бұрын қауымдасқан немесе бірлескен ұйымдар ретінде көрсетілген ұйымдардағы өзінің қалған үлесін ХҚЕС 39-ға сәйкес есепке алады. Егер де ұйым қауымдасқан немесе бірлескен ұйым ретінде көрсетіле берсе, Топ үлестік қатысу әдісін қолдануды жалғастыра береді.

Сату үшін арналған деп сыныпталған ұзақмерзімді активтер (және шығып жатқан активтер топтары) кемінде екі шамамен бағаланады: сыныпталу кезіндегі қалған құнмен және сатуға шығындарды алғанда әділ құнымен.

НЕГІЗГІ МҮЛІК

Негізгі мүлік кез келген жинақталған тозуды және құнсызданудан болған залалдарды шегеру арқылы олардың бастапқы құны, не болмаса алғашқы құны бойынша көрсетіледі.

Сатып алынған жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтардың құны сәйкес активтерді сатып алғанда төленген сома және активтерді қажетті жеріне жеткізуге және оларды жоспарланатын пайдаланылуға қатысты ниетке сәйкес оның қызмет етуін қамтамасыз ететін жай-күйге келтіруге тікелей жатқызылатын өзге залалдардың сомасы ретінде белгіленген.

Топтың меншікті құрылысы нысандарының құнына құрылыс барысында пайдаланылған барлық материалдардың құны, жоба бойынша тікелей еңбек шығындары және жобаға тікелей қатысты

қаржыландыру бойынша шығындар, сондай-ақ белгілі пропорцияда айналымы және тұрақты үстеме шығындар кіреді. Объект жоспарланатын пайдаланылуға дайын болысымен, шығындарды капиталдандыру тоқтатылады.

Әр мезгілде Топ жобаны іске асыру барысында орнатуға жататын жабдықты қаржылық жалдау жөніндегі шарттарға кіреді. Орнатуға дайындау барысындағы жабдық пайдаланылмайды, осыған байланысты аяқталмаған құрделі құрылыс құрамында көрсетіледі. Жабдық дайын болысымен тиісті топқа ауыстырылады және одан әрі осы саясатта баяндалғандай ескеріледі.

Жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтар объектілерінің танылуы ол шыққан соң немесе оның пайдаланылуынан немесе шығуынан болашақ экономикалық пайда алу енді күтілмейтін жағдайда тоқтатылады. Активтің танылуы тоқтатылған кезде пайда болатын кез келген табыстар немесе шығындар (шығудан түсетін таза түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырым ретінде есептелген), активтің танылуы тоқтатылған есеп кезеңінде пайда мен залалға қосылады.

Кейінгі шығындар

ЖОЛДАРДЫ ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ ҚОСАЛҚЫ БӨЛШЕКТЕРДІ АУЫСТЫРУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ІРІ ҚҰРДЕЛІ ЖӨНДЕУЛЕР

Жолдарды жөндеуге арналған шығындар және қосалқы бөлшектерді ауыстырумен, негізінен теміржол төсемін ауыстыруға жұмсалатын шығындарды қамтитын ірі құрделі жөндеулер болашақ экономикалық пайда алу мүмкіндігінде құрделі салынады және мұндай шығындар жеткілікті дәрежедегі дәлдікпен есептелетін немесе бағаланатын болады. Әрі қарай жөндеу жұмыстары үшін қолданылатын ауыстырылған активтер құны бойынша Босалқылардың немесе жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтардың құрамына алынып, өзіндік құн мәндерінің немесе таза құнының ең кіші мәні бойынша бағаланады. Ауыстырылған активтердің баланстық құнының өткізудің таза құнынан артық болуы пайда мен залалда шығын ретінде танылады. Келешекте пайда алу күтілмейтін жолдарды жөндеу шығындары бірден пайда мен залалда көрсетіледі.

Тозу

Жерді және аяқталмаған құрделі құрылысты

қоспағанда жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтардың тозуы Топ активтердің әр санатының амортизациясы пайдалы қызмет мерзімі ішінде бір-келкі бөлінеді деп санайтындықтан тура сызықты әдісі негізінде есептеледі. Топ әр есептік кезеңде пайдаланатын пайдалы қызметті бағалау мерзімі (жылдарда) төменде келтірілген:

Фимараттар мен құрылыстар	10-140
Теміржол жолдарының инфрақұрылымы	5-100
Машиналар мен құрал-жабдықтар	3-35
Теміржол көлігі	10-40
Басқа көлік	4-15
Басқа	2-50

2014 ж. негізгі құралдардың пайдалы қызмет мерзімі ішінара қайта қаралғанмен, қайта қараудың әсері есепті кезеңге дейін қолданысқа енген объектілердің есепті және кейінгі кезеңдердегі есепті бағалауларына әсер еткен жоқ.

Жер және аяқталмаған құрделі құрылыс бойынша тозу есептелмейді. Аяқталмаған құрделі құрылыс объектілері құрылысы аяқталғаннан кейін тиісті топқа ауыстырылады және одан әрі осы саясатта жазылғандай ескеріледі. Тозу есептеу әдісі және пайдалы қызметтің шамаланған мерзімі болашақта бағаланатын кез келген өзгерулердің есепке алуымен әрбір жылдық есептік кезеңнің соңына тексеріледі.

МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

Материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жинақталған залалды шегергендегі өзіндік құны бойынша көрсетілген. Материалдық емес активтерге негізінен бағдарламалық қамтамасыз ету мен тиісті лицензиялар жатады. Амортизация 1 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімді құрайтын пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде тура сызықты әдіс бойынша есептеледі. Пайдалы қызмет ету мерзімі мен амортизацияны есептеу әдісі әрбір жылдық есептік кезеңінің соңына болашақта болатын кез-келген өзгерістерді есепке ала отырып тексеріледі.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

Инвестициялық жылжымайтын мүлік жалгерлік ақыны алу үшін пайдаланылатын нысандарды, қаржының өсімшесін немесе анау-мынау жағдайларды (соның ішінде бас кезеңде болатын құрылыстың нысандарын) ұсынады. Инвестициялық

жылжымайтын мүліктің нысандары бастапқыда иемденген құнымен, сондай-ақ иемденген шығындармен есептелінеді. Топ инвестициялық жылжымайтын мүлікті алғашқы белгілегеннен кейін жинақталған тозу және жинақталған құнсыздану шығындарын шегеру арқылы алғашқы құнмен бағалайды. Инвестициялық жылжымайтын мүліктің тозуы тура сызықты негіз әдістің негізінде есептелінеді.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің нысаны шығып кеткенде онымен байланысты ақырғы істен шығуы, экономикалық пайда алу күтілмегенде, баланстан шығарылады. Нысанның шығуынан пайда болған кез-келген табыс немесе шығын (шығарғаннан болған таза түсім және және активтің баланстық құнының арасында айырмашылық) мүлік шығарылған кездегі пайдалар мен залалдарда көрсетіледі.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің тозуы тура сызықты әдіс негізінде төменде көрсетілген (жылдардағы) осы активтерді пайдалы қызметтер ағымында шамаланған мерзім ішінде есептеледі:

Фимараттар мен құрылыстар	45
Машиналар мен құрал-жабдықтар	4-20

ГУДВИЛДІ ЕСЕПТЕМЕГЕНДЕ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК, ҮЙЛЕР МЕН ЖАБДЫҚТАРДЫҢ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ

Топ әрбір есептік күнге жылжымайтын мүлік, үйлер мен жабдықтардың және материалдық емес активтердің баланстық құнының құнсыздану индикаторларының болуына тексеру жүргізеді. Мұндай индикаторлар анықталған жағдайда, құнсызданудан болған залалдың (егер мұндай болса) мөлшерін белгілеу максатында активтің өтелетін құны бағаланады. Өтелетін құн екі мәнді: өткізу шығынын шегергендегі активтің әділ құны мен пайдалану құнының ең үлкені ретінде белгіленеді. Пайдалану құнын бағалау кезінде есептік келешектегі ақша ағындары басшылықтың пікірінше ақшаның уақытша құнының ағымдық нарықтық бағасын және активтерге тән тәуекелдерді көрсететін олардың ағымдық құнына дейін дисконтталады.

Егер активтің өтелетін құны оның баланстық құнынан төмен болса, мұндай активтің баланстық құны өтелетін құнға дейін азайтылады. Құнсызданудан болған залалдар дереу пайда мен залалда көрсетіледі. Құнсызданудан болған залал кейін қалпына келті-

рілген жағдайларда активтің баланстық құны оның өтелетін құнын жаңа бағалаудың нәтижесінде алынған сомаға дейін ұлғаяды, жаңа баланстық құн егер осы актив бойынша құнсызданудан болған залал алдыңғы жылдары көрсетілмегенде белгіленетін баланстық құннан аспайды.

ҚАУЫМДАСҚАН ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН ҰЙЫМДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Егер Топ қауымдасқан ұйымның қаржылық және операциялық қызметіне елеулі әсер етсе, онда ұйым қауымдасқан деп саналады. Елеулі ықпал ұйымның қаржылық және операциялық қызметіне қатысты шешім қабылдауға қатысу құқығын иеленуді ұйғарады, бірақ мұндай қызметке бақылауды немесе бірлескен бақылауды жүргізуді ұйғармайды.

Бірлескен ұйымдар - бұл бірлескен қызмет, оның бірлескен бақылауға ие қатысушылары бірлескен қызметтің таза активтеріне құқылы. Бірлескен бақылау - бұл келісім-шартпен бекітілген ұйым үстіндегі бақылауды бөлу, ол бірлесіп бақылайтын жақтардың тарапынан маңызды қызметтер бойынша шешімдердің бірауызды мақұлдауын ескереді.

Қауымдасқан және бірлескен ұйымдардың сату үшін арналған және ХҚЕС 5-ке сәйкес есептелетін жарналарын қоспағанда, олардың қызмет нәтижелері, активтері мен міндеттемелері осы есептілікке үлестік қатысу әдісімен қосылған. Үлестік қатысу әдісіне сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікте қауымдасқан және бірлескен ұйымдарға жарналар бастапқыда сатып алу құны бойынша есепке алынып, кейін Топтың қауымдасқан және бірлескен ұйымның пайда мен залалындағы және басқа да жиынтық табысындағы үлесін ескере отырып түзетіледі. Егер Топтың осы ұйымдардағы залалындағы үлесі Топтың осы ұйымдардағы иелену үлесінен жоғары болса (негізінде Топтың қауымдасқан және бірлескен ұйымдарға таза инвестицияларының бөлігін құрайтын кез келген үлестерді қосқанда), Топ келесі залалдардағы өз үлесін тануды тоқтатады. Қосымша залалдар Топтың заңға немесе кәсіби айналым ережелеріне сәйкес үлестің залалдағы ұлғаюын өтеу міндеттемесі болса немесе Топ қауымдасқан немесе бірлескен ұйым атынан төлемақы жүргізсе ғана танылады.

Инвестиция объектісі қауымдасқан немесе бірлескен ұйым ретінде танылғаннан кейін қауымдасқан немесе бірлескен ұйымдарға салымдар үлестік қатысу

әдісі негізінде есепке алынады. Жарнаны сатып алу құны мен сатып алу күніне сәйкестендірілетін активтер мен міндеттемелердің әділ құны арасындағы оң айырмашылық гудвилді қалыптастырады. Гудвил осындай жарналардың баланстық құнына қосылады. Сәйкестендірілетін активтер мен міндеттемелердің әділ құнындағы Топ үлесі мен жарнаны сатып алудың құны арасындағы оң айырма қайта бағалаудан кейін бірден пайда мен залалдарда көрсетіледі.

ХҚЕС 39-ға сәйкес Топтың қауымдасқан немесе бірлескен ұйымдарға жарналарының құнсыздануын тану қажеттілігі анықталады. Қажет болған жағдайда жарнаның баланстық құны (гудвилді қосқанда) ХҚЕС 36 «Активтердің құнсыздануына» сәйкес құнсыздануға өтелу құн (құндылық пен сату шығындарын шегергеннен кейінгі әділ құнның арасындағы үлкені) мен баланстық құнды салыстыру арқылы тестіленеді. Танылған құнсызданудан залал жарнаның баланстық құнын азайтады. Егер жарнаның өтелу құны кейін ұлғайса, құнсызданудан залалды калпына келтіру ХҚЕС 36-ға сәйкес танылады.

Ұйым қауымдасқан немесе бірлескен ұйым ретінде танылуын тоқтатқанда немесе жарналар сату үшін арналған деп сыныпталғанда, Топ үлестік қатысу әдісін қолдануды тоқтатады. Егер Топ бұрынғы қауымдасқан немесе бірлескен ұйымындағы қатысу үлесін азайтса, қалған үлес қаржылық актив ретінде танылса, Топ қаржылық активтің бастапқы танылуын сол күнге әділ құнымен таниды. Қауымдасқан немесе бірлескен ұйымның қалған иелену үлесінің баланстық құны мен әділ құны арасындағы айырма жартылай сатудан пайда болған пайда немесе залалға үлестік қатысу әдісі бойынша есептеу тоқталған сәттен бастап қосылады. Сонымен қатар, Топ осыған дейін қауымдасқан немесе бірлескен ұйымға қатысты басқа да жиынтық табыстарда танылған барлық сомаларды Топ сәйкес келетін активтер мен міндеттемелер қауымдасқан немесе бірлескен ұйымдардың өздерімен сатылғандай көрсетеді. Сонымен, егер активтер мен міндеттемелерді сату кезінде бұрында қауымдасқан немесе бірлескен ұйымдардың басқа да жиынтық табысында көрсетілген барлық сомалар пайда немесе залалға қайта сыныпталса, онда Топ үлестік қатысу әдісін қолдануды тоқтатқанда пайда мен залалдағы басқа да жиынтық табысты да қайта сыныптайды.

Егер қауымдасқан ұйым бірлескен ұйымға айналса немесе керісінше жағдай орын алса, Топ үлестік қатысу әдісін қолдануды жалғастыра береді. Осындай жағдайларда әділ құнына дейін қайта бағалау жүргізілмейді.

Егер Топ қауымдасқан немесе бірлескен ұйымдағы иелену үлесін азайтса, бірақ үлестік қатысу әдісін қолдануды жалғастырса, онда Топ пайда мен залалға осыған дейін басқа да жиынтық табыста танылған соманың пропорционалды бөлігін қайта сыныптайды, егер де сондай қайта сыныптаулар сәйкес келетін активтер мен міндеттемелерді сату кезінде керек болса.

Топтың есептілігінде қауымдасқан немесе бірлескен ұйымдармен мәміле бойынша пайда мен залалдар тек қана қауымдасқан немесе бірлескен ұйымның Топқа жатпайтын үлесіне ғана танылады.

НЕСИЕЛЕР БОЙЫНША ШЫҒЫНДАР

Топ бағалы активтерді сатып алумен, құрылысын салумен және өндірумен тікелей байланысты несиелер бойынша шығындарды, сондай-ақ осы активтің құнының бір бөлігін капиталдандырады. Оларды бағалы активтерге пайдалану күтілетін жекелеген несиелердің уақытша инвестицияларынан алынған инвестициялық табыс капитализацияға жарамды несиелер бойынша шығындардан шегеріледі.

Несиелер бойынша шығындар, сондай-ақ шетелдік валютамен қарыз алу нәтижесінде туындайтын бағамдық айырмашылықтарды қамтиды, пайыздарды төлеу бойынша залалдарды түзету болып саналады. Пайыздарды төлеу залалдарын түзету түрінде капиталдандырылған бағамдық айырмашылық сомасы егер де қарыз жергілікті валютада алынған болатын жағдайда, Топ капиталдандырган пайыздарды төлеу сомасынан аспайды. Бағамдық айырмашылықтың кез-келген асуы пайда мен залалда көрсетіледі.

Несиелер бойынша өзге шығындар олар туындайтын кезеңдегі пайда мен залалда танылады.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ СЫЙАҚЫ

Төлемдердің мөлшері белгіленген зейнетақы жоспары мен қызметкерлерге басқа да ұзақмерзімді сыйақылар

Ұжымдық шартқа сәйкес Топ еңбек қызметі

аяқталғаны бойынша өзінің қызметкерлеріне белгіленген сыйақыларды («Төлемдердің мөлшері белгіленген зейнетақы жоспары») төлейді. Осы Шартқа сәйкес Топ тиянақталмаған жоспардың аясында келесі негізгі төлемдер мен жеңілдіктерді қамтамасыз етеді:

- зейнетке шыққанда төленетін бір реттік жәрдемақы;
- зейнеткерлерге төленетін жылдық материалдық көмек;
- тегін теміржол билеттерін ұсыну;
- зейнеткерлердің салттық қызметтерін төлеуге берілетін материалдық көмек;
- тістерді протездеуге берілетін материалдық көмек; және
- басқа да жеңілдіктер.

Зейнеткерлік жоспарына сай сыйақы бойынша белгіленген міндеттемелер мен шығындарды болжанатын бірлік әдісінің көмегімен анықталады. Бұл әдіс сыйақы алуға қосымша бірлікті қосушы ретінде әрбір өткен жылды қарастырады және қорытынды міндеттемелерді көрсету үшін әрбір бірлікті жеке өлшейді. Қызметкерлердің еңбек өтілімі кезінде белгіленген төлем мөлшерімен Зейнеткерлік жоспар бойынша сыйақы формуласына сай бөлінуі үшін, сыйақы ұсыну бойынша шығын пайда мен залал және басқа да жиынтық табыс жөніндегі шоғырландырылған есептілікте көрсетіледі. Бұл міндеттеме мемлекеттік облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесіне ұқсас дисконт мөлшерлемесін қолданумен ақша қаражатының қозғалысын болашақ есеп кезеңіндегі ағымдағы құны бойынша өлшенеді, валюта мен шарттары белгіленген төлем мөлшері бар Зейнет жоспары бойынша міндеттеменің бағаланған шарттары мен валютасы сәйкес салыстырылады.

Топ қызметкерлерге сыйақы төлеу бойынша міндеттемелерді қайта қараудан туындайтын актуарлық пайда мен залалды олар туындаған кезең ішінде қызметкерлерге сыйақы төлеу шығындарының құрамында таниды.

Төлемдердің мөлшері белгіленген Зейнетақы жоспары бойынша шығындар категориясы келесілерді қамтиды:

- өткен қызметтердің құны (ағымдық және өткен кезең қызметтерінің құнын, секвестрлерден пай-

да мен залалды және төлемдердің мөлшері белгіленген Зейнетақы жоспары бойынша өтеулерді қосқанда);

- таза пайыздық табыс/(шығын); және
- қайта бағалау.

Топ шығындардың бірінші екі компонентін пайда мен залалда «өткізудің өзіндік құны» және/немесе «жалпы және әкімшілік шығындар» құрамында көрсетеді (22-Ескертпе). Секвестрлерден пайда мен залал өткен кезеңдер қызметтерінің құны ретінде есепке алынады.

Топ «Қайта бағалау» шығындар категориясын басқа да жиынтық пайда құрамында есепке алады.

Төлемдердің мөлшері белгіленген Зейнетақы жоспары бойынша төлемдер қызметкерлерге оларға зейнетақы төлемдеріне құқық беретін қызмет көрсетуімен қатар шығындарға жатқызылады.

Топ қызметкерлерге басқа да ұзақмерзімді сыйақыларға қатысты «Қайта бағалау» категориясының шығындарын пайда мен залал құрамында таниды.

КАПИТАЛ

Жарғылық капитал

Жай акциялар капитал ретінде жіктеледі. Жаңа акцияларды шығаруға тікелей қатысты шығындар ұйымдарды біріктіру жағдайларынан басқа капитал түсімінің сомасынан алынған ретінде көрсетіледі. Жарғылық капиталға барлық ақшалай емес салымдарды тәуелсіз бағалаушы беру күніндегі жағдай бойынша әділ құны бойынша бағалайды.

Орналастырудың заңи тіркелуі жүзеге асырылмаған орналастырылатын жай акциялар үшін алынған қаражат қосымша төленген жарғылық капитал ретінде тіркеу сәтіне дейін танылады. Тіркелуден кейін түсімдер жарғылық капиталға ауыстырылады

Басқа салымдар

Топ осындай мөлшерінде қарыздар бойынша әділ құн түзетулерге активтер алған сияқты акционерлермен операцияларды жүзеге асырады Group қосымша үлесін алып келмейтін акционерлермен нарықтық қарағанда төмен және басқа да операциялар. Group бөлінбеген пайданың арқылы осындай операцияларды таниды. ►

Дивидендтер

Дивидендтер міндеттеме ретінде танылып, егер ол есептік күніне дейін жарияланған болса, есептік күнінен капитал сомасынан есептелініп алынады. Дивидендтер жөніндегі ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ашып көрсетіледі, егер де олар есептік күніне дейін ұсынылған болса, сонымен бірге есептік күнінен кейін ұсынылып немесе жарияланған болса, шоғырландырылған қаржылық есептілігін бекіту күніне дейін болуы тиіс.

Басқа да бөлулер

Бөлу Топ ақшалай қаражатты немесе ақшалай емес активтерді Акционерге соңғы Акционерге өтеусіз негізде беруді міндеттенгенде капиталдың құрамында танылады және мұндай міндеттеменің сомасы сенімді бағалануы мүмкін. Бөлу каптталдың құрамында қолдану мүмкін болатын кейінге қалдырылған салықтың кез келген әсері алынған құн бойынша танылады.

ТАБЫСТАРДЫ ТАНУ

Табыстар Топ қандай да бір экономикалық пайда алуы мүмкін болуына және табыстар жеткілікті дәлдік дәрежеде есептелуіне немесе бағалануына қарай сыйақының әділ құнымен танылады.

Егер де тасымалдаудың аяқталу дәрежесі мен табыс сомасы жеткілікті мөлшерде анықталатын болса, тасымалдауға қатысты табыс, тасымалдауды аяқтау дәрежесіне қарай қаржылық жағдай жөніндегі шоғырландырылған есептілік күніне танылады. Жүкті тасымалдау процесінің аяқталу дәрежесі жүктің жіберілген және келген күндері (шығыс станциясының түйісу қиылысында) деректерге сан жалпы қызмет көлеміне, есеп күніне көрсетілген қызмет көлемінің пайыздық салмағы ретінде есептеледі.

Әлі көрсетілмеген тасымалдау қызметтері үшін тапсырыс берушіден алынған алдын ала төлем сомасы алу сәтінде тапсырыс берушіден алынған аванс құрамында корсетіледі. Көрсетілген қызметтерден түсетін күтілетін есептелінген табысқа шамамен тең тапсырыс берушіден алынған аванстар, қаржылық жағдай жөніндегі шоғырландырылған есептілікте қысқамерзімді басқа да міндеттемелер құрамында болашақ табыста танылады. Болашақ кезеңдердің табыстары қызметтердің көрсетілуіне қарай табыстарға жатқызылады.

Вагондарды пайдаланғаны үшін қызметтерге қатысты табыс Топтың вагондарын пайдалану кезеңінде танылады.

Тауарларды өткізу қатынасында табыс тауарды жеткізу және меншік құқығының өтуі кезінде танылады; мұнымен қатар тану кезінде келесі шарттар орындалуы тиіс:

- Топ сатып алушыға тауарды иемденуге байланысты маңызды тәуекелдер мен пайдаларды берді;
- Бұдан бұлай Топ сол тауарлармен иелену құқығымен әдетте байланысатын дәрежеде басқармайды және сатылған тауарларды тексермейді;
- Өткізудің сомасы нақты анықтала алады;
- Мәмілемен байланысты экономикалық пайдаларды алуға жоғары ықтимал бар;
- Мәмілемен сабақтас болған немесе күтілетін шығындар сенімді анықтала алады.

МЕМЛЕКЕТТІК СУБСИДИЯЛАР

Қазақстан Республикасында мемлекеттік грант түріндегі әлеуметтік мәні бар бағыттарға жолаушыларды тасымалдауға жұмсалған шығындарды ішінара өтеу үшін Топ субсидия алуға құқығы бар деп Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етті. Топ және де басқа да теміржолмен жолаушы тасымалдаумен қызмет көрсететін ұйымдар гранттарды алуға жыл сайынғы негізде өтінім береді. Егер шарт жасалса, Топ мемлекетпен анықталатын алдын-ала қаражаттандырылған сомаға кіретін Қазақстан Республикасы аумағы ішіндегі әлеуметтік мәні бар бағыттар бойынша жолаушыларды тасымалдауға жұмсалатын шығындарды қаражаттандыруға құқығы бар. Мемлекеттік гранттар пайда мен залалда, Топ қолданылатын шарттарды орындай алады және гранттар беріледі деген жеткілікті сенімділік болғанда Мемлекет белгілеген төмендетілген тарифпен тасымалдау бойынша қызмет көрсетілген кезеңде танылады. Топ қолданылатын мемлекеттік гранттар бойынша шарттарды орындай алуы және гранттар алынуына негізделген сенімділік шыққан кезге дейін танылмайды.

САЛЫҚТАР**Ағымдық салық**

Ағымдық және өткен мерзімдегі салық активтері мен

міндеттемелері салық басқару орындары төлейтін немесе салық органдары қайтаратын сома бойынша бағаланады. Салық мөлшерлемелері мен сомаларды есептеуге қолданылатын салық заңнамасы есептік күніне күшіне енетін шамада немесе күшіне енетін күні қолданылады.

Кейінге қалдырылған салық

Активтер мен міндеттемелердің баланстық құны арасындағы айырмашылықтың сомасында төленетін немесе өтелетін кейінге қалдырылған табыс салығы шоғырландырылған қаржылық есептілігінде және салық салынатын пайданы есептеу үшін пайдаланылатын тиісті салық базасында міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі. Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері, әдетінше, барлық уақытша салынатын айырмашылықтар ескеріліп көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған салық активтері келешекте осы уақытша айырмашылықтарды пайдалану үшін салық салынатын баланстық пайданың болу мүмкіндігі жоғары болған жағдайда барлық шегерілетін уақытша айырмашылықтардың барлығы ескеріліп көрсетіледі. Салық активтері мен міндеттемелері егер уақытша айырмашылықтар гудвилмен байланысты немесе басқа активтер мен міндеттемелерді не салық салынатын, не бухгалтерлік пайдаға әсер етпейтін мәмілелер (бизнесті біріктіру жөніндегі мәмілелерден басқа) шеңберінде бастапқы тану салдарынан туындаса шоғырландырылған қаржылық есептілігінде көрсетілмейді.

Еншілес ұйымдарға, тәуелді компанияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке жататын, Топ уақытша айырмашылықтарының қалпына келтіру мерзімдерін бақылай алатын жағдайларынан басқа, кейінге қалдырылған міндеттемелер салық салынатын айырмашылықтарын есептегенде көрсетіледі. Осындай инвестициялар мен үлестерге тиесілі кейінге қалдырылған активтер болашақта салық салынатын баланстық пайда жоғары пайдалану ықтималдығы болған жағдайда ғана көрсетіледі.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есептік күнге бағаланып, кейінге қалдырылған активтің жиынтығы немесе бір бөлігі қолданылып, мүмкін жеткілікті салық салынып пайда алынады деген болжам болмайтын жағдайда азаяды. Кейінге қалдырылған деп танылмаған салық активтері қаржылық жағдай жөніндегі шоғырландырылған

есептілікте тіркелген әрбір күнге қайта қаралады және болашақта салық салынатын табыстар мерзімі өткен салық активтерін қайта келтіруге мүмкіндігі бар көлемде анықталады.

Кейінге қалдырылған активтер мен міндеттемелер сәйкес шоғырландырылған қаржылық жағдай жөніндегі есептілік күніне күшіне енгізілген немесе жарамды салық мөлшерлемесіне (және салық заңнамасында) негізделе отырып өтелетін міндеттеме немесе актив өткізілетін кезеңге қолданылатын салық мөлшерлемелері бойынша есептеледі.

Егер ағымдық салық міндеттемелеріне қарсы қысқамерзімді салық міндеттемесін өзара есепке алуға заңды түрде жарамды құқығы болса және кейінге қалдырылған салықтар сол салық салынатын ұйымға және сол салық басқару орындары қатысты болса, онда кейінге қалдырылған активтер мен міндеттемелер өзара есепке алынады.

Қысқамерзімді және кейінге қалдырылған табыс салықтары басқа жиынтық табыстан тыс баптарға жатқан жағдайларды есепке алмағанда, пайда мен залал жөніндегі есептілікте шығындар немесе үнемдеу ретінде көрсетіледі, не болмаса басқа жиынтық табыста, не болмаса капитал шоттарында, және бұл жағдайда мерзімі ұзартылған салық пайда мен залал жөніндегі есептіліктен тыс көрсетіледі, не болмаса кәсіпорынның бастапқы бірігуінен шығады. Кәсіпорындар біріккен жағдайда салық тиімділігі кәсіпорындар бірлестігінің есептілігіне косылады

ЖАЛ**Операциялық жал**

Жалға беруші активке меншік құқығымен байланысты тәуекелдер мен пайдаларды нақты түрде сақтап қалатын жал операциялық жал ретінде жіктеледі. Операциялық жал бойынша төлемдер жалға беру мерзіміне негізделе отырып тура сызықты әдісінің негізінде пайда мен залалда шығындар ретінде көрсетілсді.

Қаржылық жал

Топ қаржылық жалды жалға алынатын мүліктің әділ құнының қаржыландырылатын жалдау басталуының күніне тең сомалар бойынша қаржылық жағдай жөніндегі шоғырландырылған есептілікте актив және міндеттеме ретінде немесе егер төмен болса, ағымдағы күн бойынша ең төменгі жалдау төлемдері

ретінде қабылдайды. Ең төменгі жалдау төлемдерінің ағымдағы құнын есептеу кезінде дисконт факторы ретінде анықтау мүмкін болған жағдайда жалдау шарты бойынша сыйақы жарнасы пайдаланылады; олай болмаған жағдайда Топтың несие қаражатына сыйақы жарналары пайдаланылады. Бастапқыда жасалған тікелей шығындар активтің бір бөлігі ретінде есепке алынады. Жалдау төлемдері сыйақы бойынша шығындар мен колда бар міндеттемелердің төмендеуі арасында бөлінеді, Сыйақылар бойынша шығындар әр кезең үшін міндеттемелердің қалған сомасы бойынша тұрақты сыйақы жарнасын алу үшін жалдау мерзімі ішінде кезеңдер бойынша бөлінеді.

Қаржылық жал активтерге қатысты амортизациялау бойынша шығыстың артуына, сондай-ақ әрбір есептік кезең үшін қаржылық шығындарға әкеп соғады. Жалға алынатын активтерге қатысты амортизация саясаты меншік активтерінің, егер жалға алу мерзімі бір жылдан кем болмаса, амортизация бойынша саясатқа сәйкес келеді. Егер жалға алу мерзімі ұқсас меншік қаражатының амортизациясы мерзімінен аз болса, жалға алынатын актив жалға алу мерзімінен шыға отырып амортизацияланатын болады.

Резервтер

Алдағы болатын шығыстардың резервтері Топтың өткен оқиғалардың нәтижесінде туындаған міндеттемелер (заңды немесе жүктелген) міндеттемелері болса және Компания осы міндеттемелерді өтеу ықтималдылығы жоғары болса, ал мұндай міндеттемелердің мөлшері сенімді бағаланатын болса есепке алуда көрсетіледі.

Есепке алуда көрсетілетін алдағы болатын шығындардың шамасы осы міндеттемелерге тән тәуекелдер мен белгісіздіктер ескерілген есеп-

тік күнге белгіленген міндеттемелерді өтеу үшін қажетті соманың ең жақсы есептік бағасын білдіреді. Егер алдағы болатын шығындардың шамасы міндеттемелерді өтеу жөніндегі болжамды ақша ағындарының негізінде есептелсе, алдағы болатын шығыстардың резерві мұндай ақша ағындарының келтірілген құны ретінде (егер уақыт ішінде ақша құны өзгеруінің әсері елеулі болса) белгіленеді. Егер міндеттемелерді өтеу үшін қажетті төлемдер ішінара немесе толығымен үшінші тараппен өтелетіндігі күтіліп отырса, тиісті дебиторлық берешек өтеу ақысы алынады және осы дебиторлық берешектің сомасы сенімді бағаланады деген толық сенімділік болған жағдайда көрсетіледі.

3. САЛЫСТЫРМАЛЫ АҚПАРАТҚА ӘСЕР ЕТЕТІН СЫНЫПТАЛУДЫҢ ӨЗГЕРУІ

Сыныпталудың өзгеруі

2014 ж. Топ капиталмен жеке операциялардың, соның ішінде Акционермен берілген несиелерді әділ құнына дейін түзету, «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның акция пакетін беру мен Топтың жарғылық капиталында үлесті иеленуге жатпайтын Акционермен басқа да операциялар есебін қайта қарады. Топ осы түзетулер мен операциялардың сомаларын қосымша төленген жарғылық капиталға емес, бөлінбеген пайда шотына жатқыза бастады. Бұл Акционердің есеп саясатына сәйкес келеді.

Нәтижесінде, Топ 2014 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдың қаржылық ақпаратын ұсыну нысанына сәйкес 2013 жылдың 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін салыстырмалы ақпаратты қайта сыныптады.

Қаржылық жағдай жөніндегі шоғырландырылған есепке әсері:

	Түзетулерге дейін	Қайта сыныптау	Қайта есептелді
2013 ж. 31 желтоқсанына			
Капитал			
Қосымша төленген капитал	242,447,850	(212,447,850)	30,000,000
Бөлінбеген капитал	388,868,887	212,447,850	601,316,737
Капитал жиынтығы	1,329,171,023	-	1,329,171,023
2013 ж. 1 қаңтарына			
Капитал			
Қосымша төленген капитал	43,407,831	(37,978,071)	5,429,760
Бөлінбеген капитал	322,966,218	37,978,071	360,944,289
Капитал жиынтығы	1,049,310,608	-	1,049,310,608

Тоқтатылған қызмет

Үкімет бекіткен жекешелендірудің 2014-2016 жж. арналған кешенді жоспары шегінде Акционер 2014 ж. шілдеде Топтың жекешелендірілуі тиіс еншілес, қауымдасқан және бірлескен ұйымдарының тізімін бекітті. 2014 ж. тамызда Компания Топтың еншілес, қауымдасқан және бірлескен ұйымдарының сату бойынша іс-шаралар жоспарын бекітіп, оларды сату

бойынша белсенді жұмысты бастады.

Топ қызметтің елеулі түрін көрсететін еншілес ұйымдардың қызмет нәтижелерін тоқтатылған қызмет ретінде көрсетті, сәйкесінше, 2013 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін салыстырмалы мәліметтер қайта есептелді.

Пайда иен залал және басқа да жиынтық табыс жөніндегі шоғырландырылған есепке әсері:

	Түзетулерге дейін	Тоқтатылған қызмет	Қайта есептелді
2013 ж.			
Табыс			
Өзге табыс	33,335,306	(3,367,125)	29,968,181
Табыс жиынтығы	873,565,703	(3,367,125)	870,198,578
Сатудың өзіндік құны	(576,862,081)	1,428,662	(575,433,419)
Жалпы табыс	296,703,622	(1,938,463)	294,765,159
Жалпы және әкімшілік шығындар	(94,155,179)	5,538,598	(88,616,581)
Сату бойынша шығындар	(154,403)	135,446	(18,957)
Қаржылық табыс	5,703,644	(210,091)	5,493,553
Қаржылық шығындар	(37,811,417)	910,091	(36,901,326)
Бағам айырмашылығы залалы	(8,012,635)	75,414	(7,937,221)
Негізгі қаражаттың құнсыздануы	(1,523,433)	12,075	(1,511,358)
Өзге кіріс пен залал	3,815,236	(559,808)	3,255,428
Салық салынғанға дейінгі пайда	160,296,286	3,963,262	164,259,548
Корпоративті табыс салығы бойынша шығындар	(39,048,623)	2,454,444	(36,594,179)
Жалғастырылған қызметтен түскен жыл ішіндегі пайда	121,247,663	6,417,706	127,665,369
Тоқтатылған қызметтен келген жыл ішіндегі залал	(2,812,097)	(6,417,706)	(9,229,803)
Жалғастырылған қызметтен түскен акцияға шаққандағы пайда, теңгемен	241	13	254

4. СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ

Топтың операциялық сегменттері көрсетілетін қызметтер негізінде анықталады. Топ негізгі екі сегментті ерекшелейді: жүк тасымалы және жолаушылар тасымалы бойынша қызметтер. Қызметтерін қосқанда сандық шектен аспайтын барлық басқа да негізінен байланыс, коммуналдық қызметтер, жүктерді тиеу мен босату және кемелерге қызмет көрсету қызметтерінен тұратын, сегменттер жеке ашып көрсетуді қажет етпейді.

Есептік сегменттердің есеп саясаты 2-Ескертпеде көрсетілген Топтың есеп саясатына ұқсас.

Топ басшылығы Топтың операциялық сегменттерінің келесідей көптеген пайда көрсеткіштерін бақылайды: салық салуға дейінгі пайда, жалғастыратын қызметтен жыл іші пайдасы және жалпы пайда. Соған қарамастан, жыл іші пайда көрсеткіші ресурстарды бөлу және сегменттер қызметін бағалау үшін пайдаланылатын негізгі көрсеткіш болып табылады.

Топта сегмент ішілік сауда жүргізу үшін арналған бекітілген баға қалыптастыру саясаты жоқ, алайда сегмент ішілік операциялар нарықтық баға бойынша жүзеге асады.

Негізгі операциялық көрсеткіштер

	Жүк тасымалдары	Жолаушылар тасымалдары	Барлық өзге сегменттер	Барлығы
Табыс				
Тасымал табысы	772,834,872	79,400,169	-	852,235,041
Мемлекеттік субсидиялар	-	24,637,811	-	24,637,811
Өзге табыс	17,064,944	3,364,481	45,215,446	65,644,871
Сегменттік табыс	(31,372,390)	(2,569,080)	(27,329,674)	(61,271,144)

ЖАЛҒАСТЫРУ

	2014 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші			
	Жүк тасымалдары	Жолаушылар тасымалдары	Барлық өзге сегменттер	Барлығы
Табыс	758,527,426	104,833,381	17,885,772	881,246,579
Сатудың өзіндік құны	(536,106,815)	(93,005,450)	(5,060,588)	(634,172,853)
Жалпы және әкімшілік шығындар	(71,876,241)	(4,690,003)	(5,777,785)	(82,344,029)
Сату бойынша шығындар	(26,614)	-	-	(26,614)
Негізгі қаражаттың құнсыздануынан келген (залал)/пайда	(782,613)	(421,346)	39,153	(1,164,806)
Өзге пайда мен залал	501,493	1,799,597	1,319,673	3,620,763
Қаржылық табыс	9,221,986	258,703	1,040,675	10,521,364
Қаржылық шығындар	(41,054,741)	(1,358,269)	(4,289,055)	(46,702,065)
Бағам айырмашылығынан келген келген (залал)/пайда	(71,706,311)	151,516	(144,892)	(71,699,687)
Қауымдасқан кәсіпорындардың залалдағы үлесі	(100,055)	-	(530,172)	(630,227)
Біріккен кәсіпорындардың пайдадағы/(залалдағы) үлесі	2,738,052	-	(2,062,501)	675,551
Еншілес ұйымдардың шығуынан түскен табыс	420,326	-	400,837	821,163
Корпоративті табыс салығы бойынша шығындар	(18,896,996)	(1,513,982)	(675,296)	(21,086,274)
Жалғастырылатын қызметтен түскен жыл ішіндегі пайда	30,858,897	6,054,147	2,145,821	39,058,865
Сегмент туралы өзге негізгі ақпарат				
Негізгі қаражат бойынша капиталдық шығындар	318,815,851	30,116,880	50,424,735	399,357,466
Негізгі мүліктің тозуы	86,553,273	6,898,127	5,994,328	99,445,728

	2013 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші			
	Жүк тасымалдары	Жолаушылар тасымалдары	Барлық өзге сегменттер	Барлығы
Негізгі операциялық көрсеткіштер				
Табыс				
Тасымал табысы	771,487,429	75,626,319	-	847,113,748
Мемлекеттік субсидиялар	-	23,880,765	-	23,880,765
Өзге табыс	15,101,882	3,783,242	30,469,243	49,354,367
Сегменттік табыс	(31,204,551)	(2,614,905)	(16,330,846)	(50,150,302)
Табыс	755,384,760	100,675,421	14,138,397	870,198,578
Сатудың өзіндік құны	(488,583,133)	(82,164,126)	(4,686,160)	(575,433,419)
Жалпы және әкімшілік шығындар	(76,308,791)	(6,944,216)	(5,363,574)	(88,616,581)
Сату бойынша шығындар	(18,957)	-	-	(18,957)
Негізгі қаражаттың құнсыздануынан келген (залал)/пайда	(1,398,730)	(77,621)	(35,007)	(1,511,358)
Өзге пайда мен залал	1,585,691	1,494,801	174,936	3,255,428
Қаржылық табыс	4,571,487	279,161	642,905	5,493,553
Қаржылық шығындар	(33,569,064)	(1,104,341)	(2,227,921)	(36,901,326)
Бағам айырмашылығынан келген келген (залал)/пайда	(7,754,981)	49,567	(231,807)	(7,937,221)
Қауымдасқан кәсіпорындардың залалдағы үлесі	665,480	-	(233,423)	432,057
Біріккен кәсіпорындар пайдадағы/(залал) үлесі	777,880	-	(5,479,086)	(4,701,206)
Корпоративті табыс салығы бойынша шығындар	(31,719,344)	(3,046,812)	(1,828,023)	(36,594,179)
Жалғастырылатын қызметтен түскен жыл ішіндегі пайда	123,632,298	9,161,834	(5,128, 763)	127,665,369
Сегмент туралы өзге негізгі ақпарат				
Негізгі қаражат бойынша капитал шығындар	372,340,263	40,965,869	15,966,317	429,272,449
Негізгі мүліктің тозуы	80,480,546	6,145,354	4,818,007	91,443,907

Топтың географиялық ақпараты

Топ әр түрлі географиялық өңірлерде сатып алушылардан табыс алады. Төмендегі кестеде 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде мекендеуіне негізделген табыстар туралы ақпарат көрсетілген:

Сатып алушылардың орналасқан жері	2014 ж.	2013 ж.
Қазақстан	871,809,909	858,454,774
Ресей	7,062,389	7,273,130
Басқа	2,374,281	4,470,674
	881,246,579	870,198,578

Негізінен Топтың барлық ұзақмерзімді активтері Қазақстанда орналасқан.

5. НЕГІЗГІ МҮЛІК

2014 жылы Топ негізгі мүлікті 860,597 мың теңге сомасына, соның ішінде Акционерден вокзалдар ғимараттарын және жолаушылар платформаларын 396,994 мың теңгеге алып (2013 ж.: 2,976,983 мың теңге), капиталдағы өзгерістер жөніндегі шоғырландырылған есепте жарғылық капиталға салған жарна және басқа да жарналар ретінде көрсетті (18-Ескертпе).

2014 жылы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аяқталмаған құрылыс, негізінен, 349,160,830 мың теңге сомасына (2013 ж.: 202,354,928 мың теңге сомасына) «Жезқазған - Бейнеу» және «Арқалық -Шұбаркөл» теміржол желілерін салу жобасы бойынша шығындардан, 12,339,944 мың теңге сомасына (2013 ж.: нөл теңге) вокзал кешенін салу шығындары мен Астана ст. теміржол торабын дамыту бойынша шығындардан тұрады.

2014 және 2013 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың баланстық құны тиісінше 162,467,016 мың теңге және 153,138,190 мың теңге болатын негізгі мүлік белгілі несиелер бойынша кепілдікті қамтамасыз етті (19-Ескертпе).

2014 және 2013 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін алынған несиелер бойынша капиталға айналатын шығындар сомасы 4,457,583 мың теңге және 3,906,368 мың теңгені құрады. Капиталға айналдыру мөлшерлемесі 3.04%-дан 12%-ға дейін аралықты құрайды (2013 ж.: 5.15%-дан 11.63%-ға дейін) (19-Ескертпе).

2014 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі негізгі мүліктің қозғалысы мына түрде көрсетілген:

Тарихи құны:	Жер	Ғимараттар мен құрылыстар	Теміржол жолдарының инфрақұрылымы	Машина мен құрал-жабдықтар	Теміржол көлігі	Өзге көлік	Басқа	Аяқталмаған күрделі құрылыс	Барлығы
2014 ж. 1 қаңтарына	3,824,436	152,919,157	705,248,502	276,424,584	963,621,024	20,498,731	19,008,110	287,607,712	2,429,152,256
Түсті	663,221	1,120,832	74,662	9,441,801	77,493,324	1,702,821	4,024,361	304,836,444	399,357,466
Ұйымдардың бірігуі кезінде түсті	-	-	-	-	-	-	138	-	138
Ішкі орын ауыстыру	(197,226)	24,080,485	57,562,956	46,689,533	7,643,014	429,412	478,078	(136,686,252)	-
Шықты	(77,567)	(1,343,687)	(18,782)	(2,499,041)	(4,246,494)	(291,362)	(376,749)	-	(8,853,682)
Тауарлық-материалдық қорға ауыстырылды	-	-	(7,742,345)	(58,901)	(2,527)	(179)	(254,323)	(500,565)	(8,558,840)
Сату үшін арналған деп сыныпталған шығарылатын топтың ұзақмерзімді активіне ауыстырылды (17-Ескертпе)	(191,936)	(12,794,921)	-	(18,770,977)	(11,878,008)	(1,585,039)	(466,451)	(2,283,797)	(47,971,129)
Еншілес ұйымдардың шығуы (34-Ескертпе)	(45,840)	(1,032,512)	-	(331,093)	-	(75,296)	(13,802)	(8,410)	(1,506,953)
Шетелдік валютаны қайта есептеу	-	(60,534)	(564,047)	(243,288)	(101,687)	(10,170)	(20,143)	(7,372)	(1,007,241)
Өзге қысқамерзімді активке ауыстыру	-	-	-	-	(4,779,322)	-	-	-	(4,779,322)
Материалдық емес активке ауыстыру (6-Ескертпе)	-	-	-	(989)	-	-	-	(5,996,578)	(5,997,567)
Инвестициялық жылжымайтын мүліктен ауыстыру (8-Ескертпе)	-	110,688	-	-	-	-	-	-	110,688
2014 ж. 31 желтоқсанына	3,975,088	162,999,508	754,560,946	310,651,629	1,027,749,324	20,668,918	22,379,219	446,961,182	2,749,945,814
Жиналған тозу мен құнсыздану:									
2014 ж. 1 қаңтарына	-	(23,101,748)	(105,711,842)	(86,790,399)	(214,990,690)	(7,440,793)	(6,102,568)	(5,012,788)	(449,150,828)
Жыл ішінде есептелген тозу	-	(3,876,176)	(22,987,345)	(24,033,799)	(45,391,240)	(1,486,034)	(1,671,134)	-	(99,445,728)
Жыл ішінде (есептелген)/қалпына келтірілген құнсыздану	-	(154,684)	(11,730)	(238,957)	(432,719)	34,892	6,289	(367,897)	(1,164,806)
Ішкі орын ауыстыру	-	(2,928,405)	(40,138)	2,752,618	(11,655)	(7,872)	235,452	-	-
Шықты	-	540,952	18,426	2,384,509	3,710,932	245,790	360,411	-	7,261,020
Тауарлық-материалдық қорға ауыстырылды	-	-	4,835,503	32,472	2,109	133	306	-	4,870,523
Сату үшін арналған деп сыныпталған шығарылатын топтың ұзақмерзімді активіне ауыстырылды (17-Ескертпе)	-	2,798,539	-	5,631,146	1,802,097	533,464	198,305	12,543	10,976,094
Еншілес ұйымдардың шығуы (34-Ескертпе)	-	530,001	-	129,458	-	29,103	4,931	-	693,493
Шетелдік валютаны қайта есептеу	-	15,257	308,346	85,174	48,165	5,814	7,686	-	470,442
Өзге қысқамерзімді активке ауыстыру	-	-	-	-	4,536,394	-	-	-	4,536,394
Материалдық емес активке ауыстыру (6-Ескертпе)	-	-	-	16	-	-	-	-	16
Инвестициялық жылжымайтын мүліктен ауыстыру (8-Ескертпе)	-	(50,304)	-	-	-	-	-	-	(50,304)
2014 ж. 31 желтоқсанына	-	(26,226,568)	(123,588,780)	(100,047,762)	(250,726,607)	(8,085,503)	(6,960,322)	(5,368,142)	(521,003,684)
Баланстық құны:									
2014 ж. 31 желтоқсанына	3,975,088	136,772,940	630,972,166	210,603,867	777,022,717	12,583,415	15,418,897	441,593,040	2,228,942,130

2013 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі негізгі мүліктің қозғалысы мына түрде көрсетілген:

Тарихи құны:	Жер	Ғимараттар мен құрылыстар	Теміржол жолдарының инфрақұрылымы	Машиналар мен құрал-жабдықтар	Теміржол көлігі	Өзге көлік	Басқа	Аяқталмаған күрделі құрылыс	Барлығы
2013 ж. 1 қаңтарына	1,978,290	135,092,544	665,970,515	255,806,995	825,951,619	15,345,137	14,513,927	101,558,193	2,016,217,220
Түсті	42,065	2,360,388	304,214	8,562,612	133,940,414	3,755,947	2,270,209	278,036,600	429,272,449
Ұйымдардың бірігуі кезінде түсті (33-Ескертпе)	1,760,448	9,203,801	-	243,654	-	29,979	235,879	-	11,473,761
Ішкі орын ауыстыру	71,861	6,878,230	48,901,259	13,583,901	13,644,910	1,484,365	2,304,993	(86,869,519)	-
Шықты	(24,274)	(201,885)	(17,278)	(1,278,769)	(9,878,742)	(85,368)	(235,341)	-	(11,721,657)
Тауарлық-материалдық қорға ауыстырылды	-	(100)	(9,809,534)	(140,311)	(23,356)	(22,158)	(78,557)	(2,665,794)	(12,739,810)
Шетелдік валютаны қайта есептеу	-	-	(100,674)	(39,266)	(13,821)	(9,171)	(2,258)	-	(165,190)
Материалдық емес активке ауыстыру (6-Ескертпе)	-	-	-	(152,805)	-	-	(742)	(2,451,768)	(2,605,315)
Инвестициялық жылжымайтын мүліктен ауыстыру (8-Ескертпе)	(3,954)	(413,821)	-	(161,427)	-	-	-	-	(579,202)
2013 ж. 31 желтоқсанына	3,824,436	152,919,157	705,248,502	276,424,584	963,621,024	20,498,731	19,008,110	287,607,712	2,429,152,256
Жиналған тозу мен құнсыздану:									
2013 ж. 1 қаңтарына	-	(17,608,827)	(89,360,481)	(68,975,226)	(180,858,996)	(6,093,000)	(4,980,243)	(4,045,437)	(371,922,210)
Жыл ішінде есептелген тозу	-	(5,667,812)	(20,634,074)	(20,239,313)	(42,190,880)	(1,379,427)	(1,332,401)	-	(91,443,907)
Жыл ішінде есептелген құнсыздану	-	(40,869)	(414,073)	(18,912)	(3,571)	(39,224)	(39,433)	(955,276)	(1,511,358)
Ішкі орын ауыстыру	-	10,671	-	1,218,826	(1,255,036)	897	24,642	-	-
Шықты	-	139,273	11,958	1,122,059	9,290,717	69,125	216,644	(12,075)	10,837,701
Шетелдік валютаны қайта есептеу	-	100	4,632,201	67,365	20,240	39	6,727	-	4,726,672
Өзге қысқамерзімді активке ауыстыру	-	-	52,627	11,507	6,836	797	1,477	-	73,244
Материалдық емес активке ауыстыру (6-Ескертпе)	-	-	-	23,295	-	-	19	-	23,314
Инвестициялық жылжымайтын мүліктен ауыстыру (8-Ескертпе)	-	65,716	-	-	-	-	-	-	65,716
2013 ж. 31 желтоқсанына	-	(23,101,748)	(105,711,842)	(86,790,399)	(214,990,690)	(7,440,793)	(6,102,568)	(5,012,788)	(449,150,828)
Баланстық құны:									
2013 ж. 31 желтоқсанына	3,824,436	129,817,409	599,536,660	189,634,185	748,630,334	13,057,938	12,905,542	282,594,924	1,980,001,428

6. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

2014 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі материалдық емес активтердің қозғалысы мына түрде көрсетілген:

	Лицензиялар	Бағдарлама- лық қамтамасыз- дандыру	Басқа	Гудвил	Барлығы
Құны:					
2014 ж. 1 қаңтарына	1,217,893	15,693,892	447,955	322,335	17,682,075
Түсті	18,337	245,780	67,532	-	331,649
Шетелдік валютағы аудару	-	(2,368)	-	-	(2,368)
Тауарлық-материалдық қордан аудару	574	135,924	-	-	136,498
Тауарлық-материалдық қорға аудару	-	(81)	(33,357)	-	(33,438)
Негізгі мүліктен аудару (5-Ескертпе)	1,229,908	3,296,466	1,471,193	-	5,997,567
Ішкі қозғалыс	(20,779)	68,082	(47,303)	-	-
Шықты	(4,456)	(151,477)	-	-	(155,933)
Сату үшін арналған деп сыныпталған шығарылатын топтың ұзақмерзімді активіне ауыстырылды (17-Ескертпе)	(660)	(155,887)	(286,515)	(322,335)	(765,397)
Еншілес ұйымдардың шығуы (34-Ескертпе)	(1,238)	(132)	-	-	(1,370)
2014 ж. 31 желтоқсанына	2,439,579	19,130,199	1,619,505	-	23,189,283
Жиналған амортизация:					
2014 ж. 1 қаңтарына	(623,777)	(7,378,202)	(115,231)	-	(8,117,210)
Түсті	(144,578)	(2,598,614)	(113,278)	-	(2,856,470)
Шетелдік валютағы аудару	-	1,466	-	-	1,466
Тауарлық-материалдық қорға аудару	-	-	1,586	-	1,586
Негізгі мүліктен аудару (5-Ескертпе)	-	(16)	-	-	(16)
Ішкі қозғалыс	526	(40,144)	39,618	-	-
Шықты	4,456	151,229	-	-	155,685
Сату үшін арналған деп сыныпталған шығарылатын топтың ұзақмерзімді активіне ауыстырылды (17-Ескертпе)	99	102,543	89,159	-	191,801
Еншілес ұйымдардың шығуы (34-Ескертпе)	170	5	-	-	175
2014 ж. 31 желтоқсанына	(763,104)	(9,761,733)	(98,146)	-	(10,622,983)
Баланстық құны					
2014 ж. 31 желтоқсанына	1,676,475	9,368,466	1,521,359	-	12,566,300

2014 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі материалдық емес активтердің қозғалысы мына түрде көрсетілген:

	Лицензиялар	Бағдарлама- лық қамтамасыз- дандыру	Басқа	Гудвил	Барлығы
Құны:					
2013 ж. 1 қаңтарына	808,203	13,303,050	404,953	322,335	14,838,541
Түсті	105,734	172,511	4,679	-	282,924
Ұйымдардың бірігуі кезінде түсті (33-Ескертпе)	592	6,862	-	-	7,454
Тауарлық-материалдық қордан аудару	7,589	163,901	-	-	171,490

	Лицензиялар	Бағдарлама- лық қамтамасыз- дандыру	Басқа	Гудвил	Барлығы
Негізгі мүліктен аудару (5-Ескертпе)	311,965	2,254,824	38,526	-	2,605,315
Ішкі қозғалыс	(14,750)	14,752	(2)	-	-
Шықты	(1,440)	(222,008)	(201)	-	(223,649)
2013 ж. 31 желтоқсанына	1,217,893	15,693,892	447,955	322,335	17,682,075
Жиналған амортизация:					
2014 ж. 1 қаңтарына	(577,387)	(5,628,409)	(61,898)	-	(6,267,694)
Түсті	(47,606)	(1,945,745)	(54,493)	-	(2,047,844)
Негізгі мүліктен аудару (5-Ескертпе)	-	(23,314)	-	-	(23,314)
Ішкі қозғалыс	539	(1,647)	1,108	-	-
Шықты	677	220,913	52	-	221,642
2013 ж. 31 желтоқсанына	(623,777)	(7,378,202)	(115,231)	-	(8,117,210)
Баланстық құны					
2013 ж. 31 желтоқсанына	594,116	8,315,690	332,724	322,335	9,564,865

2014 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бағдарламалық қамтамасыздандырумен берілген және Топ өзінің қызметі барысында пайдаланатын толығымен амортизацияланған материалдық емес активтердің құны 2,806,521 мың теңгені құрады (2013 ж. 31 желтоқсан: 2,563,214 мың теңге).

7. ҚАУЫМДАСҚАН ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН ҰЙЫМДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2014 және 2013 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қауымдасқан ұйымдарға инвестициялар мыналарды қамтыды:

	«Ақтөбе рельс арқау зауыты» ЖШС	Logistic System Management B.V., («Кедентранс- сервис» АҚ)	Қытай-қазақ халықаралық логистикалық компаниясы Ляньюнган қаласы	«Continental Logistics» ЖШС	«Ақтау Теңіз Солтүстік Терминалы» ЖШС	Басқа	Барлығы
2013 ж. 1 қаңтарына	-	2,633,746	-	-	-	-	2,633,746
Сатып алулар	2,158,386	-	-	-	-	18,825	2,177,211
Пайдадағы/(залалдағы) үлесі	(228,034)	665,480	-	-	-	(5,389)	432,057
Алынған дивидендтер	-	(232,512)	-	-	-	-	(232,512)
Біріккен кәсіпорындарға ауыстыру	-	(3,066,714)	-	-	-	-	(3,066,714)
2013 ж. 31 желтоқсанына	1,930,352	-	-	-	-	13,436	1,943,788
Сатып алулар	-	-	6,058,752	3,600,000	2,308,800	189,676	12,157,228
Иелік ету үлесінің өзгеруінсіз жарғылық капитал салымдары	2,828,375	-	-	-	-	-	2,828,375
Пайдадағы/(залалдағы) үлесі	(509,382)	-	4,659	(61,702)	(29,412)	(34,390)	(630,227)
2014 ж. 31 желтоқсанына	4,249,345	-	6,063,411	3,538,298	2,279,388	168,722	16,299,164

Топтың маңызды қауымдасқан ұйымдары бойынша қосымша мәліметтер:

Қауымдасқан кәсіпорын атауы	Негізгі қызметі	Негізгі қызметін жүргізетін ел және тіркелген елі	Топ пен қауымдасқан кәсіпорын арасындағы қарым-қатынас сипаттамасы және кәсіпорын Топ үшін стратегиялық маңызға ие ұйым болып табыла ма
«Ақтөбе рельс арқау зауыты» ЖШС	Металлды жалға беруді өндіру мен өткізу	Қазақстан Республикасы	Топты заманауи рельстермен қамтамасыз ету мақсатында құрылды
Қытай-қазақ халықаралық логистикалық компаниясы Ляньюнган қ.	Халықаралық мультимодальді тасымалдар	Қытай Халық Республикасы	Көлік логистикасын дамыту мақсатында құрылды
«Continental Logistics» ЖШС	Құрылыс ұйымдастыру, көлік-логистикалық орталықтарды пайдалану	Қазақстан Республикасы	Көлік-логистикалық орталықтарын дамыту мақсатында құрылды
«Ақтау Теңіз Солтүстік Терминалы» ЖШС	Логистикалық, өндірістік және инфрақұрылымдық ғимараттарды салу мен пайдалану	Қазақстан Республикасы	Топтың көлік-логистикалық инфрақұрылымын дамыту мақсатында құрылды

31 желтоқсандағы жағдай бойынша және 31 желтоқсанда аяқталатын жылдар ішіндегі маңызды қауымдасқан ұйымдарға қатысты жиынтық қаржылық мәлімет:

	2014 ж. 31 желтоқсанына				2013 ж. 31 желтоқсанына
	«Ақтөбе рельс арқау зауыты» ЖШС	Қытай-қазақ халықаралық логистикалық компаниясы Ляньюнган қаласы	«Continental Logistics» ЖШС	«Ақтау Теңіз Солтүстік Терминалы» ЖШС	«Ақтөбе рельс арқау зауыты» ЖШС
Қысқамерзімді активтер	2,074,073	6,269,756	9,708,411	10,842,666	1,704,036
Ұзақмерзімді активтер	54,785,380	6,913,194	6,745,894	2,424,664	15,512,078
Активтер жиынтығы	56,859,453	13,182,950	16,454,305	13,267,330	17,216,114
Қысқамерзімді міндеттемелер	5,121,060	808,642	4,659,979	7,568,859	99,379
Ұзақмерзімді міндеттемелер	37,573,911	-	-	-	10,682,227
Міндеттемелер жиынтығы	42,694,971	808,642	4,659,979	7,568,859	10,781,606
Таза активтер жиынтығы	14,164,482	12,374,308	11,794,326	5,698,471	6,434,508
Иелік ету үлесі	30%	49%	30%	40%	30%
Топқа келетін таза активтер	4,249,345	6,063,411	3,538,298	2,279,388	1,930,352
Инвестициялардың баланстық құны	4,249,345	6,063,411	3,538,298	2,279,388	1,930,352

	2014 ж. үшін			
	«Ақтөбе рельс арқау зауыты» ЖШС	Қытай-қазақ халықаралық логистикалық компаниясы Ляньюнган қаласы	«Continental Logistics» ЖШС	«Ақтау Теңіз Солтүстік Терминалы» ЖШС
Табыс	-	402,055	-	-
Жыл ішіндегі (залал)/пайда мен барлық жиынтық (залал)/табыс	(1,697,941)	9,509	(205,673)	(73,529)
Қауымдасқан кәсіпорынның барлық жиынтық (залалындағы)/табысындағы Топ үлесі	(509,382)	4,659	(61,702)	(29,412)

	2013 ж. үшін	
	«Ақтөбе рельс арқау зауыты» ЖШС	Logistic System Management B.V., («Кедентранс-сервис»)
Табыс	-	32,086,790
Жыл ішіндегі (залал)/пайда мен барлық жиынтық (залал)/табыс	(760,112)	2,016,606
Қауымдасқан кәсіпорынның барлық жиынтық (залалындағы)/табысындағы Топ үлесі	(228,034)	665,480

Топтың өзге қауымдасқан кәсіпорындары бойынша агрегацияланған ақпарат:

	2014 ж.	2013 ж.
Жыл ішіндегі залалдағы Топ үлесі және барлық жиынтық залал	(1,583,292)	(1,343,660)
Залалдағы Топ мойындаған үлес	(34,390)	(5,389)
Залалдағы Топ мойындамаған үлес ¹	(1,600,182)	(1,338,271)

¹ Қауымдасқан ұйымның залалындағы Топтың танымаған үлесі Топтың ұйымдағы үлесінен асатын, Топ заңды және жүктелген міндеттемелерді өтемейтін және де осы қауымдасқан ұйым атынан есеп-айырысуларды жүргізбейтін залалдардың жинақталған үлесіне жатады.

2013 ж. желтоқсанда Топ қосымша 3,251,928 мың теңгеге Logistic System Management B.V.-дің 17% иелену үлесін сатып алды, сөйтіп өзінің иелену үлесін 50%-ға дейін көтерді. Нәтижесінде, Топ біріккен бақылауға ие болды және Logistic System Management B.V. инвестицияларын біріккен ұйымдарға инвестициялар құрамына қайта жіктеді.

2014-2013 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша біріккен ұйымдарға инвестициялар келесідей:

	«Электро-воз құрастыру зауыты» ЖШС	«Тұлпар – Тальго» ЖШС	Logistic System Management B.V., («Кедентранс-сервис» АҚ)	«Локомотив құрастыру зауыты» АҚ	«Астық Транс» ЖШС	Басқа	Барлығы
2013 ж. 1 қаңтарындағы инвестициялар	3,832,952	9,012,501	-	-	-	-	12,845,453
Сатып алулар	-	-	3,253,657	9,071,018	90,000	301,250	12,715,925
Иелік ету үлесінің өзгеруінсіз жарғылық капитал салымдары	-	819,690	-	-	-	-	819,690
Пайдадағы/(залалдағы) үлес	(251,674)	(5,227,412)	-	628,504	150,511	(1,135)	(4,701,206)

	«Электро- воз құрастыру зауыты» ЖШС	«Тұлпар – Тальго» ЖШС	Logistic System Management B.V., («Кедентранс- сервис» АҚ)	«Локомотив құрастыру зауыты» АҚ	«Астық Транс» ЖШС	Басқа	Барлығы
Қауымдасқан кәсіпорындарға арналған инвестициялардан аудару	-	-	3,066,714	-	-	-	3,066,714
2013 ж. 31 желтоқсанындағы инвестициялар	3,581,278	4,604,779	6,320,371	9,699,522	240,511	300,115	24,746,576
Иелік ету үлесінің өзгеруіне жарғылық капитал салымдары	-	-	-	-	1,336,135	-	1,336,135
Пайдадағы/(залалдағы) үлес	(1,500,671)	(561,830)	1,441,623	(173,144)	1,554,212	(84,639)	675,551
Алынған дивидендтер	-	-	(481,781)	-	(106,777)	-	(588,558)
Сату үшін арналған деп сыныпталған шығарылатын топтың ұзақмерзімді активіне ауыстырылды (17-Ескертпе)	(1,040,303)	(4,042,949)	-	-	-	-	(5,083,252)
2014 ж. 31 желтоқсанындағы инвестициялар	1,040,304	-	7,280,213	9,526,378	3,024,081	215,476	21,086,452

Топтың елеулі біріккен кәсіпорындары бойынша қосымша мәлімет:

2014 ж. 15 қыркүйекте «Востокмашзавод» АҚ Топ атынан «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дан алынған баланстық құны 13,721,781 мың теңгені құрайтын несие бойынша 463,209 мың теңге сомасына пайыз бен негізгі қарызды төлеу мерзімін асырып жіберді. 2014 ж. қыркүйегінен бастап желтоқсанға дейін «Востокмашзавод» АҚ төлем кестесіне сәйкес осы несие бойынша пайыз бен негізгі қарызды төлеуді 1,854,706 мың теңге сомасында асырып жіберді. Төлемді өткізіп жіберу осы несиелер 2014 ж. 31 желтоқсанда алынған инвестициялық жобаның аяқталу мерзімін ауыстырумен байланысты. 2014 ж. 31 желтоқсанда «Востокмашзавод» АҚ мерзімі өтіп кеткен пайыздардың және негізгі қарыздың бір бөлігін 995,003 мың теңге сомасында төледі. 2014 ж. 31 желтоқсанда мерзімі өтіп кеткен берешек 859,703 мың теңгені құрады.

20. ШЫҒАРЫЛҒАН ҚАРЫЗДЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

2014 және 2013 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ шығарған қарыздық бағалы қағаздар мынаны қамтыды:

	Өтеу күні	Пайыздық мөлшерлеме, жылдық,	2014 ж. 31 желтоқсан	2013 ж. 31 желтоқсан
Бағасы бойынша орналастырылған еурооблигациялар				
6.375%-дық Еурооблигациялар 2020 ж. дейін (100%)	6 қазан 2020 ж.	6.375%	127,645,000	107,527,000
6.95%-дық Еурооблигациялар 2042 ж. дейін (105.521%)	10 шілде 2042 ж.	6.95%	200,585,000	169,158,785
7%-дық Еурооблигациялар 2016 ж. дейін. (98.292% - Транш 2)	11 мамыр 2016 ж.	7.00%	63,822,500	53,763,500
3.638%-дық Еурооблигациялар 2022 ж. дейін. (100%)	20 маусым 2022 ж.	3.638%	34,158,400	-
2.59%-дық Еурооблигациялар 2019 ж. дейін (100%)	20 маусым 2019 ж.	2.59%	18,464,000	-
			444,674,900	330,449,285
Түзетулер:				
Шығарылған қарыздық бағалы қағаздар бойынша дисконт			(240,355)	(339,854)
Мәміле бойынша шығындар			(997,461)	(987,509)
Шығарылған қарыздық міндеттемелер бойынш сыйақылар			10,456,965	8,941,716
Шығарылған қарыздық бағалы қағаздар бойынша жиналған пайыздар			3,123,566	1,866,159
			457,017,615	339,929,797
Шығарылған қарыздық бағалы қағаздар жиынтығы			457,017,615	339,929,797
Минус: Шығарылған қарыздық бағалы қағаздар ағымдағы бөлігі			(3,123,566)	(1,866,159)
Шығарылған қарыздық бағалы қағаздар ұзақмерзімді бөлігі			453,894,049	338,063,638

2006 ж. 11 мамырда Топтың еншілес ұйымы «Қазақстан темір жолы Файнанс Б.В.» (бұдан әрі - «ҚТЖ Б.В.») Сингапур қор биржасында (5CX-5T) жалпы сомасы 800,000 мың АҚШ долларға тең Еурооблигацияның екі траншын шығарды. Еурооблигацияларды шығару Компания мен оның еншілес ұйымдарымен «Қазтеміртранс» АҚ және «Локомотив» АҚ кепілдендірілген (бұдан әрі - «Кепілгерлер»). Еурооблигациялар бойынша пайыздар жарты жыл сайын 11 мамырда және 11 қарашада төленуі тиіс. 2011 ж. II мамырында Топ (I Транш) 65,493,000 мың теңге көлемінде (450 млн. АҚШ доллары) 5-жылдық еурооблигациялар бойынша негізгі қарызды өтеді. 10-жылдық еурооблигациялар (2 Транш) бойынша өтеу мерзімі - 2016 ж. II мамырда. 2014 ж. 23 тамызда Топ кері-валюталық своп мәмілесін валюта тәуекелін хеджирлеу мақсатымен жүзеге асырды (35 және 40-Ескертпелер).

2010ж.6 қазанда «ҚТЖ Б.В.» Лондон қор биржасында (b5E) жалпы сомасы 700,000 мың АҚШ долларына

Еурооблигациялар шығарды. Еурооблигаияларға Компания және «Қазтеміртранс» АҚ мен «Локомотив» АҚ еншілес ұйымдары кепілдік берді. Еурооблигациялар бойынша пайыздар жарты жыл сайын 6 сәуірде және 6 қазанда төленуі тиіс, еурооблигациялар бойынша өтеу мерзімі 2020 ж. 6 қазаны. 2014 ж. 7 қазанда Эмитенттің Компанияға эмитент негізінде және негізгі қарызгер негізінде ауыстырылуы 700,000 мың АҚШ доллары сомасына 2020 ж. өтелу мерзімімен жүзеге асырылды.

2012 ж. 10 шілдеде және 2012 ж. 8 қарашада ҚТЖ Б.В. сыртқы («LSE») және ішкі («KASE») нарығында Еурооблигацияларды 800,000 мың АҚШ доллары және 300,000 мың АҚШ доллары жалпы сомада Еурооблигацияларды 6.95% пайыздық мөлшерлеменен шығарды. Айтылған Еурооблигациялар Компаниямен және «Қазтеміртранс» АҚ пен «Локомотив» АҚ еншілес ұйымдарымен кепілденген. Еурооблигациялар жөнінде пайыздар әрбір жарты жыл сайын, 10 қаңтарда және 10 шілдеде

төлеуге жатады, еурооблигациялар бойынша өтеу мерзімі - 2042 ж. 10 шілде. 2014 ж. 29 мамырда эмитенттің ауысуы жүзеге асырылды, бұнда Компания ҚТЖ Б.В-ді эмитент ретінде алмастырды. Және де сәйкесінше, осы міндеттемелер бойынша 1,100,000 мың АҚШ долларына 2042 ж. дейінгі өтеу мерзімімен негізгі қарызгерге айналды.

2014 ж. 20 маусымда Компания Швейцар қор биржасында (8IX 8\yI55 Exchangep) екі транш Еврооблигацияларын 285,000 мың швейцар франкіне шығарды (100,000 швейцар франкі 2.59 % пайыз мөлшерлемесімен 2019 ж. 20 маусымына дейін өтелу мерзімімен және 185,000 мың швейцар франкі 3.638 % пайыз мөлшерлемесімен 2022 ж. 20 маусымына дейін өтелу мерзімімен). Еурооблигациялар бойынша пайыздар жыл сайын 20

маусымда төленуге жатады. Еурооблигацияларды «Қазтеміртранс» АҚ мен «Локомотив» АҚ кепілдендірген.

Еурооблигациялармен байланысты талаптар бизнесті өзгертумен және мүлікті иеліктен алумен; басқа да заңды тұлғалармен қосылу және қауымдасумен байланысты шектеулерден тұрады. Еурооблигацияларды шығару шарттарында белгіленген дефолт оқиғасы болған жағдайда инвесторлар Еурооблигациялар бойынша берешекті өтеуді талап етуге құқылы.

2014 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша девальвация нәтижесінде шығарылған қарыздық бағалы қағаздар бойынша міндеттемелер орташа есеппен 19%-ға ұлғайды. (32-Ескертпе).

21. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАЛ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Топтың қаржылық жал бойынша міндеттемелері 2014 және 2013 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мынаны қамтыды:

	Ең төмен жал төлемдері		Ең төмен жал төлемдерінің ағымдағы құны	
	2014 ж. 31 желтоқсан	2013 ж. 31 желтоқсан	2014 ж. 31 желтоқсан	2013 ж. 31 желтоқсан.
Бір жыл бойында	940,122	1,057,642	441,902	450,644
Екі жылдан бес жылға дейін	3,781,372	4,123,390	2,667,615	2,527,083
Бес жылдан жоғары	-	987,324		886,332
Таза минимал міндеттемелер	4,721,494	6,168,356	3,109,517	3,864,059
Болашақ қаржы шығындарын алып тастағанда	(1,611,977)	(2,304,297)	-	-
Жал міндеттемелерінің ағымдағы құны	3,109,517	3,864,059	3,109,517	3,864,059
12 ай ішінде өтелуі тиіс соманы алып тастағанда			(441,902)	(450,644)
12 айдан кейін өтелуі тиіс сома			2,667,615	3,413,415

2004 ж. Топ еншілес ұйым «Транстелеком» ЖШС атынан «TeleKRONA» ЖШС-мен телекоммуникация жабдығына күші жойылмайтын қаржылық жал шартын жасасты. Қаржылық жал мерзімі 1 жылға созылу мүмкіндігімен 14.5 жылды құрайды. Келісім-шартына сәйкес Топ телекоммуникациялық жабдықты 2010 ж. аяғына дейін 856,614 мың теңге сомасына партиямен алып отырды. Жылдық тиімді

сыйақы мөлшерлемесі 18.25% құрайды.

2008 ж. 11 желтоқсанда Топ еншілес ұйым «Қазтеміртранс» АҚ атынан «Көлік қызметтері орталығы» АҚ еншілес ұйымы үшін 1,741,690 мың теңге сомасында саны 340 бірлік жылжымалы құрамды алу бойынша қаржылық лизинг қызметтерін мемлекеттік сатып алу жөнінде байланысты тарап

«ҚДБ-Лизинг» АҚ-мен шарт жасасты. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі 10.77% құрайды. Қаржылық жалдың мерзімі 10 жылды құрайды. Аталған шарт бойынша міндеттемелерді төлеудің бүкіл кезеңіне жұмыс істейтін Бас компания кепіл болып табылады.

2011 ж. 28 желтоқсанда Топ «Қамқор» жөндеу корпорациясы» ЖШС құрамына кіретін «Теміржол жөндеу» ЖШС еншілес ұйымның атынан «Al Hilal» Ислам Банкі» АҚ-мен жолаушы техниканы 1,021,007 мың теңге сомасына сатып алу бойынша қаржылық жал туралы шарт жасасты. Тиімді сыйақының мөлшерлемесі жылдық 17.62% құрайды. Қаржылық жалдың мерзімі 5 жылды құрайды. Айтылған келісімге «Теміржолэнерго» ЖШС еншілес ұйым кепілдемесі 290,000 мың теңге сомада қамсыздандыру болып табылады. 2014 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша еншілес ұйым сату үшін арналған деп сыныпталған шығарылатын топқа сыныпталды.

Барлық жал міндеттемелері теңгемен көрсетілген.

22. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ СЫЙАҚЫ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Әлеуметтік салық, әлеумсттік аударымдар және міндетті кәсіби зейнетақы аударымдары
Топ Қазақстан Республикасының заңнамасына

Осы шартқа байланысты Топтың жалпы міндеттемесі 2014 және 2013 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мыналарды қамтыды:

	2014 ж. 31 желтоқсан	2013 ж. 31 желтоқсан
Төлем көлемі белгіленген зейнетақы жоспары мен өзге де қызметкерлерге арналған ұзақмерзімді сыйақылар бойынша ағымдағы құн	30,156,756	30,227,410
Жыл ішінде өтелу мерзімі туатын міндеттемелер	(2,977,924)	(2,490,345)
Бір жылдан кейін өтелу мерзімі туатын міндеттемелер	27,178,832	27,737,065

Еңбек қызметі аяқталғаннан кейін төленетін сыйақылар жоспары қаржыландырылмаған.

Төменде 31 желтоқсанда аяқталған жылдарға міндеттемелер мәндерінің ағымдағы қозғалысы келесі түрде көрсетілген:

	2014 ж.	2013 ж.
Жыл басындағы міндеттемелердің жалпы сомасы	30,227,410	29,697,331
Қызметтердің ағымдағы құны	1,172,037	1,161,244
Өткен шақтағы қызметтердің құны	567,162	(4,471,546)
Сыйақы құны	1,868,199	1,773,996
Басқа жиынтық табыста танылған актуарлы асыра бағалау, оның ішінде:	257,013	3,808,063
-демографиялық болжамдардың өзгеруі	(13,400)	(18,535)
- қаржылық болжамдардың өзгеруі	(1,605,392)	1,498,367

	2014 г.	2013 г.
-тәжірибе негізіндегі түзетулер	1,875,805	1,956,888
- басқа	-	371,343
Жыл ішінде жүргізілген төлемдер	(2,063,208)	(2,023,966)
Жыл ішіндегі пайда мен залалда танылған актуарлы (пайда)/залал	(327,096)	282,288
Сатуға арналған деп сыныпталған шығарылатын топ міндеттемелеріне аудару (17-Ескертпе)	(1,517,855)	-
Еншілес ұйымдардың шығуы	(26,906)	-
Жыл соңындағы міндеттемелердің жалпы сомасы	30,156,756	30,227,410

2013 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде танылған өткен қызметтердің құны негізінен әйелдердің зейнетақы жасын кезең сайын жоғарлатумен байланысты Зейнетақы заңнамасының өзгеруімен, және де Ұжымдық келісімшарттағы өзгерістермен байланысты болып келеді.

Төлемдердің мөлшері белгіленген зейнетақы жоспары мен қызметкерлерге басқа да ұзақмерзімді жылдар ішінде танылған міндеттемелердің сомасы сыйақылар бойынша пайда мен залалда 2014 мен 2013 келесі түрде көрсетілген:

	2014 ж.	2013 ж.
Сатудың өзіндік құны (28-Ескертпе)	2,749,703	(1,106,104)
Жалпы және әкімшілік шығындар (29-Ескертпе)	363,033	(147,914)
Жыл ішіндегі пайда мен залалда танылған жиынтық	3,112,736	(1,254,018)

Төлемдердің мөлшері белгіленген зейнетақы жоспарлары Топты пайыз мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелін, өмірдің шегіне жету тәуекелін және жалақы тәуекелін қосатын актуарлық тәуекелдерге ұшыратады:

- Пайыздық тәуекел. Пайыздық мөлшерлеменің төмендеуі Топтың міндеттемесін ұлғайтады;
- Өмірдің шегіне жету тәуекелі. Жұмыс істеу кезеңі мен жұмыстың аяқталу кезеңіндегі өлімді бағалауды ескере отырып, Топта ағымдағы міндеттемелер есептеледі. Күтілетін өмір сүру ұзақтығының артуы міндеттеменің артуына алып келеді;

- Жалақы тәуекелі. Келтірілген шығындар болашақ жалақы төлемдері негізінде есептелінеді. Жалақының артуы міндеттеменің артуына алып келеді.

Топ міндеттемелерін есептеу Топтың қызметкерлерінің және зейнеткерлерінің саны, жасы, жынысы мен өтіл жылдары мен қызметкерлер санының өзгеруі бойынша нақты деректер, сонымен бірге өлім деңгейі бойынша жарияланып отыратын статистика деректерінің негізінде дайындалған. Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепті жасау күніндегі өзге негізгі жорамалдар төменде келтірілген:

	2014 ж.	2013 ж.
Дисконт мөлшерлемесі	6.70%	6.30%
Болашақтағы материалдық көмектің күтілетін жылдық өсімі	4.50%	4.70%
Болашақтағы минималды еңбек жалақысының күтілетін жылдық өсімі	4.50%	4.70%
Болашақтағы теміржол билеттері құнының күтілетін жылдық өсімі	7.50%	7.70%

Төлемдердің мөлшері белгіленген зейнетақы жоспары бойынша міндеттемелерді анықтау кезіндегі елеулі актуарлық жорамалдарға дисконттау мөлшерлемесі, жалақының күтілетін өсімі және өлім деңгейі жатады. Төменде көрсетілген сезімталдық

талдауы есепті күнге сәйкес келетін жорамалдардың негізделген мүмкін болатын өзгерістеріне негізделіп, басқа жорамалдардың өзгеріссіз қалуы негізінде жасалынған.

- Дисконттау мөлшерлемесінің 1%-ға артуы (төмендеуі) міндеттемелерді 2,563,324 мың теңгеге төмендетеді (2,985,519 мың теңгеге арттырады) (2013 ж.: дисконттау мөлшерлемесінің 1%-ға артуы (төмендеуі) міндеттемелерді 2,711,399 мың теңгеге төмендетсді (3,204,105 мың теңгеге арттырады).
- Жалақының күтілетін өсу темпінің, инфляцияның, АЕК-тің 1%-ға артуы (төмендеуі) міндеттемелерді 3,045,832 мың теңгеге арттырады (2,623,638 мың теңгеге төмендетеді) (2013 ж.: жалақының күтілетін өсу темпінің, инфляцияның, АЕК-тің 1%-ға артуы (төмендеуі) міндеттемелерді 3,219,219 мың теңгеге арттырады (2,771,853 мың теңгеге төмендетеді).
- Еркектер мен әйелдердің күтілетін өмір сүру деңгейінің 1 жылға артуы (азайуы) міндеттемелерді 934,859 мың теңгеге арттырады (1,025,330 мың теңгеге төмендетеді) (2013 ж.: еркектер мен әйелдердің күтілетін өмір сүру деңгейінің 1 жылға артуы (азайуы) міндеттемелерді 1,051,914 мың теңгеге арттырады (1,109,346 мың теңгеге төмендетеді).
- Кадрлар ағымының 1%-ға артуы (төмендеуі) міндеттемелерді 512,665 мың теңгеге төмендетеді (572,978 мың теңгеге арттырады) (2013 ж.: кадрлар ағымының 1%-ға артуы (төмендеуі) міндеттемелерді 550,139 мың теңгеге төмендетеді (595,480 мың теңгеге арттырады).

Жоғарыда келтірілген сезімталдық талдауы төлемдердің мөлшері белгіленген зейнетақы жоспары бойынша міндеттемелердің физикалық өзгерісін көрсетпеуі мүмкін, өйткені жорамалдардың бір-бірінен бөлек өзгеруінің ықтималдылығы төмен (кейбір жорамалдар бір-бірімен байланысты).

Сонымен бірге, сезімталдық талдауы кезінде төлемдердің мөлшері белгіленген зейнетақы жоспары бойынша міндеттемелердің келтірілген құны есепті күнге болжамдалатын шартты бірлік әдісімен есептелінген. Осы әдіс шоғырландырылған қаржылық жағдай жөніндегі есептілікте де, төлемдердің мөлшері белгіленген зейнетақы жоспары бойынша есептеулерде қолданылды.

Сезімталдық талдауы кезінде қолданылған әдістер мен жорамалдардың өткен жылы қолданғандардан айырмашылығы жоқ.

23. КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫНДАР

Қазақстанда құрылған компаниялар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық салынатын пайдадан табыс салығын төлейді. 2014 және 2013 жж. пайдаға салықтың мөлшерлемесі 20%-ға тең болды.

31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші табыс салығы бойынша шығындар мыналарды қамтыды:

	2014 ж.	2013 ж.
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығындар	1,655,405	1,682,984
Өткен жылдар табыс салығының түзетілуі	4,367,057	890,806
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша шығындар	15,063,812	34,020,389
	21,086,274	36,594,179

Төменде 31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы табыс салығы бойынша шығындар мен ресми бекітілген мөлшерлеме бойынша салық салынғанға дейінгі бухгалтерлік пайдадан есептелінген табыс салығы бойынша шығындарды салыстыру көрсетілген:

	2014 ж.	2013 ж.
Жалғастырылатын қызметтен келетін салық салынғанға дейінгі пайда		
Ресми салық мөлшерлемесі	60,145,139 20%	164,259,548 20%
Ресми мөлшерлеме бойынша салық бойынша теориялық шығын	12,029,028	32,851,910
Келесі салық салыну мақсаттарының шығарылуына/(салық салынбайтын) жатпайтын шығындар/(табыс) салық әсері:		
Өткен жылдар табыс салығының түзетілуі	4,367,057	890,806
Есептелмейтін шығындар	3,538,611	2,097,804
Танылмаған көшірілген салық залалдарының өзгеруі	1,151,578	753,659
Пайда мен залалда (жалғастырылатын қызметке жататын) көрсетілген табыс салығы бойынша шығындар	21,086,274	36,594,179

Қаржылық жағдай жөніндегі шоғырландырылған есептілікте көрсетілген сомалар мен міндеттемелердің және активтердің салық базалары арасындағы уақытша айырмашылықтарға, қаржылық жағдай жөніндегі сәйкес есеп күніне күші бар бекітілген ресми салық мөлшерлемелердің қолдануымен есептелінген кейінге қалдырылған салық сомалары 2014 және 2013 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мыналарды қамтыды:

	2014 ж. 31 желтоқсан	2013 ж. 31 желтоқсан
Кейінге қалдырылған салық активтері:		
Шегерілген салық залалдары	59,550,920	35,902,760
Қызметкерлерг қатысты есептелген міндеттемелер	2,644,862	2,285,703
Дебиторлық берешектегі айырмашылық	1,017,705	876,562
Жойылуға жатпайтын және ескірген тауарлық-материалдық қор бойынша резерв	67,323	143,616
Берілген қарыздар	-	72,141
Салықтар	305,175	378,753
Төлемге арналған есептелген сыйақылар	856,778	588,233
	64,442,763	40,247,768
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері:		
Негізгі қаражат, сату үшін ұсталған деп сыныпталған және өзге де ұзақмерзімді активтер	(256,489,621)	(218,741,842)
Қарызды әділ құнға дейін түзету	(48,833,534)	(46,971,815)
	(305,323,155)	(265,713,657)
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің жиынтығы	(240,880,392)	(225,465,889)
Жыл басындағы кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша таза міндеттемелер	(225,465,889)	(153,590,261)
Пайда мен залалда көрсетілген	(15,063,812)	(34,020,389)
Капиталдың өзгеруінсіз шоғырландырылған есептілікте көрсетілген	(2,425,374)	(37,054,982)
Сатуға арналған деп сыныпталған шығарылатын топ міндеттемесіне аудару	2,064,073	(800,257)
Еншілес ұйымдардың шығуы	7,799	-
Ұйымдардың бірігуі кезіндегі түсім	2,811	-
Жыл соңындағы кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша таза міндеттемелер	(240,880,392)	(225,465,889)

Топ ауыстырылған салық залалдарына жатқызылатын кейінге қалдырылған активтерді таныған жоқ. Басшылықтың ойынша, осы кейінге қалдырылған активтерге қарсы есепке алынатын салық салынатын пайданың болашақта жеткілікті болуы екіталай болып табылады. 2014 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша танылмаған ауыстырылған салық залалдарының жалпы салық әсері 2,762,741 мың теңге (2013 ж. 31 желтоқсан: 1,758,540 мың теңге).

24. САУДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

2014 және 2013 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда кредиторлық берешек мыналарды қамтыды:

	2014 ж. 31 желтоқсан	2013 ж. 31 желтоқсан
Негізгі қаражатты жеткізу бойынша кредиторлық берешек	42,268,980	19,451,884
Тауарлық-материалдық қорды алу үшін бойынша кредиторлық берешек	30,220,420	31,536,054
Көрсетілген қызмет бойынша кредиторлық берешек	18,850,886	24,947,864
Басқа кредиторлық берешек	321,595	1,439,817
	91,661,881	77,375,619

2014 және 2013 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда кредиторлық берешек мына валюталарда берілген:

	2014 ж. 31 желтоқсан	2013 ж. 31 желтоқсан
Теңге	86,141,243	72,009,932
АҚШ доллары	3,864,069	3,378,345
Швейцар франкі	354,334	438,116
Басқа валюталарда	1,302,235	1,549,226
	91,661,881	77,375,619

Сауда кредиторлық берешек негізінен сатып алынған тауарлық-материалдық қор, негізгі мүлік және ағымдағы шығындар бойынша берешек сомаларын ұсынады. Сатып алу бойынша айналымның орташа мерзімі 48 күнді құрайды (2013 ж.: 55 күнді құрады).

25. САЛЫҚТАР ЖӘНЕ БЮДЖЕТКЕ ТӨЛЕНЕТІН БАСҚА ДА МІНДЕТТІ ТӨЛЕМДЕР

2014 және 2013 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер мыналарды қамтыды:

	2014 ж. 31 желтоқсан	2013 ж. 31 желтоқсан
Жеке табыс салығы	2,420,040	2,848,742
ҚҚС	1,804,027	2,925,372
Әлеуметтік салық	1,328,622	1,729,810
Әлеуметтік сақтандыру бойынша міндеттемелер	1,010,443	1,111,038
Корпоративті табыс салығы бойынша өсімпұлдар мен айыппұлдар	428,257	146,942
Қоршаған ортаны ластау үшін ақы	276,224	300,172
Мүлік салығы	220,000	159,275
Нерезиденттерден алынатын төлем көзінің табыс салығы	119,113	737,752
Басқа	494,085	195,612
	8,100,811	10,154,715

26. БАСҚА ДА МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2014 және 2013 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа да міндеттемелер мыналарды қамтыды:

	2014 ж. 31 желтоқсан	2013 ж. 31 желтоқсан
Акционердің пайдасына өзгермейтін міндеттеме	77,837,179	54,209,840
Алынған аванстар	33,980,380	40,981,595
Дивидендер бойынша қарыз (18-Ескертпе)	12,165,051	-
Жалақы бойынша қарыз	13,901,586	14,617,858
Пайдаланылмаған демалыс бойынша резерв	11,712,051	11,428,516
Болашақ кезеңдер табысы	5,402,894	11,147,295
Міндетті зейнетақы жарналары	3,784,827	3,657,412
Басқа міндеттемелер	4,050,359	3,668,787
	162,834,327	139,711,303
Минус: басқа ағымдағы міндеттемелер	(114,233,062)	(114,701,051)
Басқа ұзақмерзімді міндеттемелер	48,601,265	25,010,252

Есеп саясатының негізгі қағидаларында сипатталғандай, ақша қаражатын немесе ақшалай емес активтерді Топ Акционерге/соңғы Акционерге беруге міндетті болғанда және осындай міндеттеменің сомасы нақты бағаланатын кезде, бөлулер капитал және сәйкес өзгертілмейтін міндеттеме құрамында танылады. Топ осы міндеттемелердің құнын сәйкес құрылыс пен жабдықтау келісім-шарттарының құнына тең есептейді.

2014 және 2013 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Акционердің пайдасына өзгертілмейтін міндеттеме келесі түрде көрсетілген:

- техникалық және медиалық жабдықпен теле-радиокешен ғимаратын жабдықтау бойынша 28,238,638 мың теңге сомасына (2013 ж.: 28,238,638 мың теңге) міндеттеме. Міндеттеме 2015 ж. ішінде орындалады деп күтілетіндіктен, ағымдағы міндеттеме ретінде есепке алынды (13-Ескертпе);
- (b) көпфункционалды мұз сарайын салу бойынша 48,601,265 мың теңге сомасына (2013 ж.: 25,010,252 мың теңге) міндеттеме. Міндеттеме 2016 ж. орындалады деп күтілетіндіктен, ұзақмерзімді міндеттеме ретінде есепке алынды (13-Ескертпе);
- (c) әлеуметтік объектілерді Маңғыстау облысының әкімдігіне тегін беру бойынша 247,276 мың теңге сомасына (2013 ж.: 965,450 мың теңге) міндетте-

ме. Міндеттеме 2015 ж. ішінде орындалады деп күтілетіндіктен, ағымдағы міндеттеме ретінде есепке алынды (13-Ескертпе); және

- Астана қаласында балабақша құрылысы бойынша 750,000 мың теңге сомасына (2013 ж.: нөл теңге) міндеттеме. Міндеттеме 2015 ж. ішінде орындалады деп күтілетіндіктен, ағымдағы міндеттеме ретінде есепке алынды (13-Ескертпе).

2014 және 2013 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ пайдаланылмаған күндер және күндегі орта еңбекақымен өлшеу негізінде есептелген пайдаланылмаған демалыстар жөніндегі резервті есептеді.

2014 және 2013 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша еңбекақы бойынша ағымдағы берешек және басқа да ағымдық міндеттемелер негізінен теңгемен берілген.

27. БАСҚА ДА ТАБЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде басқа да табыстар мынаны қамтыды:

	2014 ж.	2013 ж.
Тауар сату мен өзге де қызмет көрсетуден түскен табыс	30,701,022	27,338,322
Алынған айыппұлдар	5,278,256	2,629,859
	<u>35,979,278</u>	<u>29,968,181</u>

Тауарларды сатудан және қызметтер көрсетуден түскен табыстар негізінен тиеу мен босату қызметтерінен, кемелерге қызмет көрсетуден, материалдар мен металл сынықтарын сатудан, байланыс қызметтерін көрсетуден түскен табыстан тұрады.

Алынған айыппұлдар негізінен жүктерді тағайындалу станцияларынан уақтылы шығармаумен байланысты және шаруашылық келісімдердің бұзылу салдары бойынша айыппұлдардан тұратын табыстардан жинақталған.

28. ӨТКІЗУДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде өткізудің өзіндік құны мынаны қамтыды:

	2014 ж.	2013 ж.
Қысқамерзімді резервті қосқандағы қызметкерлерге кеткен шығын	235,077,585	214,446,661
Отын мен жанар-жағармай материалдары	97,460,852	88,227,154
Тозу мен амортизация	96,796,563	85,755,310
Өндірістік сипаттағы жұмыс пен қызмет түрлері	53,508,972	44,220,418
Материалдар мен қорлар	49,473,025	61,168,408
Электр энергиясы	41,104,494	32,232,180
Жөндеу мен қызмет көрсету	35,048,885	28,034,879
Иссапар шығындары	3,060,329	3,511,985
Еңбек қызметі аяқталған соң қызметкерлерге сыйақы беру шығындары/(шығындарды қалпына келтіру) (22-Ескертпе)	2,749,703	(1,106,104)
Коммуналдық шығындар мен ғимараттарға қызмет көрсету	2,066,274	2,138,849
Сактандыру	2,008,645	1,610,126
Сыртқы ұйымдардың теміржол тарифтері	1,925,080	5,716,746
Байланыс қызметі	1,672,696	1,087,234
Операциялық жал	1,615,567	1,406,116

	2014 г.	2013 г.
Қызметкерлерді оқыту	963,929	980,637
Көлік қызметтері	888,389	624,882
Байланыс арналарын жалға алу	431,954	223,507
Күзет қызметі	292,200	300,022
Салық	161,996	209,793
Өсімпұлдар мен айыппұлдар	3,379	204,569
Басқа	7,862,336	4,440,047
	<u>634,172,853</u>	<u>575,433,419</u>

31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде қысқамерзімді резервтерді қоса алғанда, жұмсалатын шығындар мыналарды қамтыды:

	2014 ж.	2013 ж.
Қызметкерлерге кеткен шығын	210,109,183	195,398,451
Әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар және міндетті кәсіби зейнетақылық жарналар	24,105,883	18,629,341
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв есептеу шығындары	862,519	418,869
	<u>235,077,585</u>	<u>214,446,661</u>

29. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫНДАР

31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішіндегі жалпы және әкімшілік шығындар мыналарды қамтыды:

	2014 ж.	2013 ж.
Қысқамерзімді резервті қосқандағы қызметкерлерге кеткен шығын	32,924,520	33,164,979
Мүлік салығы және өзге де салықтар	21,943,563	22,853,511
Тозу мен амортизация	4,095,306	3,893,382
Қайырымдылық пен демеушілік көмек	3,758,595	9,187,271
Күмәнді қарыз бойынша резерв (9, 11, 15-Ескертпелер)	3,839,239	1,568,325
Консультациялық, аудиторлық және заң қызметтері	2,723,400	1,805,217
Мерекелік және мәдени-бұқаралық шаралар өткізу шығындары	1,581,485	1,297,372
Кәсіби қызмет	1,298,219	1,655,492
Иссапар және өкілдік шығындар	1,221,881	1,497,914
Жарнама	1,101,013	1,024,712
Коммуналдық шығындар мен ғимараттарға қызмет көрсету	1,065,943	851,899
Өтелмейтін қосылған құн салығы бойынша резерв (9-Ескертпе)	803,000	3,845,992
Банк қызметтері	817,798	835,733
Материалдар	720,361	786,042
Сыртқы ұйымдардың өзге де қызмет түрлері	715,639	643,404
Кәсіби оқыту мен біліктілікті арттыру шығындары	455,167	785,102
Еңбек қызметі аяқталған соң қызметкерлерге сыйақы беру шығындары/(шығындарды қалпына келтіру) (22-Ескертпе)	363,033	(147,914)
Әлеуметтік сала объектілерін қолдау шығындары	351,744	325,579
Операциялық жал шығындары	250,928	209,715
Жөндеу және қолдау	246,578	322,386
Сактандыру	200,329	160,615
Ескірген тауарлық-материалдық қор бойынша резервті қалпына келтіру (10-Ескертпе)	(16,312)	(233,491)
Сот претензиялары бойынша резервті қалпына келтіру	-	(931,851)
Басқа шығындар	1,882,600	3,215,195
	<u>82,344,029</u>	<u>88,616,581</u>

31 желтоқсанға аяқталған жылдар ішіндегі қысқамерзімді резервтерді коса алғанда жұмсалатын шығындар мыналарды қамтыды:

	2014 ж.	2013 ж.
Қызметкерлерге кеткен шығын	29,863,459	30,317,550
Әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар және міндетті кәсіби зейнетақылық жарналар	2,863,629	2,744,432
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв есептеу шығындары	197,432	102,997
	32,924,520	33,164,979

30. ҚАРЖЫЛЫҚ ТАБЫС

31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішіндегі қаржылық табыс мыналарды қамтыды:

	2014 ж.	2013 ж.
Басқа қаржы активтері, банк салымдары бойынша пайыз және банктердегі ағымдағы шоттардағы ақша қалдықтары бойынша сыйақы түріндегі табыс	5,049,469	4,570,750
Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша ескерілетін туынды қаржы құралдарының әділ құнының өзгеруі (35-Ескертпе)	4,677,996	-
Шығарылған қарыздық бағалы қағаздар бойынша амортизацияланған сыйақылар	156,803	110,108
Басқа қаржылық табыстар	637,096	812,695
	10,521,364	5,493,553

2014 және 2013 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы Топтың қаржылық табысы құрамына сомасы тиісінше 3,274 мың теңге және 1,899 мың теңге болатын байланысты тараптардан инвестициялар мен банктегі салымдар бойынша пайыздар түріндегі қаржылық табысы кірді (39-Ескертпе).

31. ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫНДАР

31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішіндегі қаржылық шығындар мыналарды қамтыды:

	2014 г.	2013 г.
Шығарылған қарыздық бағалық қағаздар бойынша пайыздар бойынша шығындар	26,900,993	22,146,325
Несиелер бойынша пайыздар бойынша шығындар	15,244,560	12,446,732
Қаржылық жал бойынша шығындар	948,918	971,665
Несие және шығарылған қарыздық бағалы қағаздар бойынша дисконт сомасының амортизациясы	3,607,594	1,336,604
	46,702,065	36,901,326

2014 және 2013 жж. 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші Топтың қаржылық шығындары байланысты тараптардан тиісінше 9,495,826 мың теңге және 8,250,933 мың теңге шығындарды құрады (39-Ескертпе).

32. БАҒАМ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫНАН ЗАЛАЛ

2014 ж. 11 ақпанда Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі қазақстандық теңге бағамының АҚШ доллары мен басқа да негізгі валюталарға қатысты белгіленуіне араласуын азайту туралы шешім қабылдады. Нәтижесінде 2014 ж. 13 ақпан күні қазақстандық теңгенің АҚШ долларына шаққандағы

ресми бағамы 184.5 теңгеге дейін, яғни 19%-ға құлады. 2014 ж. іші бағам айырмашылығынан залал негізінен Топтың шығарылған қарыздық бағалы қағаздары мен несиелері бойынша қалыптасты, өйткені көбісі шетел валютасында көрсетілген (19 және 20-Ескертпелер).

33. КОМПАНИЯНЫ САТЫП АЛУ

2014 ж. мамырда Топ «Аймақтық форвардтық логистика» ЖШҚ (бұдан әрі - «АФЛ» ЖШҚ) жарғылық капиталында 90% қатысу үлесін иеленді. «АФЛ» ЖШҚ-ны сатып алу қызмет көрсету нарығын кеңейту мен халықаралық тасымалдарды дамыту, және де Топтың жүк тасымалы операторы ретіндегі табыстарын арттыру мақсатымен жүзеге асырылды. 2014 ж. тамызда Talgo Kazajstan S.L-ге «Тұлпар-Тальго» ЖШС-нің жарғылық капиталының 49.99%-ын сатып алуға құқық беретін опцион мерзімі аяқталғандықтан, Топ «Тұлпар-Тальго» ЖШС-ке бақылау алды (7 және 17-Ескертпелер). «Тұлпар-Тальго» ЖШС Топтың жылдам жолаушы вагондарына деген қажеттілігін қамтамасыз етеді.

20)3 ж. маусымда Топ «М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы» АҚ-ның (бұдан әрі - «ҚазККА» АҚ) жарғылық

капиталындағы 65% қатысу үлесін иемденді. «ҚазККА» АҚ қолда бар және перспективалық технологияларды ескере, теміржол көлігі мен инфрақұрылымның оңтайлы техникалық сипаттамаларын таңдау кезінде технологиялық бағалау мен экспертизаларды жүргізу үшін, және де теміржол көлігі қызметкерлерінің квалификациясын жоғарылату, оқыту және қайта оқыту үшін бизнесті сатып алу жүзеге асырылды.

Бизнесті сатып алу сатып алу әдісін қолданып есептелді.

Егер де «ҚазККА» АҚ-ны сатып алу 2013 ж. 1 қаңтарында жүзеге асырылғанда, 2013 ж. 31 желтоқсанда аяқталатын жыл іші үшін Топтың түсімі 1,658,006 мың теңгеге артық болатын еді.

Сатып алу үшін төленген сома:

	2014 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін «РФЛ» ЖШҚ	2013 ж. 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін «ҚазККА» АҚ
Ақша қаражаты	49	7,496,752
Есептелмеген: бұған дейінгі кезеңде төленген ақша қаражаты	-	(500,000)
Барлығы	49	6,996,752

Сатып алынған компаниялар үшін сатып алу бағасының бөлінуі сатып алынған активтердің, алынған міндеттемелердің әділ құнына негізделген. Таза сатып алынған активтер келесі түрде көрсетілен:

	«Тұлпар-Тальго» ЖШС	«РФЛ» ЖШҚ	2014 ж. 31 желтоқсан-ындағы жиынтық	2013 ж. 31 желтоқсан-ындағы жиынтық «ҚазККА» АҚ
АКТИВТЕР				
Ұзақмерзімді активтер				
Негізгі қаражат	10,240,171	138	10,240,309	11,473,761
Материалдық емес активтер	256,701	-	256,701	7,454
Кейінге қалдырылған салық активтері	-	2,811	2,811	-
Басқа ұзақмерзімді активтер	-	-	-	5,495
Ұзақмерзімді активтер жиынтығы	10,496,872	2,949	10,499,821	11,486,710
Ағымдағы активтер				
Тауарлық-материалдық қор	6,042,405	-	6,042,405	129,592
Сауда дебиторлық берешек	11,121,940	195,373	11,317,313	331,816
Басқа ағымдағы активтер	13,179,270	436	13,179,706	47,473
Ақша қаражаты мен оның баламалары	612,232	44,698	656,930	390,019
Ағымдағы активтер жиынтығы	30,955,847	240,507	31,196,354	898,900

	«Тұлпар-Тальго» ЖШС	«РФЛ» ЖШҚ	2014 ж. 31 желтоқсан-ындағы жиынтық	2013 ж. 31 желтоқсан-ындағы жиынтық «ҚазККА» АҚ
Активтер жиынтығы	41,452,719	243,456	41,696,175	12,385,610
Ағымдағы міндеттемелер				
Несиелердің ағымдағы бөлігі	3,867,730	-	3,867,730	-
Сауда кредиторлық берешек	1,153,290	224,067	1,377,357	11,465
Салық пен өзге де міндетті бюджет төлемдері	130,404	-	130,404	78,369
Басқа ағымдағы міндеттемелер	31,519,202	251	31,519,453	461,386
Міндеттемелер жиынтығы	36,670,626	224,318	36,894,944	551,220
Сатып алынған таза активтер	4,782,093	19,138	4,801,231	11,834,390
Сыйақы сомасы	-	49	49	7,496,752
Плюс: бақыланбайтын үлестер («Тұлпар-Тальго» ЖШС-да 0,001%, «РФЛ» ЖШҚ-да 10% в ЖҚС-т және «ҚазККА» АҚ-да 35%)	30	1,914	1,944	4,142,036
Бұрын Топтың иелігінде болған таза активтердегі үлес	4,042,945	-	-	-
Сатып алынған таза активтердің әділ құнын есептемегенде	(4,782,093)	(19,138)	(4,801,231)	(11,834,390)
Иелік ету үлесін тиімді сатып алу кезіндегі табыс	(739,118)	(17,175)	(756,293)	(195,602)
Сатып алынған еншілес ұйымдар бойынша таза ақшалай төлемдер:				
Ақшалай сыйақы	-	49	49	6,996,752
Сатып алынған ақша қаражаты мен оның баламаларын есептемегенде	(612,232)	(44,698)	(656,930)	(390,019)
Барлығы	(612,232)	(44,649)	(656,881)	6,606,733

Сату күніне активтер мен міндеттемелер келесі түрде көрсетілген:

	«Игілік - РД» ЖШС 2014 ж. 31 мамыр	«Ертіс сервис» ЖШС 2014 ж. 30 қараша	«Қазығұрт Оңтүстік» ЖШС 2014 ж. 30 қараша	Барлығы
Негізгі қаражат	47,694	362,519	403,247	813,460
Материалдық емес активтер	-	696	499	1,195
Кейінге қалдырылған салық активтері	76	-	3,754	3,830
Ағымдағы активтер	47,770	363,215	407,500	818,485
Тауарлық-материалдық қор	-	50,613	16,687	67,300
Сауда дебиторлық берешек	-	130,410	127,694	258,104
Басқа ағымдағы активтер	2,300	6,184	23,519	32,003
Ақша қаражаты мен оның баламалары	16,317	241,521	57,482	315,320
Қысқамерзімді активтер жиынтығы	18,617	428,728	225,382	672,727
Активтер жиынтығы	66,387	791,943	632,882	1,491,212
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелер	-	11,629	-	11,629
Ұзақмерзімді міндеттемелер жиынтығы	-	11,629	-	11,629
Сауда кредиторлық берешек	-	28,158	78,669	106,827
Табыс салығы бойынша міндеттемелер	550	1,334	1,936	3,820
Салық пен өзге де міндетті бюджет төлемдері	435	11,383	1,939	13,757
Басқа ағымдағы міндеттемелер	3,239	26,459	19,210	48,908
Қысқамерзімді міндеттемелер жиынтығы	4,224	67,334	101,754	173,312
Міндеттемелер жиынтығы	4,224	78,963	101,754	184,941
Шығарылған таза активтер	62,163	712,980	531,128	1,306,271

2014 ж. 1 қаңтарынан шығу күніне дейін еншілес ұйымдардың нәтижелері келесі түрде көрсетілген:

	«Игілік - РД» ЖШС 2014 ж. 31 мамыр	«Ертіс сервис» ЖШС 2014 ж. 30 қараша	«Қазығұрт Оңтүстік» ЖШС 2014 ж. 30 қараша	Барлығы
Сатудан түскен табыс	15,625	876,059	762,181	1,653,865
Өзіндік құны	(67)	(747,528)	(717,706)	(1,465,301)
Жалпы және әкімшілік шығындар	(1,818)	(34,472)	(33,505)	(69,795)
Қаржылық табыс	-	782	235	1,017
Басқа пайда/(залал)	-	(2,341)	177	(2,164)
Корпоративті табыс салығы бойынша (шығындар/үнем)	-	2,407	(12,769)	(10,362)
Жалғастырылған қызметтен түскен кезеңдегі пайда (залал)	13,740	94,907	(1,387)	107,260
Кезеңдегі пайда/(залал) және барлық жиынтық табыс(залал)	13,740	94,907	(1,387)	107,260

34. ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ ШЫҒУЫ

2014 ж. 24 қарашада «Қазтеміртранс» АҚ еншілес ұйымы Топ атынан үшінші жаққа қызметтің маңызды түрін көрсетпейтін «Қазығұрт Оңтүстік» ЖШС мен «Ертіс сервис» ЖШС еншілес ұйымдарындағы 100% қатысу үлесін тоқтатылған қызмет компоненті емес ретінде сатты. Нәтижесінде, Топ «Қазығұрт Оңтүстік» ЖШС мен «Ертіс сервис» ЖШС-ке бақылауды жоғалтты.

2014 ж. маусымда «Ремлокомотив» АҚ еншілес ұйымы Топ атынан үшінші жаққа қызметтің маңызды түрін көрсетпейтін «Игілік-РД» ЖШС еншілес ұйымындағы 100% қатысу үлесін тоқтатылған қызмет компоненті емес ретінде сатты. Сату нәтижесінде, Топ «Игілік-РД» ЖШС-гі бақылауды жоғалтты.

Еншілес ұйымдардың шығуынан келген пайда/(залал):

	«Игілік - РД» ЖШС	«Ертіс сервис» ЖШС	«Қазығұрт Оңтүстік» ЖШС	Барлығы
Алынған сыйақы сомасы	463,000	703,857	960,577	2,127,434
Шығарылған таза актив	(62,163)	(712,980)	(531,128)	(1,306,271)
Шығарудан түскен пайда/(залал)	400,837	(9,123)	429,449	821,163

Еншілес ұйымдардың шығуынан ақша қаражатының таза ағымы:

	«Игілік - РД» ЖШС	«Ертіс сервис» ЖШС	«Қазығұрт Оңтүстік» ЖШС	Барлығы
Алынған сыйақы сомасы	463,000	703,857	960,577	2,127,434
Шығарылған ақша қаражаты мен оның баламаларын есептемегенде	(16,317)	(241,521)	(57,482)	(315,320)
Барлығы	446,683	462,336	903,095	1,812,114

35. ТУЫНДЫ ҚАРЖЫ ҚҰРАЛЫ

2014 ж. 29 тамызда Top The Royal Bank of Scotland plc. ұйымымен (Ұлыбритания) швейцар франкінде деноминерленген табыстар мен АҚШ долларында деноминерленген қарыздарды валюталық тәуекелге шалдығудан жартылай хеджирлеу мақсатымен кері-валюталық своп мәмілесін жасасты.

Қарыздарды хеджирлеу Еурооблигациялар бойынша АҚШ долларында деноминерленген жылдық 7.0% мөлшерлемесіндегі және өтеу мезімі 2016 ж. мамырына дейінгі 324,000,000 АҚШ доллары сомасындағы сыйақы мен негізгі қарыздарды төлеуді көрсетеді.

Осы мақсатқа жету үшін, Топ кері-валюталық (АҚШ доллары швейцар франкіне) своп келісімін жасасты, оған сәйкес Top The Royal Bank of Scotland plc. ұйымына швейцар франкінің белгіленген сомасын АҚШ доллары сомасының орнына төлейді. Осы своп бойынша жылдық 6.5% мөлшерлемесі

бойынша АҚШ долларындағы белгіленген ақша ағымдары жоғарыда аталған қарыздарды хеджирлеуге арналған. Осы белгіленген сомаларды швейцар франкінде төлеу швейцар франкінде деноминерленген табыстарға қатысты валюталық тәуекелді табиғи хеджирлеу болып табылады.

2014 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша туынды қаржы құралының әділ құны 25,653,938 АҚШ долларын (4,677,996 мың теңге) құрады және қаржылық табыс құрамында танылды (30-Ескертпе).

36. АКЦИЯҒА ШАҚҚАНДАҒЫ ПАЙДА

Акцияға арналған базалық пайда ретінде акцияға шаққандағы пайда жыл ішіндегі шығарылған қарапайым акциялардың орташа мөлшерленген саны негізінде саналады. Жай акцияның және көбейту әсеріндегі жай акцияның сомасы тең, өйткені көбейту жасалынған жоқ.

	2014 г.	2013 г.
Бас компания Акционеріне тиесілі жыл ішіндегі табыс (мың теңгемен)	30,397,462	115,627,571
Орташа өлшенген қарапайым акциялар саны	491,363,675	491,295,733
Жыл ішіндегі қарапайым акцияға шаққандағы базалық және ажыратылған пайданы есептеуге арналған пайда (мың теңгемен)	62	235

	2014 г.	2013 г.
Бас компания Акционеріне тиесілі жыл ішіндегі жалғастырылған қызметтен түскен табыс (мың теңгемен)	35,899,536	124,857,374
Орташа өлшенген қарапайым акциялар саны	491,363,675	491,295,733
Жыл ішіндегі қарапайым акцияға шаққандағы базалық және ажыратылған пайданы есептеуге арналған жалғастырылған қызметтен түскен пайда (мың теңгемен)	73	254

Қазақстан қор биржасының (KASE) талаптарына сәйкес, Топ бір акцияның баланстық құнын есептеді. Бір акцияның баланстық құны есептік күн жағдайы бойынша айналымдағы жай акциялардың саны негізінде саналған. 2014 және 2013 жж. 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша бір акцияның баланстық құны төменде көрсетілген:

	2014 ж. 31 желтоқсан	2013 ж. 31 желтоқсан
Материалдық емес активтер мен бақыланбайтын үлестерді есептемегендегі таза активтер	1,380,951,130	1,305,540,782
Айналымдағы қарапайым акциялар саны	491,628,019	491,297,819
Бір акцияның баланстық құны, теңгемен	2,809	2,657

37. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ СИПАТТАҒЫ ЖӘНЕ ОПЕРАЦИ-
ЯЛЫҚ ЖАЛ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Инвестициялық сипаттағы міндеттемелер

2014 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың «Жезқазған - Бейнеу» және «Арқалық - Шұбаркөл» теміржол желілерінің құрылысы, Астана қаласындағы көпфункционалды мұз сарайының құрылысы, бастапқы магистральдік көлік байланысы желісін, жүк және жолаушылар электровоздарын, жүк және жолаушылар вагондарын сатып алу және магистральді тепловоздар бойынша жалпы сомасы 555,845,899 мың теңгеге шартты міндеттемелері болды (2013 ж. 31 желтоқсан: 567,979,072 мың теңге). Айтылған сома бірлескен бақылаудағы «Электровоз құрастыру зауыты» ЖШС ұйымынан жолаушы электровоздарын 168,069,016 мың теңге сомада (2013 ж 31 желтоқсан: 215,934,453 мың теңге) 2020 ж. 31 желтоқсанға дейінгі жеткізіліммен, бірлескен ұйым «Локомотив құрастыру зауыты» ЖШС ұйымынан локомотивтерді 80,637,394 мың теңге сомада иемдену міндеттемелерін (2013 ж. 31 желтоқсан: 82,173,533 мың теңге), сонымен қатар «Тұлпар-Тальго» ЖШС-тан жолаушы вагонын иемдену міндеттемелерін 21,138,992 мың теңге сомада 2013 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қамтиды.

Операциялық жал бойынша міндеттемелер

2014 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың 1 жылға дейін өтеу мерзімімен операциялық жал бойынша шартты міндеттемелері 802,308 мың теңгені құрады (2013 ж. 31 желтоқсан: 773,848 мың теңге).

ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Сот талаптары

Топ өзінің шаруашылық қызметіне қатысты, атап айтсақ, мүлктік зиянды қайтару бойынша талаптар сияқты түрлі сот қарауларына қатысады. Топ жеке немесе жиынтық күйінде алынған басым талап арыздардың немесе қаралу сатысындағы мұндай жағдайларды өзінің шоғырландырылған қаржылық жағдай жөніндегі есептілігіне қандай да бір кері әсерін тигізеді, не болмаса қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесіне немесе ақша қаражатының қозғалысына теріс әсерін береді деп санамайды.

2014 ж. Топтың еншілес ұйымы «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ға қатысты Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің шағымымен сот қарауына 2,079,600 мың теңге сомасында асыра төленген қаражатты және шығындарды өтеуге бөлінген субсидиялауға жатпайтын 196,500 мың теңге сомасындағы қаражатты өндіріп алу туралы азаматтық іс қабылданды. Топ резервті есептеген жоқ, өйткені Топтың ойынша, бұл шағым шешіледі деген жоғарғы күтім бар.

Қазақстандық салық салу жүйесімен байланысты шартты міндеттемелер

Түрлі қазақстандық заңнамалық актілер мен нормалар әрдайым анық жазыла бермейді және оларды түсіндіру Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен жергілікті салық органдарының пікіріне байланысты. ►

Жергілікті, аймақтық және республикалық салық органдарының арасындағы пікірлердің сәйкес келмеу жағдайлары да аз емес. Қазақстандық заңдарды, қаулылар мен стандарттарды бұзғандығы үшін берілген және табылған айыппұлдар мен өсімді есептеудің қазіргі кезде бар режимі тым қатал. Сонымен қатар, салық органдарымен қосымша салық салынған кездегі айыппұлдар мен төлемақылардың мөлшері айтарлықтай дәрежеде белгіленген; айыппұлдың мөлшері қосымша салынған салық сомасының 50%-ын құрайды және өсімпұлдың мөлшері уақытында төленбеген салықтың 13.75%-ын құрайды.

2014 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстандық салық салу жүйесімен байланысты шартты міндеттемелер келесілерді қамтыды:

2009 ж. қаңтарынан бастап 2009 ж. желтоқсаны аралығындағы есептік кезең үшін ҚҚС-ты қайтару бойынша салық органдарының жүргізген кешенді салықтық тексерістері барысында 14,161,697 мың теңге көлемінде қайтарылуға ұсынылған және жабдықтаушылардың ыңғайласпа тексеруімен расталмаған ҚҚС сомасы анықталды және 11,145,318 мың теңге сомасында өсімпұл есептелді. 2014 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ резервтерді есептеген жоқ, себебі Топтың ойынша, кедендік жол ведомстволарының қосымша көшірмелерінде белгілердің болуын талап ету қолданыстағы салықтық заңнамаға қайшы келеді және Топ осы есептеулерді сот және мемлекеттік органдарда таласқа салып отыр.

2014 ж. ішінде Топ 2007-2010 жж. кезең бойынша салықтық тексерістердің нәтижесінде 2013 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша есептелген резервке қосымша ретінде корпоративтік табыс салығы бойынша резерв пен өсімпұлды 8,808,379 мың теңге көлемінде есептеді. Топ көрсетілген соманы төледі және салықтық тексеріс нәтижелерін салық органдарында таласқа салып отыр.

2014 ж. ішінде Топ «Транстелеком» АҚ еншілес ұйымы атынан 2007-2011 жж. кезең бойынша жүргізілген кешенді салықтық тексеріс нәтижесінде қалыптастырылған, «Қазақстандық транзиттік телекоммуникациялар» ЖШС-мен бірлескен қызмет туралы жасасқан мәмілемен байланысты 887,955 мың теңге сомасына корпоративтік табыс салығы мен өсімпұлға және 310,671 мың теңге сомасына қосымша құн салығына құрылған резервтерге түзетулер жүргізді. 2014 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 280,535 мың теңге сомасындағы корпоративтік табыс салығының айыпұлы бойынша резерві әкімшілік соттың шешіміне қалдырылды.

Қазақстандық салық салу жүйесіне тән белгісіздік түрінде салық сомасының басым бөлігі, айыппұл жазалау шаралары мен төлемақы өсімінің сомалары 2014 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша есептелінген және қазіргі уақыт бойынша шығындарға жатқызылған сомадан асып кетуі мүмкін. Кез келген қолайсыз бастама, не болмаса арыздар орын алған жағдай болса, кез келген аталмаған талап арыздардың сомасын анықтау мүлдем мүмкін емес.

Сақтандыру

Қазақстанда сақтандыру саласы дамудың бастапқы сатысында, сондықтан басқа да мемлекеттік кәсіпорындар сияқты Топтың жағдайларын ескермегенде, жолаушылардың дене зақымдануынан міндетті сақтандыру, жолаушылардың өлімі мен мүлкіне келген залал немесе өзінің меншігіне залал келу қаупін сақтандыру, активтер мен жабдықтар (инфрақұрылым, жылжымалы құрам мен станцияларды қоса алғанда) және қаржы-шаруашылық қызметінің тоқтау қаупі мен Топ немесе оның қызмстіне байланысты нысандарындағы апатты жағдайлар нәтижесінде қоршаған ортаға немесе үшінші тараптың мүлкінен залал келтіргені үшін берешегі жоқ. Топтың Қазақстандағы коммерциялық сақтандыру компанияларынан сатып алған сақтандыру полистеріне сай міндетті сақтандыру қабаты бар.

БАСҚА МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Кепілдіктер

2012 ж. 17 қыркүйекте Топ пен Еуразиялық Даму Банкі Топтың еншілес ұйымының қатысуымен жасалған бірлескен бақылаудағы «Электровоз құрастыру зауыты» ЖШС ұйымының міндеттемелерін орындау мен 2022 ж. дейін электровоздарды шығару бойынша зауыт құрылысын қаржыландыру мақсатында 2,370,000 мың теңге сомасына №123 Кепілдік келісіміне қол қойды. Кепілдік 2022 ж. несиелік келісім бойынша бірлескен бақылаудағы ұйымның міндеттемелері толық орында, аннан соң 1 жыл өткеннен кейінгі мерзімге дейін жарамды.

2013 ж. 4 шілдеде Компания Ақтөбе каласында рельс арқау зауытын салуды қаржыландыру мақсатында Топтың еншілес ұйымының қатысумен құрылған «Ақтөбе рельс арқау зауыты» ЖШС қауымдасқан ұйымының міндеттемелерінің орындалуын кепілдендіру үшін, «Қазақстан Даму Банкі» АҚ-ның пайдасына 11,609,100 мың теңге сомасындағы 2023 ж. мерзімінс дейінгі №110-АҚ Кепілдігіне қол қойды. 2011 ж. 27 қаңтарда «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ бірлескен ұйымы мен «АТФ Банк» АҚ 2008 ж. 4 тамызда Астана қаласында локомотив жинау зауытын құрастыруға 95,000 тыс. АҚШ долларын

сомасында берілген «АБН AMPO Банк Н.В.» (The Royal Bank of Scotland) несиесін қайта қаржыландыру үшін №K004-2001 банктік Несие бітімін жасасты. Келісімнің шарттарына сәйкес Компания міндеттемелер сомасына 2016 ж. мерзіміне дейін кепілдік береді. 2014 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несиесі бойынша берешек 35,204 мың АҚШ долларын

құрады (6,419,521 мың теңге).

2014 және 2013 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топта жоғарыда көрсетілген кепілдіктермен байланысты қандай да бір міндеттемелер туындаған жоқ.

38. ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАР

Есептік жылдың соңына Топ құрылымы туралы мәлімет төменде көрсетілген;

Еншілес ұйым	Қызмет сипаты	Орналасқан елі	Қатысу үлесі, %	
			2014 ж.	2013 ж.
1. «Қазтеміртранс» АҚ	Жүк вагондарының эксплуатациясы	Қазақстан	100	100
2. «Жолаушылар тасымалы» АҚ	Жолаушылар тасымалы	Қазақстан	100	100
3. «Локомотив» АҚ	Локомотив тартымы қызметтерін көрсету	Қазақстан	100	100
4. «KTZ Express» АҚ	Мультимодальды тасымалдаулар	Қазақстан	100	100
5. «Теміржолсу» АҚ	Коммуналдық қызметтер	Қазақстан	100	100
6. «Ремлокомотив» АҚ	Локомотивтер жөндеу	Қазақстан	100	100
7. «Алматы вагонжөндеу зауыты» АҚ	Вагондар жөндеу	Қазақстан	100	100
8. «Локомотив жөндеу орталығы» АҚ	Локомотивтер жөндеу	Қазақстан	100	100
